- 16 Мотузова Г.В., Безуглова О.С. Экологический мониторинг почв. М.: Академпроект, 2007. 237 с.
- 17 Арифушкина Е.В. Руководство по химическому анализу почв. М.: Изд-во МГУ, 1970. 487 с.
- 18 Практикум по почвоведению / под ред. И.С. Кауричева. М.: Агропромиздат, 1986. 336 с.
- 19 Иллюстрированный определитель растений Казахстана / под ред. В.И. Голоскоков. Алма-Ата: Наука, 1972. Т.2. 572 с.
- 20 Иллюстрированный определитель растений Казахстана / под ред. В.И. Голоскоков. Алма-Ата: Наука, 1969. Т.1. 644 с.

21 Станков Н.З. *Корневая система полевых культур*. – М.: Колос, 1964. – 280 с.

22 Доспехов Б.А. *Методика полевого опыта (с основами статистической обработки результатов исследований)*. – М.: Колос, 1968. – 336 с.

23 Дмитриев Е.А. *Математическая статистика в почвоведении*. – М.: Изд-во МГУ, 1995. – 320 с.

ОЖЖ 911.2:504.61:351

Г.Ә. Абдиқаримова¹, А.Саматқызы²

¹педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент

*²«География» мамандығының 2 курс магистранты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

АГРОӨНЕРКӘСІПТЕ БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚОЛДАН КӨБЕЙТУ ҮШІН ТИІМДІ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына 2017 жылғы 31 қаңтардағы жолдауында «Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің болашағы зор. Көптеген позициялар бойынша біз әлемде ірі аграрлық экспорттық өнім өндірушілердің бірі бола аламыз. Бұл, әсіресе, экологиялық таза тағамдарға қатысты. «Made in Kazakhstan» брэнді сондай өнімдердің эталоны болуға тиіс деген болатын. Жергілікті жердің ауыл шаруашылығының дамуына алғышарттар жасай отырып, тұрғын халықты азық-түлікпен жеткілікті қамтамасыз ету кез келген елдің агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты жолға қоюдың алғашқы қадамдары болып табылады. Сол себепті өмір сүру ортасын жоғары таза өнімдермен және экологиялық азық-түлік нарығымен сапаландыру маңызды болып отыр.

Соңғы кездері Республиканың балық шаруашылығын дамытудың 2007-2015 жылдарға арналған бағдарламасы бұл шаруашылықты жолға қоюды міндеттеді. Бағдарлама мақсаты – тұрғындарды балық өнімдерімен қамтамасыз ету, өнім өндіру, оны өңдеу, ассортименттің молайту күн тәртібіне енеді.

Мәселен Израиль технологиясы балықты мынадай тәсілмен өсіру бойынша жұмыс істейді. Су балығы бар ыдысқа үлкен су айдынынан келіп түседі, онда олардың әрқайсысында механикалық аэратор және балықтарға арналған қорегі бар сүрлем бар. Бұдан кейін, сұйықтық майда торшалары бар барабанды сүзгіге келіп түседі. Алайда уақыт өткен сайын бұл су балықтардың тіршілігінің табиғи нәтижесі болып табылатын аютты қоспалармен аса қанығады. Бұл аютты қоспаларды тазарту үшін ғалымдар су айдынына осы қалдықтармен қоректеніп отырып, суды тазартатын қасиеті бар әр түрлі балдырларды орнатады. Балдырлар өте тез өсіп кетпес үшін тоғанға балдырмен қоректенетін балықты да салады. Сондықтан осы технологияны бізде қажетіне қарай пайдалануға болады.

Қазақстанда 1929 жылдан бастап, зерттеу жүргізіп келе жатқан «Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» құрамында Атырау филиалы жұмыс жасап келеді. Атырау филиалының ғылыми қызметкерлерінің іргелі және қолданбалы зерттеулер нәтижесін қолдана отырып соңғы 30 жылда ғылыми-зерттеу қызмет бағыттарын жүргізіп келеді.

Түйін сөздер: агроөнеркәсіптік кешен, отандық өнім, тауарлы бекіре өсіру, Израиль технологиясы, бекіре аналығы, «Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты», Жайық-Каспий бассейні, «Атырау облысының бекіре өсіру» зауыты

Г.А. Абдикаримова¹, А.Саматкызы²

¹кандидат педагогических наук, доцент

²магистрант 2 курса специальности «География»,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

ЭФФЕКТИВНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ДЛЯ РАЗВИТИЯ РЫБОЛОВСТВА В СЕЛЬСКОМ ХОЗЯЙСТВЕ

Аннотация

В статье Президента Республики Казахстан Нурсултана Назарбаева народу Казахстана от 31 января 2017 года говорится: «Агропромышленный комплекс Казахстана имеет большое будущее. По многим позициям мы можем стать одним из крупнейших экспортеров сельскохозяйственной продукции в мире. Это особенно актуально для экологически чистых блюд. Бренд, изготовленный в Казахстане, должен быть стандартом для таких продуктов. Создание предпосылок для развития местного сельского хозяйства, обеспечение достаточного питания для населения является первым шагом на пути к устойчивому подходу к агропромышленному комплексу любой страны. Именно поэтому важно улучшить условия жизни с помощью высококачественной продукции и экологически чистого продовольственного рынка».

В последнее время программа развития рыбного хозяйства Республики Казахстан на 2007-2015 годы предусматривает создание этого бизнеса. Цель программы – предоставить населению рыбные продукты, продукты, переработку, ассортимент.

Например Израильская технология работает над следующими способами выращивания рыбы. Резервуар для воды поступает из большой чаши для воды, каждая с механическим аэратором и силосом с рыбами для рыб. Затем жидкость попадает в барабанный фильтр с небольшой ячейкой. Однако со временем эта вода богаче добавками азота, что является естественным результатом жизни рыбы. Для очистки этих примесей азота ученые создали различные морские водоросли, которые очищают воду, подавая эти отходы в водоемы. Чтобы избежать быстрого роста водорослей, рыба также питается рыбой. Вот почему мы можем использовать эту технологию по своему усмотрению.

В Казахском научно-исследовательском институте рыбного хозяйства, который проводит исследования в Казахстане с 1929 года, сеть филиал в Атырау. За последние 30 лет он проводит научно-исследовательские и опытно-конструкторские работы, используя результаты фундаментальных и прикладных исследований исследователей в Атырауском филиале.

Ключевые слова: агропромышленный комплекс, отечественное производство, промышленное осетроводство, израильская техника, осетр, Казахский научно-исследовательский рыбохозяйственный институт, Урало-Каспийский бассейн, Атырауский осетровый завод

G.A. Abdikarimova¹, A.Samatkyzy²

¹candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor

²master of 2 course of specialty "Geography",
Kazakh National Pedagogical University named after Abai
c. Almaty, Kazakhstan

EFFECTIVE TECHNOLOGIES FOR THE DEVELOPMENT OF FISHERIES IN AGRICULTURE

Abstract

In the article of the President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev to the people of Kazakhstan dated January 31, 2017 "The agro-industrial complex of Kazakhstan has a great future. In many respects, we can become one of the largest exporters of agricultural products in the world. This is especially true for eco-friendly dishes. A brand manufactured in Kazakhstan should be the standard for such products. The creation of prerequisites for the development of local agriculture, ensuring sufficient food for the population is the first step towards a sustainable approach to the agro-industrial complex of any country. That is why it is important to improve living conditions with the help of high-quality products and an environmentally friendly food market».

Recently, the program for the development of fisheries in the Republic of Kazakhstan for 2007-2015 envisages the creation of this business. The purpose of the program is to provide the population with fish products, products.

processing. assortment. Israeli technology works on the following ways of growing fish. The water tank comes from a large water bowl. each with a mechanical aerator and silage with fish for fish. Then the liquid enters the drum filter with a small cell. However, over time, this water is richer with nitrogen supplements, which is a natural result of fish life. To purify these nitrogen impurities, scientists have created various algae that purify water by feeding these wastes into water bodies. To avoid rapid growth of algae, fish also feed on fish. That's why we can use this technology on our own.

At the Kazakhstan Research Institute of Fisheries, which conducts research in Kazakhstan since 1929, there is a branch in Atyrau. Over the past 30 years, he has been conducting research and development work using the results of fundamental and applied research of researchers in the Atyrau branch.

Keywords: agro-industrial complex, domestic production, industrial sturgeon breeding, Israeli machinery, sturgeon, Kazakh scientific research fishery institute, Ural-Caspian basin, Atyrau sturgeon plant

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына 2017 жылғы 31 қаңтардағы жолдауында «Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің болашағы зор. Көптеген позициялар бойынша біз әлемде ірі аграрлық экспорттық өнім өндірушілердің бірі бола аламыз. Бұл, әсіресе, экологиялық таза тағамдарға катысты. «Made in Kazakhstan» бренді сондай өнімдердің эталоны болуға тиіс. Ауыл шаруашылығын әртараптандырып, 2021 жылға қарай азық-түлік тауары экспортын 40%-ға көбейтуді тапсырамын» – деген болатын [1].

Жергілікті жердің ауыл шаруашылығының дамуына алғышарттар жасай отырып, тұрғын халықты азық-түлікпен жеткілікті қамтамасыз ету кез келген елдің агроөнеркәсіптік кешенін тұрақты жолға қоюдың алғашқы қадамдары болып табылады. Сол себепті өмір сүру ортасын жоғары таза өнімдермен және экологиялық азық-түлік нарығымен сапаландыру маңызды болып отыр. Қол жетімді бағандағы табиғи өнімдер алуға мүмкіндік жасау, отандық өнімдер құнын арттырудың бірден-бір себебі. Қазіргі таңдағы басты назар аударарлық жағдай сатып алатын өнімнің тұтынушыға жақын болуы, қол жетімді бағанын болуы, өнімдер сапасының талапқа сай келгені жөн. Бұл мәселелерден сапалы азық-түлік өндірудің жаңа технологияларын және шикізат қорын пайдалануда ғана нәтиже бермек.

Республиканың балық шаруашылығын дамытудың 2007-2015 жылдарға арналған бағдарламасы бұл шаруашылықты жолға қоюды міндеттеді. Бағдарлама мақсаты – тұрғындарды балық өнімдерімен қамтамасыз ету, өнім өндіру, оны өңдеу, ассортименттің молайту күн тәртібіне енеді [2]. Қазақстандағы тауарлы балықтардың көшін бекіре бастап келеді. Одан кейінгі орынды халықтың сұранысына ие, қолжетімді аксерке, шортан, сазан, көлтабан. Деректер көзіне сүйенсек, кемінде бір адам жылына 14 кг балықпен қамтамасыз етілуі тиіс. Отандық өнімді аулаушылар мен өндірушілер тек аталған өнімнің жартысын ғана қамтамасыз етуге қауқарлы. Сол себепті еліміз сырттан балық импорттап отыр. Атал айтқанда Ресей мен Қытай, Норвегиядан жылына 50 мың т жуық балық және балық өнімдері тасымалданады. Жылына тауарлы балықтың қолдан өсірілген түрінен 700 т экспортқа шығарылады. Сол себепті балық өнімдерін көлемін көбейту мақсатында қазіргі уақытта әртүрлі шетелдік технологиялық әдістерді қолданып келеді.

Мәселен, Израильде бір ғана су қоймасы бар – бұл Кинсра көлі. Жергілікті БАҚ-тың, ғалымдар мен халықтың бар назары соған, әсіресе, аталған су қоймасындағы су деңгейіне аударылған. Осы себепті де Израильде балықтарды көбейту және өсіру үшін тұйық жүйе құрылысы ендірілді. Израиль үкіметі тұйық жүйелі балық фермасын салу үшін қажетті барлық шығындардың 70% дейінгі мөлшерін субсидиялайды, бұл мемлекет тарапынан фермерлерге көрсетілетін елеулі көмек болып табылады [3].

Израиль технологиясы балықты мынадай тәсілмен өсіру бойынша жұмыс істейді. Су балығы бар ыдысқа үлкен су айдынынан келіп түседі, онда олардың әрқайсысында механикалық аэратор және балықтарға арналған қорегі бар сұрлем бар. Бұдан кейін, сұйықтық майда торшалары бар барабанды сүзгіге келіп түседі. Алайда уақыт өткен сайын бұл су балықтардың тіршілігінің табиғи нәтижесі болып табылатын азотты қоспалармен аса қанығады. Бұл азотты қоспаларды тазарту үшін ғалымдар су айдынына осы қалдықтармен қоректенсе отырып, суды тазартатын қасиеті бар әр түрлі балдырларды орнатады. Балдырлар өте тез өсіп кетпес үшін тоғанға балдырмен қоректенетін балықты да салады [3]. Аталған технология су ресурстарын аз қолдана отырып, балық өсіруге мүмкіндік береді.

Бұдан өзге қазіргі уақытта Израиль бекіре өсіру бойынша озық ел қатарында және әлемдегі бекіре нарығындағы негізгі ойыншылардың бірі болып табылады. Сонымен қатар, бекірелерді өсіру инновациялық технологиялар мен жоғары технологиялық жабдықты талап ететін аса күрделі іс. Мұнда да Израиль үкіметі қиындықтан қорықпай, инвестицияны бекіре балықтарын өсіруге арналған жаңа технологиялар мен жабдықтарды шығаруға мамандандырылған бүтіндей бір өндіріске салды. Жаңа технологияларды қолдана отырып, іске қосылған алғашқы балық фермалары бір текше метр суға

шаққанда балық өнімділігін 170 кг дейін арттыруға, бекіре аналығының 15 жас пен 7 жас аралығындағы жыныстық толыққан жасқа дейін жету мерзімін қысқартуға мүмкіндік берді, сонымен қатар оларды бүкіл жыл бойы өсіруге болады.

Ал елімізде Шардарда жылына 2500 тонна балық өнімдерін өндіретін, суростандарттарға сай құрал-жабдықтармен жабдықталған жана балық зауыты биылғы маусым айында толықтай іске қосылды [4]. Мұздатылған және ысталған балық филесін өндіретін зауытта жергілікті тұрғындар жұмыс істеп жатыр. ИСО 9001:2000 сапа стандартымен шығарылып жатқан балық өнімдері алыс және жақын шет мемлекеттерге сатылады екен. Балықтың қылтанағына дейін далада қалдырмай ұқсатып өндеуді жоспарлап отыр. Ендігі балық сүйегінен ұн дайындайтын және кептірілген балық өнімін дайындайтын цехтарды орнатып, іске қосу. Ол кезде, әрине, жұмысшылар саны да артады әрі жергілікті бюджетке түсетін салық мөлшері де көбейеді.

Қазақстанда 1929 жылдан бастап, зерттеу жүргізіп келе жатқан «Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» құрамында Атырау филиалы жұмыс жасап келеді.

Атырау филиалының ғылыми қызметкерлерінің іргелі және қолданбалы зерттеулер нәтижесін қолдана отырып соңғы 30 жылда келесідей ғылыми-зерттеу қызмет бағыттарында шаралар жүргізді:

- Жайық, Қиғаш өзендері және олардың сағаларындағы балықшаруашылықтық сукоймалардың биологиялық және экологиялық процестеріне тұрақты мониторинг жүргізу.
- Балық өсіру срежесіне өзгерістер енгізу және әзірлеу – жануарлар дүниесін пайдалануға шектеулер мен тыйым салуларды белгілеу.
- Жайық-Каспий бассейнінің кәсіптік бөліктерінің балық өнімділігін анықтау өндірісті реттеу және биологиялық ресурстарды пайдалану бойынша ұсыныстар жасау.
- Балық шаруашылығын дамыту жоспары бойынша шаралар ұйымдастыру.
- Жайық өзенінің бекіре балықтарының уылдырық шашу орындарын қалпына келтіру бойынша шаралар ұйымдастыру.
- Бекіре балықтарының уылдырық шашу орындарын паспортизациялау.
- Солтүстік Каспийде тюлендердің саны мен жағдайына ғылыми зерттеулер жүргізілді.
- Ресей, Азербайжан, Иран және Америкалық ғалымдармен бірлескен зерттеулер іске асуда [5].

Бағалы балықты тек шикізат етіп сату арқылы пайда көруге дағдыланғандар балықты қолдан өсіруге де құлықсыздық танытуда. Мемлекет басшысы қойған міндеттің бірі – Каспий бекіресінің табиғи қорын сақтау. Оның баламалы жолы – тауарлы бекірені өсіру. Мұның тиімділігі неде деген сұрақ туындайтыны анық. Алдымен, бекіре тұқымдас балықтардың тұқымын жоғалтпа болсақ, оның өнімін шығару да тоқтайды. Бұл – мемлекет бюджеті үшін орны толмас шығын. Қазіргі экологиялық ахуал бекіренің табиғи өсіміне белгілі бір деңгейде шектеу қояды. Демек, тауарлы бекіре өсіру – табысты, тұрақты, экономикалық тұрғыдан, балық шаруашылығын дамытудың ең тиімді бағыты. Қазақстанның балық шаруашылығын дамытуға ең қолайлысы – Қытайдың тәжірибесіне жүгіну.

Ғалымдар бекіре тұқымдас балықтардың табиғи жолмен көбеюіне ықпал ететін бір әдісті ұсынады. Ол – шабақтарды жасанды жолмен өсіру. Бұл – көптеген шет мемлекеттерде кеңінен қолданылатын әдіс. Рас, Қазақстанда, соның ішінде Атырау облысында осындай екі зауыт бар. Солардың бірі «Атырау облысының бекіре өсіру» зауыты [6].

«Атырау облысының бекіре өсіру» зауыты қазіргі технология негізінде бекіре балықтарын көбейту кезінде әр жылдың 25.03-30.07 аралығында Жайықтан маусымдық уақыт бойынша аталық және аналық балықтарды зауытқа алып келеді. Оларды сыртқы денесін тазалап жауып, зауыттағы арнайы қауыздарға аталық пен аналықты бөлек салады. Балықтардың ішінде пілмай балығы болса, соғұр мен мамырда 00С-180С аралығында туғызады. Ал, шоқыр мен бекірені, мамыр мен шілде айында дайындайды, арнайы баптайды. Қоректік азықтарымен қамтамыз етіп, өзендегі жағдайдай күтім жасайды. Балықтың миынан жасалған және сульфазол ерітіндісі қосылған еске салады. Екпені аталыққа да, аналыққа да салып, 48 сағаттың ішінде арнайы операция залында көбейтеді. Пайда болған уылдырықтарды сумен шайқайды. Өмірге келген аталық уылдырықтардың сперматозоидтарын тексереді. Таза болғанын алып қалады. Жарамды уылдырықтардың аталықтың сперматозоидтары мен аналықтың уылдырығын ауи құрылғысына салып, қайнатады, сол кезде көпіршіктеніп әбден бір-бірімен араласып, ұрықтанады. Одан кейін осетор аппаратына салады. Аппараттың жоғарғы жағында таза су келіп шайып тұрады. Сонымен бірге Жайықтан келген сумен араластырады, себебі судың құрамында тіршілік дамуына жағдай жасайтын барлық қоректік заттар бар. Бұл аппараттағы өнімнің 40-50% өз тіршілігін сақтап қалады. 1-2 күн өткеннен кейін балықтардың алғашқы көзі, құйрығы пайда бола бастайды. Содан кейін ұзақ мерзімді күту орындарына жіберіп, дамуына жағдай жасайды.

1 апта жетілгеннен кейін қауыз бассейндеріне жібереді. Қауыздарға салынғаннан кейін 2 апта тіршілік етеді. Қауыздың температурасы мен оттегін бақылауда ұстайды. Салынған шабақтарды су бүргісі қорегімен күніне 2 мезгіл тамақтандырады. 2 аптадан кейін тоғандарға жіберіп, олардың салмағын, ұзындығын жиі тексеріп отырады. Балықтардың ұзындығы 3-5 мм болса, Жайыққа жібереді. Зауыт Жайыққа жылына 3,5 млн балық жіберіп отырады [7].

Сонын ішінде үлес салмағы жағынан жоғары тұрған балықтардың түрлері бар. Оны төмендегі кестеде түрлі балықтардың түрлерінен соңғы жылдағы шабақ жіберу нәтижелерінде көрсетілген. 2005 және 2015 жылдар аралығында шығарылған балықтардың ішінде шоқыр балығының пайыздық көрсеткішінің жоғары екенін көреміз (кесте - 1).

Кесте-1. Соңғы жылдағы шабақ жіберу нәтижелері

Барлық түрлері	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015	Барлығы	Шығарылған шабақ %
Қорытпа	1920,4	1644,4	2016,0	2918,3	1487,7	-	924,0	503,1	1296,2	-	-	16233,1	19,8
Бекіре	1266,3	2265,0	1393,8	816,6	906,4	2915,3	2100,1	785,0	394,4	601,9	-	13677,8	16,6
Піл май	277,8	1720,4	572,2	828,8	253,3	374,0	-	-	-	314,6	-	4340,9	5,2
Шоқыр	3771,0	2529,6	2266,3	1896,2	4060,6	3472,7	4344,7	6204,0	5361,4	6316,4	3474,0	47239,9	57,6
Сүйрік	-	-	20,1	-	-	-	34,0	358,4	-	-	108,0	520,5	0,63
Барлығы	7235,7	8159,4	6268,4	6459,9	6707,8	6762,0	7402,8	7850,5	7052,0	7232,9	7338,0	82012,4	-

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 <http://mgov.kz/memleket-basshysy-n-nazarbaevty-aza-stan-hal-vna-zholdauy-2017-zhyl-v-31-a-tar/>
- 2 Қазақстан Республикасының балық шаруашылығын дамытудың 2007-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасы. Астана, 2006.
- 3 <http://sharua.kz/ru/pages/show/198>. Балық өсірудің әлемдік тәжірибесі. 24 желтоқсан, 2014 ж.
- 4 Рыбное хозяйство – ключевой фактор «зеленой экономики». Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған «Сейфуллин оқулары-9: жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – 2013. – Т.1., 2 бөлім. – Б.226-228.
- 5 <http://www.kaznirh.kz/index.php/kz/structure/65-atvrau-filialy>
- 6 Қалимова Т. Балық қашан бренд болады?. Айқын газеті. 18 ақпан 2017 жыл.
- 7 «Атырау бекіре балық өсіру» зауытының ақпараттық дереккөздері. – 2015.

ӨОЖ 378.02:37.016

Д.Жолдасбаева¹, Т.О. Увалиев², С.Н. Иркимбаев³

¹ «5В011600 – География» мамандығының 3-ші курс студенті,
Жаратылыстану және география институты, zhdiko@mail.ru

² кеңесші: п.ғ.к., Елтану және туризм кафедрасының доценті,
Жаратылыстану және география институты

³ кеңесші: Қазақстан географиясы және экология кафедрасының доценті,
Жаратылыстану және география институты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ОРМАНДЫ ДАЛА ЖӘНЕ ДАЛА ЗОНАСЫ – ТЫҢ ӨЛКЕСІНІҢ ТЫНЫСЫ МЕН ЫРЫСЫ

Аңдатпа

Мақалада физикалық және әлеуметтік-экономикалық география бойынша алыста өтілетін кешенді зонааралық практиканың орны мен маңызы қарастырылған. Аталмыш практиканың басты шарты, ол – ЖОО

орналасқан аймақтан басқа табиғи-климаттық зона шегінде орналасқан облыстардың аумағында өткізілуі тиіс. Ал біздің қарастыруымызда, Солтүстік Қазақстан аймағындағы табиғи-аумақтық кешендері (ТАК) мен аумақтық-өндіріс кешендерінің (АӨК) нысандарымен жете танысу мақсатында ұйымдастырылды және олардың аумақтық өзгешіліктері зерттелді. Яғни, ТАК бойынша сол жердің табиғи жағдайы мен жаратылыс ресурстарымен, табиғатты пайдалануы мен қорғау, табиғатының антропогендік өзгерістерге ұшырау проблемаларымен таныстық. Ал АӨК мәселесінде, шаруашылық және әлеуметтік-экономикалық салаларының аумақтық орналасу ерекшеліктерін, еңбек ресурстық әлеуетін, елдің жалпы мәдени-әлеуметтік жағдайындағы аймақтың орнын түсініп білдік. Сонымен қатар табиғи және тарихи-мәдени бірегей ескерткіштеріне, өзіндік салт-дәстүр, ұлттық кәсіпшілігінің ерекшелігіне, олардың осы аймақтың болашақтағы дамуындағы маңызына назар аударылды. Бұл мәселелерді қамту арқылы аталмыш аймаққа кешенді физикалық- және экономикалық-географиялық сипаттама беру мен осы практиканың қорытынды есебі барысында, оның өзіндік ерекшеліктері мен басты факторлары анықталып, әрі әлеуметтік-экономикалық дамуының болашақ мүмкіндіктері мен өзекті мәселелері сараланып талданды.

Түйін сөздер: табиғат зонасы, топырақ-өсімдік жамылғысы, табиғат ландшафтысы, тарихи-өлкетану және экономикалық-әлеуметтік нысандар, «Мәдени мұра» бағдарламасы, «Абылай хан резиденциясы» кешені, Мәлік Ғабдуллин мұражайы, Омбы кадет корпусы, Қызылжар оранжерясы, «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі

Д.Жолдасбаева¹, Т.О. Уәлиев², С.Н. Иркимбаев³

*¹студент 3 курса специальности «5В011600 География»,
Институт естествознания и географии*

*²консультант: к.п.н., доцент кафедры Страноведения и туризма,
Институт естествознания и географии*

*³консультант: доцент кафедры географии Казахстана и экология,
Институт естествознания и географии,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

ЛЕСОСТЕПНАЯ И СТЕПНАЯ ЗОНА – БОГАТСТВО И БЛАГО ЦЕЛИННОГО КРАЯ

Аннотация

В статье рассматривается значение дальней межзональной практики по физической и социально-экономической географии. Основным условием организации данной практики является непосредственное знакомство с объектами природно-территориальных комплексов (ПТК) и территориально-производственных комплексов (ТПК) в пределах областей, расположенных в отдаленных от вуза регионах страны, а также изучение их территориальных различий. Нами рассмотрено рациональное использование природных ресурсов и условий, особенностей природных объектов и функционирования природных компонентов в естественных условиях и под влиянием антропогенной деятельности, природопользования и природоохранные проблемы ПТК в Северо-Казахстанском регионе. Также получили представление об особенностях территориальной организации населения, хозяйства, социальной сферы ТПК региона, его природном и людском ресурсном потенциале, освоения территории для расселения и различных аспектов человеческой деятельности. Кроме того, обратили внимание на уникальные природные и историко-культурные достопримечательности, своеобразие обычаев и традиций, народных промыслов и их значение с точки зрения перспективы развития региона. При составлении комплексной физико- и экономико-географической характеристики и в ходе всестороннего обсуждения итогового отчета данной практики выявлены главные факторы, своеобразия, территориальной дифференциации, актуальные проблемы и возможные перспективы региона в социально-экономическом развитии.

Ключевые слова: природная зона, почвенно-растительный покров, природный ландшафт, историко-краеведческие и социально-экономические объекты, программа «Культурное наследие», комплекс «Резиденция Абылай хана», Музей Малика Габдуллина, Омский кадетский корпус, Кызылжарская оранжеря, Государственный национальный природный парк «Бурабай»

D.Zholdasbaeva¹, T.O. Uvaliyev², S.N. Irkitbayev³

¹3 year student of the specialty "5B011600 Geography"

*²consultant: c.p.s., associate professor of
the department of regional geography and tourism*

*³consultant: associate professor of the department of Geography
of Kazakhstan and Ecology, Institute of Natural Science and Geography,
Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
c. Almaty, Kazakhstan*

FOREST-STEPPE AND STEPPE ZONE – THE WEALTH AND THE GOOD OF THE VIRGIN LAND

Abstract

The article considers the significance of long-range interzonal practice in physical and socio-economic geography. The main condition for the organization of this practice is a direct acquaintance with the objects of the natural and territorial complexes (PTC) and the territorial production complexes (TPC) within the regions located in the regions remote from the university, as well as the study of their territorial differences. We have considered the rational use of natural resources and conditions, the features of natural objects and the functioning of natural components in natural conditions and under the influence of anthropogenic activity, nature management and environmental problems of the PTC in the North Kazakhstan region. They also got an idea about the peculiarities of the territorial organization of the population, the economy, the social sphere of the region's TPC, its natural and human resource potential, the development of the territory for resettlement and various aspects of human activity. In addition, we drew attention to the unique natural and historical and cultural sights, the peculiarities of customs and traditions, folk crafts and their significance from the perspective of the socio-economic development of the region. When compiling an integrated physical and economic-geographic characteristics and in the course of a comprehensive discussion of the final report of this practice, the main factors, identities, territorial differentiation, actual problems and possible prospects for the region in socio-economic development were revealed.

Keywords: natural zone (native zone), soil-vegetation cover, natural landscape, historical study of local lore and economic-social objects, the program "Cultural Heritage", complex "Abylay Khan Residence", the Malik Gabdullin Museum, Omsk cadet corps, Kyzylzhar greenhouse, "Burabay" state national natural park

«5B011600 – География» және «5B060900 – География» мамандықтарының 2-ші курс студенттері, аталмыш мамандықтардың Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен оның типтік жоспары негізінде және жұмыс оқу жоспарлары мен академиялық (календарь) күнтізбелеріне сәйкес, физикалық және әлеуметтік-экономикалық география бойынша кешенді зонааралық практиканы ағымдағы жылдың маусым айында Солтүстік Қазақстан аймағында өткізді. Бұл практикадан өту кезінде оған қойылатын талаптар мен оның мақсат-міндеттерін орындау (осы аймақтың физикалық-, тарихи-, әлеуметтік-, экономикалық-географиялық жағдайымен танысу; ел мен жер көру, табиғаты мен оның компоненттерін білу; халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын анықтау; мұндағы табиғи және мәдени мұраларын зерделеу; шаруашылық салалары мен олардың даму деңгейлерін салыстыру; жекелеген өңірлерінің транспорттық-географиялық жағдайы мен сыртқы байланыстырын қарастыру; олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарына салыстырмалы сипаттама беру) бағытында өз деңгейінде жұмыстар жүргізілді. Практика барысында атқарылған іс-шаралардың нәтижесі бойынша, «5B011600 – География» мамандығының келесі әрбір мамандандырулары: «География-экология» (старостасы – Д.Жолдасбаева), «География-туризм» (старостасы – М.Исмаилова), «География-экономика негіздері» (старостасы – М.Жамасва), «География-тарих» (старостасы – М.Абдрахманова) мен «5B060900-География» мамандығы (старостасы – Ж.Жаңбырова) оқу топтарының жекелеген есептері дайындалып және фотосуреттердің альбом түріндегі көрмесі ұйымдастырылды, осылардың негізінде оның қорытындылары презентация формасында аталмыш практиканы бітіру жөнінде өткізілген конференцияның барысында талқыланып баяндалды, әрі бұл материалдар жинақталып кафедраларға тапсырылды.

Жаңа маршруттық негіздеме аясында жүргізілген аталмыш практикаға, жоғарыда аталынған оқу топтарының студенттері скі оқытушының (Елтану және туризм кафедрасының доценті, п.ғ.к. – Т.О. Увалиев пен Қазақстан географиясы және экология кафедрасының доценті – С.Н. Ирkitбаев)

жетекшілігімен қатысты. Бұл практиканы ұйымдастыру мен өткізу, жалпы оған дайындық мәселесіне олардың тарапынан көп көңіл бөлінді, оның барлығын бір мақалаға сыйдыру тіптен мүмкін емес. Енді, осы жаңа маршрут бойынша сапарымыздың барысына тоқталсақ, ол «Алматы-Петропавл» бағытымен мамыр айының соңғы күндері жол жүруімізден басталды. Бұл бағыттағы шойынжол үстінде орналасқан көптеген бекеттер, кенттер мен қалалар (Отар, Шу, Ақадыр, Қарағанды, Астана, Щучинск, Көкшетау, Тайынша, т.б.) арқылы өттік. Теміржол бойындағы еліміздің 4 табиғат зонасын кесіп өттік және олардың топырақ-өсімдік жамылғысының, жалпы табиғи жағдайы мен шаруашылық сипатының бір-бірінен айырмашылық жасайтынын байқап көңілге тоқуменен болдық. Петропавл қаласына келген сәтте, М.Қозыбасов атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің (СҚМУ) география-экология кафедрасының оқытушысы осы университеттің арнайы бөлінген автобусымен бізді теміржол вокзалынан күтіп алып, өз оқу орындарының жайлы жатақханасына орналастырды.

Келген бойда біз М.Қозыбасов атындағы СҚМУ-дің құрылымдарымен, оның «жаратылыстану-география» (қазіргі атауы – «жаратылыстану және ауыл шаруашылығы ғылымдары») факультеті және «география-экология» кафедрасымен танысудан бастадық. Мұны ұйымдастырушы, осы университеттің академиялық ұтқырлық жұмыстары бойынша жауапты адамы – Н.Ю. Побежук ханым болды. Ал аталмыш факультеттің деканы – х.ғ.к., доцент И.В. Голодова, ұжымды 2009 жылдан бастап басқаруда екен. Өз кезегінде «жаратылыстану-география» факультеті 1937 жылы Петропавл мұғалімдер институты негізі қаланған сәттен бастап құрылған. Факультет өзінің бай да мазмұнды тарихымен ерекшеленеді. Факультет құрамында болған кафедралар: 1939 ж. – география және жаратылыстану кафедралары; 1955 ж. – география, биология және химия кафедралары; 1961 ж. – физикалық география, экономикалық география, биология, химия кафедралары; 1963 ж. – физикалық география, экономикалық география, зоология, ботаника, химия кафедралары, ауыл шаруашылық негізі, ал соңғысы кейіннен «Ботаника» кафедрасымен біріккен. Қазір құрылымы жаңаша өзгерген факультет құрамындағы «география және экология» кафедрасының (менгерушісі – б.ғ.к., доцент П.С. Дмитрисов) ғылыми-педагогикалық әлеуеті жоғары: 2 – доктор (1 – PhD), профессор; 10 – ғылым кандидаты, доцент және аға оқытушылар; 9 – аға оқытушы мен 7 – оқытушының магистр академиялық дәрежесі бар ұжым екен. Осы кафедрадағы кездесу барысында жетекшіміз – Т.О. Увалиев, еліміздің ЖОО-ның арасында жыл сайын өткізілетін байқауда СҚМУ-дың географ студенттерінің ғылыми жоба жұмыстары әрдайым өзінің жоғары теориялық-әдістемелік деңгейде орындалуы арқылы көзге түсетінін атап өтті. Ол өз сөзінде, биылғы жылы ҚР ЖОО-ның «Білім» мамандықтары бойынша біздің ҚазҰПУ базасында өткен студенттер мен магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының Республикалық конкурсында, осы университеттің «5B011600-География» мамандығының студенті – Гиричев Романның ғылыми жобасының жүлдегер атанғанын рецензент ретінде мысалға келтірді.

Біз сол күні университеттің тарихи мұражайында көптеген жәдігерлермен таныстық, ал ол орналасқан ғимарат осы қаладағы тарих және сәулет ескерткіші болып табылады екен. Ғимарат 2 қабатты, оның бірінші залын – университет атауы берілген М.Қозыбасовтың жеке заттары, құжаттары, еңбектері, қоғамдық қызметі, сонымен қатар қазақ тарихын жазушы ретіндегі және сурет-бейне, т.б. материалдары құрайды. Ал екінші залы – осы оқу орнының тарихына арналған, мұнда оның қалыптасуы кезең-кезеңге бөлініп келініп қамтылған күйде жан-жақты көрсетілген. Үшінші залында – Солтүстік Қазақстан аумағындағы әр түрлі ұлт-ұлыстардың қалыптасуы мен олардың рухани және материалдық мәдениетін сипаттайтын көптеген жәдігерлер көрсетілген. Арнайы көшқұрым біз СҚМУ-дің обсерваториясына бардық, мұнда галактикамыздағы барлық ғаламшарлар мен басқа аспан денелері туралы соны мәліметтер алып, оның жоғарғы қабатында орналасқан телескоптар арқылы жұлдыздарды, Айды, сақиналы Сатурнды, т.б. планеталарды жақыннан көріп білдік. Бұл сәт бізге ұмытылмастай үлкен әсер қалдырды.

Келесі күндерімізде, Петропавл қаласын тереңірек білу мақсатында біздер бірнеше мәдени, тарихи, экономикалық, әлеуметтік, басқа да нысандарды аралап таныстық. Петропавл қаласын – «Республикамыздың солтүстік қақпасы» деп орынды атайды. Қаланың іргесі 1752 жылы, патшалық Ресейдің қазақ жерін отарлау саясатына сәйкес Петр I-нің әскери бекінісі ретінде қаланған. Біз облыстың өткені мен бүгінгі және болашағын тереңірек білу мақсатында қала орталығында орналасқан облыстық тарихи-өлкетану мұражайында болдық. Оны аралап танысу барысында Солтүстік Қазақстан облысы (СҚО) жайлы көптеген мәліметтер жинадық. СҚО – республиканың солтүстік қақпасы болып табылады, ол 1936 жылдың 29 шілдесінде құрылды, бүгінгі шекарасы 1999 жылдың 8 сәуірінде бекітілген. СҚО-ның ауданы 97,99 мың шаршы км-ге тең және республика

аумағының 3,6% құрайды. СҚО-ның аумағы: ҚР – Қостанай, Ақмола облыстарымен және РФ – Қорған, Түмен, Омбы облыстарымен шекараласады. Мұражайдың бірінші залына кіргеннен бастап, СҚО-ның әлеміне енгендей әсер алып, онымен толық танысуға асықтық. Мұражайдың негізі 1924 ж қаланған, жалпы көлемі шамамен 2400 шаршы м. құрайды. Тарихи-өлкетану мұражайы 2 қабаттан және ондағы ежелгі дәуірлерден бергі біздің қазіргі заманымызға дейінгі әртүрлі тарихи кезеңдерге арналған 13 залдан тұрады.



Одан кейін СҚО-ның бейнелеу өнері мұражайында болдық. Ол 1989 жылы ашылған, оның ашылуының негізі тарихи-өлкетану мұражайының бейнелеу өнері бөлімі болған. Мұндағы топтаманың бастауын қазақстандық суретшілер жасаған және 1960-жылдары Алматы қаласының сурет галереясы тарту ретінде сыйға тапсырған сурет, графика, мүсін, т.б. туындылары айтып жеткісіз. Кейін топтама жергілікті суретшілердің суреттері арқылы толықтырылып отырылған. Әсіресе осы қаладағы мұражайлар ішінен «Абылай хан резиденциясы» кешені өте әсерлі болып, көп көңіл-күй сыйлады. Ол мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша қайта қалпына келтірілген екен. Бұл мұражай кешенінде біздер Абылай ханның дүниеге келгенінен бастап, ғұмыр сүрген жылдары мен өмірден озғанға дейінгі кезеңдерде болған оқиғалармен толық танысып шықтық. Мұнда қазақ хандары мен сұлтандарының таралу шежіресін көрдік, оның жанында орналасқан қосалқы нысандар мен Абылай хан ескерткішін тамашалап, суретке түстік.

Осы қаладағы «Қызылжар оранжереясы» атты ботаникалық бақ кешеніндегі жануарлар мен өсімдіктер дүниесі бізді таң қалдырды. Саябақтың оранжереясында өсірілген көптеген тропикалық өсімдіктер алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Мұндағы түрлі мүйістерді аралап және оның зоопаркінде серуендеп, көптеген сүтқоректілер мен құстар түрлерін көріп білдік. Сонымен қатар қаланың бірнеше мәдени-әлеуметтік (театр, парк, спорт, оқу орындары, т.б.) орындарымен таныстық, оның ішінде «Жеңіс» саябағындағы қуғын-сүргін құрбандарын еске алу кешендеріне бардық және 1941-1945 жылдар аралығында СҚО-дан соғысқа қатысқан жауынгерлерге арналған ескерткіш алдындағы алау маңына суретке түстік. Жалпы Петропавл қаласының жоғарыдағы нысандарын аралаған кезде, оның ұлттық сипаттағы жаңарған келбетіне риза боласың, бұл тұрғыда осы облыстың әкімі болып қызмет істеген жылдары Т.А. Мансуровтың көп еңбек сіңіргендігін естіп білдік. Ал біздер, Есіл өзенінің жағалауымен оны жаяу аралаған кезде, көктемде болған осы өзеннің қатты су тасқынынан кейінгі арнасы мен оның жайылмасын көрдік және ондағы қалпына келтіру жұмыстарының басталғанын байқадық.



Біз аталмыш практиканың жоспарына сай, Ақмола облысының аумағындағы табиғат және әлеуметтік-экономикалық нысандарды барып көрдік. Қазір ол – аталмыш облыстың бұрынғы аумағын түгелімен және оған шектесіп жатқан кезіндегі Көкшетау облысының оңтүстігіндегі кейбір аудандарды қамтиды. Орталық бөлігінде Көкшетау қыраты орналасқан. Ең биік жері – Көкше шоқысы (947 м). Көкшетау қаласында тамақ және жеңіл өнеркәсіп, машина жасау, металл өңдеу мекемелері бар. Білім жүйесі саласында 3 жоғары оқу орны, 13 арнайы орта оқу орындары, жалпы білім беретін 38 мектеп жұмыс жасауда. Атап айтсақ осы облыстың орталығы – Көкшетау қаласындағы ең таңдаулы оқу орны Ш.Уәлиханов атындағы мемлекеттік университетінде болып, оның жаратылыстану факультетінің зоология мұражайындағы қызықты жәдігерлермен таныстық. Саралап айтсақ, «Таксидермия» курсының зертханалық сабағы барысында студенттердің өз қолымен жасалған аң-құстардың тұлыптарын, өсімдіктер мен жәндіктердің гербарийлері және коллекцияларымен, басқа да экспонаттармен танысу арқылы мұнда өлкетану бағытындағы жұмыстардың жақсы жолға қойылғанын байқадық.

Көкшетаудағы облыстық тарихи-өлкетану және бейнелеу өнері мұражайларына бардық. Мұнда осы өлкенің ежелгі кезеңнен қазірге дейінгі даму тарихымен және өнер мәдениетімен танысып, мол ақпарат алдық. Әсіресе аса қызығушылық тудырған осындағы М.Ғабдуллин мұражайы болды, оған кірген залда Мәлік атамның ата-тегі көрсетілген шежіре, оның кеуде мүсіні мен атамекені – осы облыстың Зеренді ауданындағы Қойсалған ауылының диорамасы орын алған. Ары қарай ғұмырбаянымен танысу барысында, біздің «қарт ҚазПИ-де» оқыған жылдары мен 1951-1963 жылдар аралығында Абай атындағы ҚазПИ-дің ректоры болып қызмет атқарған кезеңінен өте мол мәліметтер алдық. Ал 5 экспозициялық залдан тұратын бұл музей – академик, жазушы, қоғам қайраткері, Батыр атамның 80-жылдығына орай 1990 жылдардың ортасында ашылыпты. Мұндағы, М.Ғабдуллинге Кеңес Одағының Батыры атағы берілгендігі туралы 1943 жылғы бұйрықтың түпнұсқасы – баға жетпес мұрағат ретінде осы музейде сақтаулы екен.

Ақмола облысының аумағында орналасқан «Бурабай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» аумағына табиғи-рекреациялық нысандарды тамашалап, қайыңды-қарағайлы шоқ ормандарды, олардың ерекшеліктерін өз көзімізбен көріп, көңілге тоқумен болдық. Аталмыш парк – Ақмола облысы аумағында орналасқан, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы бойынша 2000 жылы 12 тамызда құрылған. Бурабай – еліміздегі табиғаты айрықша сирек кездесетін ерекше географиялық орта болып көпшілікке кеңінен танылған өңір. Жергілікті тұрғындар мен оған келуші туристтер парк ландшафтысының ғажайып табиғатына қарап, бұл алқапқа «Қазақстан Швейцариясы» деген теңеу берген. Бұл жерде біз аты аңызға айналған, Бурабай көлінің жағасында орналасқан – Оқжетпес шыңын және Бурабай

көліндегі – Жұмбақтасты көрдік. Табиғаттың осындағы таңғажайып сыйларын тамашалау біздер үшін аса бір оңтайлы сәт болғаны айқын және оның әсем көріністері жадымызда сақталып қалды.



Бурабай табиғи ұлттық паркінің әсерлі табиғи-ландшафтысынан кейінгі шабытты әсермен, келесі бағыт Елордамыз – Астана қаласына тамаша көңіл-күймен жеттік. Мұнда өзінің әсемдігімен ерекшеленетін қаланың сәулет өнер туындылары біздерді тамсандырды. Ең алғашқы көргіміз келген орын Астана қаласының символы – «Бәйтерек» және одан басқа да маңызды нысандар («Хан Шатыр», т.б.) болды. Еліміздің атын әлемге паш етіп танытқан әйгілі – «EXPO-2017» көрмесінің ғимаратын біздер сыртынан ғана тамашаладық. Өйткені оның ашылуына санаулы күндер қалған, осы себепті оған дайындықтың барысын байқап, осы көрменің жанындағы жаңадан ғана ашылған ерекше ғимарат – Mega Silk Way кешенінде болдық, бұл да бізге керемет әсер сыйлады.

Ал сенбі күні біз таң қылаң бере, Ресей Федерациясының (РФ) Омбы қаласына жол тарттық. Жетекші ағайларымыздың айтуынша, еліміз егемендігін алған соңғы ширек ғасырдан астам уақыт ішінде біздің студенттеріміздің аталмыш практика барысында шетелге алғашқы аяқ басулары екен. Соныменен біздер, өз өмірімізде тұңғыш рет Қазақстан-Ресей шекарасындағы кеден қызметінен рұқсат алып РФ-ның Омбы қаласына келдік, әрі ол – Омбы облысының орталығы. Ал осы Омбы қаласындағы бізге қажетті нысандарды көрсетіп таныстыру міндетін Т.О. Увалиев ағайдың өзі атқарды. Өйткені былтыр, Талғат Ошанұлы әкесін еске алу (оның әкесі – Омбыдағы артиллерия училищесін 1939 жылы бітірген соң, өзі әскери қызмет атқарып жүрген дербес арт.полкпен бірге сібірлік әскери құрамалар сапында осы қаладан совет-фин соғысына аттанған екен) құрметіне орай, 2016 жылдың тамыз айының басында Омбы қаласының 300 жылдық мерейтойына қатысыпты. Сол кезде бұл ағайымыз, Омбының мемлекеттік педагогикалық университетінде болып және Петропавлдағы М.Қозыбаев атындағы СҚМУ-мен арада осы практиканы өткізу жайлы келісім-шарт жасасудың жоспарын ойластырыпты.

Тарихтан біз Омбыда қазақтың көптеген көрнекті ғалымдары мен белгілі ағартушылары оқып, білім алғанын жақсы білеміз. Мәселен, мұндағы кадет корпусында біздің көптеген біртуар зиялыларымыз (Ш.Уәлиханов, М.Шорманов, т.б.) білім алып, қызмет жасаған. Сондықтан бұған біз көңіл бөлмей кете алмадық, осы себепті ең алдымен аталған кадет корпусы оқу орнының ғимаратына бардық. Ал Омбыда – Ш.Уәлихановтың атына арнап көше беріліп және ескерткіш орнатылған, ал мұны көру біздер үшін аса үлкен құрмет болды. Бұл жерде РФ-дағы Қазақстанның консулдығы (мұндағы ҚР консулы – Э.А. Қонаев) да орналасыпты, ал оның елшілік құзырына Омбы облысына жақын орналасқан қазақтар мекендейтін РФ-ның оншақты субъектісі кіреді екен. Біздер Шоқан көшесі бойымен серуендей отырып, одан Ертіс өзені жағалауымен, оған Омь (Омбы) өзені құятын

жердегі өзен портына келдік. Ары қарай қаланың орталығын жаяу аралай, Омбы мемлекеттік педагогикалық университетіне (ОМПУ) бардық. Университет (ОМПУ-дің Тара қаласында филиалы, академиялық лицейі мен өз колледжі бар екен) ішін аралап танысу барысында, мұндағы оқу мәселесіне қатысты кейбір мағлұматтарды білдік. Мәселен, РФ-да оқудың 5 жылдық (маман) және 4 жылдық (бакалавриат) оқу түрлері қатар жүретіндігін, күндізгі бөлімге қоса аталған оқу нысандарында, тіптен магистратурада да сырттай оқу бөлімдері барлығын естіп таң қалдық. Өз кезегінде Омбы қаласы, өзінің тұрғылықты халқының саны жағынан да және қаладағы оқу орындарының жалпы мөлшері жөнінен де Алматы қаласымен қарайлас екен. Мұнда шетелдік жастар көп оқитындығын білдік, оның ішінде біздің республикамыздан барып оқып жүрген жастарымыздың үлесі әжептеуір екендігін естідік және осындағы студент-магистранттар арасынан біршама қазақ жастарын көрдік те. Тек қана осы ОМПУ-дің мұғалімдік мамандықтарына берілген грант (жылына федералдық бюджеттен оған 1200-ге жуық орын бөлінуде екен) санының қомақты, ал ақылы бөлімде оқитын студенттері мен магистранттарының оқу төлемақысының көлеміне келсек, бізбенен салыстырғандағы бағамдық мөлшерінің біршама төмен екендігін байқадық.



Біз түс қайта Омбы қаласымен тереңірек танысу мақсатында, мұндағы мемлекеттік тарихи-өлкетану мұражайына бардық. Мұражайдан алған әсерімізді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес, ғимараты өте үлкен екен және барлығы соңғы технологиямен жабдықталған. Мұражайда – байырғы заманда осында ғұмыр сүрген тұрғындарының тұрмыс тіршілігін, жағдайын және мұндағы түрлі ұлт өкілдерінің қоныстарын көріп, табиғат аясындағы сол үйлерде өмір сүріп жатқандай күй кештік. Қару-жарақ асынған VI-IX ғ.ғ. «Түрік жауынгері» мүсіні көрсетілген аса көлемді макетті тамашаладық. Омбының тарихы бейнеленген бөлмені аралап, қаланың қалыптасуы туралы мағлұматтар алдық. Мұнда, Ресей мен Қазақстанның шекаралас өңірлерінің арасындағы қарым-қатынас мәселесі тұрғысындағы мәліметтермен де таныстық. Оның бір залында павлодарлық жерлесіміз Д.П. Багаевтің (1884-1958 жж.) «В объективе – Павлодарское Прииртышье» атты фотокөрмесі жүріп жатыр екен. Ол – Орыс географиялық қоғамының мүше-корреспонденті және Павлодардағы Г.Н. Потанин атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейінің алғашқы директоры болып қызмет істеген белгілі фотограф-өлкетанушы. Дмитрий Поликарпович түсірген суреттерде өткен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ халқының тұрмысы бейнеленген, әсіресе Қазақстанда 1930 жылдардың басында болған аштық кезеңі ешбір боямасыз тарихи шындық тұрғысынан көрсетілген мұнды фотосуреттерді көріп, көңіліміз біршама құлазып қалды. Жалпы біздің бұл мұражайдан алған ақпаратымыз өте мол болды. Одан шыққаннан кейін Омбы қаласын жаяу серуендеп, оның әдемі сәулет өнері туындылары мен ерекше ғимараттарын тамашаладық, мұндағы тарихи орындар мен көркем жерлерде суретке түсіп, керемет эсер алдық. Сонымен қатар Омбыны аралау кезінде, халқының құрамының ала-құлалығын байқадық. Әсіресе оның темір жол желілері, өзен және

автожолдары тораптарының тоғысында орналасқан бекеттерінде, біздің назарымыз мұндағы ет қазақтарының біршама көптігіне ауды. Ал осы жергілікті тұрғындардың кейбірімен ана тілімізде сұхбаттасу барысында, олардың мұнда өздерін мүлдем диаспора ретінде сезінбейтінін естіп, әрі Омбы жерін – өз атақоныстары деп санайтындығына тіптен тәнті болдық.

Атамыз қазақ: «Көп естігеніннен, бір көргенің артық» – деп айтқандай, осылайша қызықты да, әсерлі өткен практикамызды қымай аяқтауымызға тура келді. Петропавл теміржол вокзалына (мұндағы уақыт Мәскеу бойынша, өйткені ол РФ «Оңтүстік Орал теміржолына» қарайды екен) «География және экология» кафедрасының жауапты адамдары шығарып салды. Осы жерде қос университет арасында үш жылдық мерзімге жасалған келісім-шарт нәтижесінде, СҚМУ-дің жайлы жатақханасында тегін жатқанымызды және біздерге аталмыш кафедра тарапынан жетекші-гид берілгендігін ескерте кеткеніміз жөн. Біз орналасқан жатақханада «Серпін-2050» жобасы аясында, еліміздің оңтүстік өңірлерінен келіп СҚМУ-да білім алып жатқан студенттер тұрады екен және олар үшін барлық жағдайлардың жасалғанын көрдік. Мұндағы жатақхана жаңа секциялық үлгіде салынған және оның әрбір секциясында орналасқан 4 бөлменің әрқайсысында 2-4 студенттен жатады екен, сонымен бірге мұнда басқа да тұрмыстық қосалқы (душ, дәретхана, т.б.) құрылғылары бар. Ал осы жатақхананың оқу залында жетекші ағайларымыз күнделікті кешкілік уақытында келесі нысандар бойынша материалдарды зерделеп, өтілген маршруттарды талқылап және біздің күнделіктерімізді тексеріп отырды. Әрі ағайларымыздың назарынан кәсіптік бағдар беру жұмыстары да тыс қалған жоқ, практика барысында олар осы жатақханада тұрушы және басқа да әрбір қаладағы жоғары оқу орындарының студенттерін ҚазҰПУ-дің магистратурасына, ал арнаулы орта оқу орындарының және жалпы білім беруші мектептердің бітіруші түлектерін біздің оқу ордамызда оқуға шақырып жарнамалауменен болды. Жалпы М.Қозыбаев атындағы СҚМУ тарапынан, біздерді мейірманды қарсы алғаны және ақысыз тегін көрсетілген қызметтері (жатақханасымен қатар, университет обсерваториясы мен оның мұражайын, жалпы қаланы аралауға гид-экскурсоводтар мен университеттің автобусын арнайы бөлгені) үшін осы оқу орнының әкімшілігіне алғысымыз шексіз.

Қорыта келгенде, уақыттың аса тарлығына қарамастан біздің Петропавл қаласынан басталып, Омбы, Көкшетау, Бурабай, Астана қалаларымен жалғасқан бір апталық (ағайлардың айтуы бойынша, бұрындары осы практиканы өтуге бір ай мерзім берілген екен және ол – Қазақстаннан тыс жерлерде, сол кездегі Кеңестер Одағының басқа республикаларының аумағында өткізіліпті) сапарымыз сәтті де, әрі мәнді болды. Осы кешенді практиканың нәтижесінде біз, еліміздің теріскей бөлігінің әсем табиғатымен, халқының кәсіби дағдысымен және оның шаруашылық сипатымен, тарихи-мәдени орталықтарымен және әлеуметтік-экономикалық жағдайымен таныстық. Республикамыздың солтүстік аймағының қалалық елді мекендері көше-аула тазалықтарымен, ал қаратопырақты тың өлкесі өзіне ғана тән көз тартар табиғатымен ерекшеленеді екен. Біздің елімізде жаратылыс сыйлаған кереметтей сұлу жерлер өте көп, сондықтан осындай әсем табиғатымызды бағалап және оны аялап қорғай білуіміз керек. Жалпы бұл практиканың географ-студенттерге берері мол, осы бір аз уақыт аралығында біздердің теория жүзінде алған ілімдерімізді өз көзімізбен көру арқылы тәжірибелік тұрғыдағы білім нәрімен сусындатты және рухани танымдық тұрғыда санамызға сіңірген қажетті мәліметтер жадымызда жатталып қалды.

До заветной встречи нужно пройти расстояние примерно в 20 сантиметров, что займет несколько часов. На пути спермиев попадется немало преград, преодолевая которые, большинство хвостатых погибнет. До цели дойдут самые выносливые сперматозоиды. Чтобы оплодотворение состоялось, в матку должны проникнуть не менее 10 миллионов, которые будут помогать прокладывать друг другу путь. До финиша дойдут всего несколько тысяч, а попадет внутрь только один из них. Не обязательно самый сильный, скорее везунчик, который окажется ближе всех к норке-входу, над рытьем которой трудились все, чтобы пробить защитную оболочку яйцеклетки.

Как только сперматозоид оказывается внутри яйцеклетки, происходит их слияние, т.е. оплодотворение. Теперь это уже не спермий и яйцеклетка по отдельности, а единая клетка – зигота. Вскоре она начнет свое первое деление, образуя две клетки. Затем произойдет их дальнейшее деление на четыре, восемь клеток и т.д. Постепенно делящиеся клетки превратятся в эмбрион, который фаллопиевые трубы, сокращаясь, будут проталкивать по направлению к матке. Ему нужно поскорее покинуть это место, т.к. если он задержится, то произойдет имплантация прямо в яйцеводе, что приведет к внематочной беременности. Примерно на пятый-шестой день эмбрион достигает цели: он попадет в матку, где пару дней будет находиться в свободном плавании, выискивая место, куда бы прикрепиться. Имплантация эмбриона происходит в среднем на седьмой-десятый день после оплодотворения, иногда чуть раньше или позже. Найдя удобное место, он будет почти двое суток, как буравчик, вгрызаться в пышный эндометрий, чтобы прочнее закрепиться. Погружаясь вглубь, он задевает кровеносные сосуды, расположенные в стенке матки, поэтому на месте имплантации происходят небольшие кровоизлияния. В это время женщина может заметить у себя незначительные кровянистые выделения, которые называют имплантационным кровотечением и относят к ранним симптомам беременности. Имплантировавшийся зародыш начинает выделять в кровь матери ХГЧ-гормон беременности, на который реагируют тесты на беременность. Поэтому через дней десять после овуляции, можно попробовать замочить первый тест. В случае подтверждения беременности и удачного ее развития, эмбрион продолжит свой рост и формирование, и через 9 месяцев на свет появится новый человек [2].

Термин «алкогольная беременность» был введен во время проведения масштабных исследований, целью которых было выяснить влияние алкоголя на процессы вынашивания детей и на их дальнейшее развитие. Исследования проводились в 20 странах мира в середине 1970-х гг. На первых этапах этих исследований было выявлено, что около 75% всех выкидышей (как на ранних, так и на поздних сроках) и рождения недоношенных детей являлись последствием именно «алкогольных беременностей», т.е. женщины в период вынашивания ребенка употребляли алкоголь. В самых тяжелых случаях употребление алкоголя приводит к развитию алкогольного синдрома плода («фетальный алкогольный синдром»). Алкогольный синдром плода представляет собой совокупность патологий плода, которые вызваны пагубным действием алкоголя и продуктов его распада на плод в период его развития. Степень выраженности этих патологических изменений находится в непосредственной зависимости от длительности и количества употребляемого алкоголя, от его качества, а также от индивидуальных особенностей конкретного организма (как женщины, так и плода). Главным звеном в развитии клинических проявлений алкогольного плодного синдрома является резкое увеличение концентрации специфической аминокислоты – гомоцистеина – в крови одновременно с уменьшением концентрации фолиевой кислоты [3].

**Исследование статистических данных врождённых заболеваний
и детей с диагнозом алкоголизм, алкогольные психозы в РК**

Таблица-1. Статистика врождённых заболеваний детей, включающая детей, рождённых от родителей, страдающих алкоголизмом

Заболевание	2008 г.	2009 г.	2010 г.	2011 г.	2012 г.	2013 г.
Врожденные аномалии (пороки развития), деформации и хромосомные нарушения, связанные с алкоголизмом родителей	96608	94964	95112	96613	96832	97256

Алкоголь – вредный фактор, влияющий не только на состав и жизнеспособность сперматозоидов и яйцеклеток, но и в целом на процесс оплодотворения [3].

Поскольку процесс созревания сперматозоидов продолжается около 3 месяцев, логично предположить, что в зачатии участвуют «старые клетки», не испорченные алкоголем. Однако последние исследования канадских врачей подтвердили противоположную точку зрения. Было выявлено, что алкоголь практически мгновенно действует на сперматическую жидкость, которая поддерживает жизнеспособность сперматозоидов. В норме в сперме здоровых непьющих мужчин содержится до 25% патологических сперматозоидов (показатели нормальной спермограммы), но их шансы участвовать в зачатии намного ниже, чем у здоровых половых клеток. Однако после приема алкоголя шансы здоровых и патологических клеток практически уравниваются. Результат этого может быть плачевным: яйцеклетка оплодотворяется дефектным сперматозоидом, и ребенок рождается с различными отклонениями, обусловленными генетическими дефектами. Последние исследования показали, что содержание алкоголя в сперме соответствует содержанию алкоголя в крови. А алкоголь может вызвать нарушения хромосомного состава сперматозоидов.

Созревание яйцеклетки в организме женщины происходит каждый месяц, на этот процесс могут оказывать влияние различные факторы, в том числе и алкоголь. Однако в предимплантационный период уродства не возникают. Иначе говоря, выпитый матерью алкоголь в период от начала последней менструации до зачатия вряд ли повредит ее будущему ребенку. А вот алкоголь, выпитый мужчиной за 2-3 месяца до зачатия и, особенно в день зачатия, пагубно сказывается на физическом и психическом здоровье его потомства, поскольку именно этот период необходим для созревания сперматозоидов [4].

Широко распространенное мнение, что алкоголь может повредить зародышу только тогда, когда уже сформировались пуповина и плацента, совершенно ошибочно. Через десять-четырнадцать дней после того, как оплодотворенная яйцеклетка по яйцеводу перешла в матку, она приживается в матке. На данном этапе еще нет связи через пуповину между кровообращениями матери и ребенка. Несмотря на это, к зародышу поступает материнская кровь, в том числе через желточный пузырь. Если через желудок и тонкий кишечник алкоголь попадет в кровь матери, он может достичь зародыша и нарушить деление клеток [5].

Повреждающее действие на плод оказывает как сам спирт, так и продукты его распада, например ацетальдегид. Этанол приводит к спазму сосудов плаценты и пуповины, ухудшая доставку к плоду кислорода и питательных веществ. Ацетальдегид пагубно воздействует на клетки зародыша, приводит к изменению генетического материала, что является причиной различных уродств. Алкоголь нарушает обмен витаминов, гормонов в тканях и органах плода. Особенно чувствительна к нему центральная нервная система, что впоследствии является причиной интеллектуальных и поведенческих нарушений у ребенка. Употребление алкоголя женщиной во время беременности значительно повышает риск не вынашивания, рождения маловесных детей, а в наиболее тяжелых случаях способствует развитию фетального алкогольного синдрома. Этот синдром связан с внутриутробным алкогольным повреждением и характеризуется специфическими аномалиями лица, отставанием в физическом и умственном развитии, поведенческими отклонениями, поражением сердца, мочеполовой системы и других органов. К сожалению, последствия внутриутробного поражения плода необратимы и практически не поддаются лечению.

Первоначально исследовалось влияние алкоголя на куриные эмбрионы. В ходе проводимых исследований многие эмбрионы погибали под действием спиртовых паров и отмечался высокий процент врожденных аномалий строения [6].

К проявлениям алкогольного синдрома плода относят:

1) разнообразные патологии центральной нервной системы, такие как микроцефалия – уменьшение размеров головного мозга, частичное незаращение канала спинного мозга, интеллектуальная неполноценность и пр.;

2) недоношенность – сниженные массы тела и рост плода при рождении, неполноценность дыхательной системы, недоразвитие жизненно важных органов и пр.;

3) патологии строения челюстно-лицевого отдела: неполноценное развитие спинки носа, скуловой дуги, нижней челюсти, уменьшение размеров верхней губы, сужение глазных щелей и пр.;

4) недоразвитие внутренних органов и наружных половых органов: гермафродитизм, сращение малых половых губ, заращение девственной плевы, гипертрофия малых половых губ, аномальные соски – запавшие или добавочные рудиментарные и пр.;

5) аномалии строения костей и суставов;

6) задержка умственного развития ребенка, снижение интеллектуальных способностей и нарушение социальной адаптации ребенка: этим детям не свойственны такие чувства, как сострадание, благодарность, привязанность, чаще всего они жестоки и нелюдими;

7) дефекты речи, неврозы до 3-5 лет. Дети не могут научиться ходить и передвигаются лишь на четвереньках [7].

На степень выраженности тех или иных проявлений алкогольного синдрома плода оказывает влияние частота приема алкоголя во время беременности и количество выпитого, а также наличие еще каких-либо вредных привычек вдобавок к употреблению спиртных напитков (например, курения или наркомании). В большинстве случаев алкоголизм сопровождается низким уровнем жизни, представляя собой, таким образом, комплексную проблему, так как алкоголизм – не только болезнь, но и зачастую, к сожалению, образ жизни.

Обобщая всё вышесказанное, можно сделать определенные выводы:

- употребление матерью алкоголя до зачатия и в первую неделю после него в большинстве случаев не влияет на здоровье будущего ребенка;

- после наступления беременности (с момента, когда оплодотворенная яйцеклетка внедрилась в слизистую оболочку матки) даже небольшое количество употребленного женщиной алкоголя может оказаться роковым для ее будущего ребенка. Токсическая доза алкоголя в каждом случае индивидуальна;

- алкоголь, выпитый мужчиной за 2-3 месяца до зачатия и в день зачатия, пагубно сказывается на физическом и особенно психическом здоровье его потомства.

Мозг и центральная нервная система еще не родившегося ребенка очень чувствительны и могут быть повреждены на любых сроках беременности. Особенно опасен спирт для клеток нервной системы плода. Если он воздействует на малыша в утробе регулярно, структуры его мозга нарушаются, он сам отстает в развитии. Первый триместр, когда закладываются и формируются все органы и системы, очевидно, самый уязвимый период, в течение которого могут развиваться отклонения от нормы. Алкоголь может поражать растущую клетку, уменьшать их общее количество и нарушать взаимодействие между ними по мере их размножения, влияя на ход развития частей плода, формирующихся в момент вредного воздействия. Ранняя потеря клеток у развивающегося плода ведет к общей задержке роста и низкой массе плода при рождении. Во втором триместре высок риск выкидышей. Алкогольные расстройства плода на этом этапе чаще связаны с периодами злоупотребления, частого и неконтролируемого приема алкоголя. В третьем триместре обычно наблюдается быстрый рост плода, который может быть задержан под влиянием алкоголя. Спирт из любых алкогольных напитков, принятых во время беременности, свободно проникает и в кровь малыша. Алкоголь нарушает функции плаценты. Спирт сужает ее сосуды, возникают микрокровоизлияния, образуются тромбы и наступает преждевременное старение плаценты. Токсические вещества, выделяемые при переработке алкоголя, могут влиять на генетическую информацию клеток малыша, нарушая ее правильное копирование и нормальное развитие органов.

Алкогольный синдром плода объединяет различные как по сочетанию, так и по степени выраженности отклонения в психофизическом развитии ребенка, причиной которых является злоупотребление женщиной алкоголем до и во время беременности. В основе этиологии и патогенеза лежит токсическое действие алкоголя и продуктов его распада на организм ребенка. Этому способствуют легкая проходимость алкоголя через плаценту.

Алкоголь свободно проникает в материнское молоко. Концентрация алкоголя в материнском молоке

достигает максимального уровня примерно через полчаса после его употребления натощак или через час в случае употребления алкоголя вместе с пищей. Обезвреживание алкоголя происходит в печени. Скорость обезвреживания алкоголя зависит, главным образом, от веса человека и крепкости напитка.

Изучая статистику по врожденным аномалиям, в том числе связанных с алкоголизмом родителей, по заболеваниям алкоголизм и алкогольные психозы, и проведя анкетирование беременных по отношению ими к алкоголю, мы выяснили, что нет какой-либо тенденции по количеству врожденных аномалий, в том числе и связанных с алкоголизмом родителей, как в худшую, так и в лучшую сторону. Что за последние пять лет число детей с алкоголизмом и алкогольными психозами снизилось на 80%. По анализу анкетных данных видно, что женщины понимают проблему пристрастия к алкоголю во время беременности.

Список использованной литературы:

- 1 Коровина И.А., Подзолкова Н.М., Захарова И.И. Особенности питания женщин и беременных во время лактации. Пособие для врачей. 2008. – 63 с.
- 2 Дуда В.И. Акушерство: учебник. Минск: РИПО, 2013. – 576 с.
- 3 Протопоп Д.О., Ачлиз М.А., Луфт Е.В., Петрова С.Ю. Влияние алкоголя на плод и новорожденного. <https://www.scienceforum.ru/2015/1345/7874>
- 4 Спиржасков А.И. и др. Учебная литература для студентов медицинских вузов. Под ред. Г.М. Савельевой. М.: Медицина, 2000. – 816 с.
- 5 Славянова И.К. Сестринское дело в акушерстве и гинекологии: учеб. пособие. – 6-е изд., доп. и перераб. – Ростов н/Д: Феникс, 2010. – 395 с.
- 6 Алкоголизм – семейная болезнь. – М.: Издательство «Опора», 1999. – 350 с.
- 7 Слотник Р. Тератогенные факторы и основные пороки развития. – М.: Хорошая книга, 2001. – 576 с.
- 8 Оплодотворение – что это такое. <http://zhenskoe-mnenie.ru/themes/maternity/fertilization-is-what-it-is-and-how-the-process-artificial-insemination/>
- 9 Влияние алкоголя на плод. <http://www.eurolab.ua/pregnancy/3839/33508>. <http://vsegdazdorov.net/story/vliyanie-alkogolya-na-plod>

ООЖ 613.84:303(574:51)

З.С. Конофеева¹

*¹«Анатомия, физиология, зоология, және тіршілік қауіпсіздігі»
кафедрасының аға оқытушысы, konofeeva.zethan@mail.ru
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРЫП ТӘРБИЕЛЕУ

Аннотация

Бұл мақалада өскелең ұрпақтың бойында салауатты өмір сүру дағдысын қалыптастырудың ерекшеліктері баяндалады. Қазіргі кезеңдегі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында орын алып отырған қиындықтарға қарамастан, салауатты өмір сүрудің мемлекеттік жүйесі түпкілікті, жалпы азаматтық рухани байлықтарға негізделеді. Қоғам өзгерген сайын тәрбие мазмұны да өзгеріп, оны ұйымдастырудың формалары мен әдістері де сан алуан болып отыр. Тәрбие жұмыстары этикалық тақырыптарда өмірге, сібекеке баулу, салауатты өмір салтын қалыптастыру мамандыққа дайындау, экономикалық және экологиялық тәрбие, интеллектуалды дамуын қамтамасыз ететін бағыттарда ұйымдастырылып келеді.

Түйін сөздер: тәрбие, дағды, салауатты өмір сүру, сынып, интеллектуал. ұстаз, оқушы, сібек. оқу

З.С. Конофеева¹

*¹старший преподаватель, konofeeva.zethan@mail.ru
Казахский Национальный университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

ВОСПИТАНИЕ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ У МЛАДШЕГО ПОКОЛЕНИЯ

Аннотация

В статье представлены особенности формирования среди учащихся навыков по ведению здорового образа жизни. Представленные научные теории и опыт можно использовать в обновлении системы внеклассной

воспитательной работы с учащимися начиная с начальных классов. С изменением общества меняется и содержание воспитания. формы и методы ее организации становятся более обширны и разнообразны. Невозможно пересчитать формы и методы организации внеклассной воспитательной работы, представленной до настоящего момента. Воспитательная работа организована в направлении обеспечения интеллектуального развития, экономического и экологического воспитания, подготовки к специальности с формированием навыков по ведению здорового образа жизни, приучением к труду и реальной жизни в соответствии с этическими темами и нормами.

Ключевые слова: воспитание, форма, привычка, здоровый образ жизни, класс, интеллектуал, учитель, школа, ученик, труд, обучение

Z.S. Konafeeva¹

*¹Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

EDUCATING THE YOUNGER GENERATION OF HEALTHY LIFESTYLE

Abstract

Features of formation of skills on keeping a healthy lifestyle among pupils are presented in the article. It is possible to make use of the presented scientific theories and experience in updating of system of out-of-class educational work with pupils since initial classes. With change of society the content of education changes also, forms and methods of its organization become more extensive and various. It is impossible to count forms and methods of the organization of the out-of-school educational work presented until now. Educational work is organized in the direction of ensuring intellectual development, economic and ecological education, and preparation for specialty with formation of skills on keeping a healthy lifestyle, accustoming to work and real life in compliance with ethical subjects and norms.

Keywords: upbringing, form, habit, healthy lifestyle, class, intellectual, teacher, school, pupil, labour, education

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғаннан кейін мемлекеттік саясат халық денсаулығын басты назарда ұстап келеді. Халықтың денсаулығы-қоғамымыздың заманауи талаптарының басты мәселесі болып табылады. Бүгінгі таңда орын алып отырған экономикалық дағдарыс, әлеуметтік мәселелер халық денсаулығына кері әсерін тигізеді. Сондықтан, Қазақстан халқының денсаулық жағдайын көңіл қынжыларлық жағдайда деп бағалауға болады және барлық күш-жігерді халықтың денсаулығын сақтауға жұмылдыру қажет.

Республика Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ бағдарламасында «Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен ел аумағы барлық қазақстандықтардың өмір сүру жағдайларын, денсаулығын, білімі мен мүмкіндіктерін ұдайы жақсартуын», – атап көрсетеді [1].

Тәуелсіз қазақ елі бүгінгі таңда саяси экономикалық, әлеуметтік жағынан өркендетті елдер қатарынан орын алуда. Заман өзгерістеріне сәйкес жалпы орта білім беру жүйесі де жандануда. Жалпы орта білім беру жүйесін қоғам талабына сәйкес қайта құру, оқыту мен тәрбиелеу мазмұнын жаңартуда көптеген жұмыстар жүргізіліп жатыр. Мұндағы алға қойылған басты мақсат болашақта жан-жақты дамыған, білімді, сауатты, өнегелі салауатты тұлға қалыптастыру. Бұл мәселелер Қазақстан Республикасының Конституциясында [2], «Тіл туралы» заңында [3], Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңдарында [4, 44 б.] нақты көрсетілген.

Білім беру сапасы – білім беру мекемелеріндегі білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеу қызметтерінің әр түрлі көрсеткіштерінің жиынтығы. Қазіргі таңда заман талабына сай қоғам итілігіне сенбек стуге деген талпынысы бар зиялы қауым, еліміздің белді азаматтарын дайындау міндеті тұр. Бұл міндетті жүзеге асыруда жоғарғы оқу орындарында білім алып қана қоймай, Бүгінгі заманауи талапқа сай әрі маман, әрі тұлғалық қасиет сапалары жетілген өз отанын қадірлеп, сүйе алатын өзге елдің әдебі, мәдениетін, тарихын құрметтей білетін, патриот ұлт жанды ұрпақ қалыптасуына көмектеседі. Бүкіл адамзатқа ортақ тәрбие талабы – жастарды адам болуға үйрету, адамгершілікке, салауаттылыққа баулу болып табылады.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында болып жатқан демократиялық өзгерістеріне байланысты, қоғамның негізгі шарттарын ескере отырып, жеке тұлғаны қалыптастыру мақсатында білім беру жүйесіне қойылатын талаптар арта түсеуде сол талаптардың бірі болашақ жастарды салауатты өмір сүруге тәрбиелеу және тіршілікке қалыптастыруда әсері бар білім мазмұнын жетілдіру.

Білім неғұрлым тереңдеген сайын тіршілікке бейімделу процесі жүреді. Салауатты өмір сүруге, бейімделуге, орта, табиғат және қоғам әсерлері негіз бола алады. Адам табиғат, қоғам арасындағы

байланысты және оларды үнемі бірлікте дамытынын оқушы жастар салауатты өмір сүрудің білімімен ұштастырады. Олай дейтініміз салауатты өмір сүру білімін жетілдіру барысында оқушы жастардың өмірге деген көз қарасы қалыптасады. Дүниені бір тұтас бірлікте сезініп, қабылдау нәтижесінде оның санасында білім қоры жиналып, ой өрісі кеңейеді.

Қазақстанда соңғы жылдары демографиялық көрсеткіштердің нашарлап, халықтың табиғи өсімі төмендеп, ауру-сырқау мен өлім-жітім көбейде. Бұл, әсіресе, балалар мен жастардың денсаулығына қауіп төндіруде. Аурулар санының өсуі адамның болашағына қауіп төндіріп отырған жағдайда салауаттанудың пайда болуы заңдылық.

Экономикалық ілгерілеу біздің азаматтарымыздың игілігіне өздігінен кепілдік бере алмайды. Гүлденген экономикалық жағдайында-ақ өз денсаулығын дұрыс күтпеуінің және қоршаған ортаның ластануы салдарынан науқас адамдардың саны жылдан-жылға өсіп отырғанын көзге елестету қиын емес. Қоғамымызды құруымызға қарай болашақ жастарымыздың өз өмірінің аяғына дейін сау болуы және оларды қоршаған табиғи ортаның таза болуы үшін, зиянды әдеттерден аулақ болуы үшін күш салу керек.

Ауруды болдырмау және салауатты өмір салтына ынталандыру. Мемлекеттің, бір жағынан, ауруды болдырмау, екінші жағынан салауатты өмір салтына ынталандыру жөніндегі қадамдары халықтың денсаулығына әсер ететін маңызды фактор екенін әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Аурулардың алдын алу дегеніміз таза сумен кенелуі асты пайдалануды, тазарту жүйелерінің болуын, қоршаған ортаны ластайтын және экологияға зиян келтіретін объектілерді қысқартуды, басқа да қауіпті факторларды төмендету жөніндегі осыған ұқсас шараларды білдіреді.

Салауатты өмір салтын ынталандыру әрқайсымыздың дене тәрбиесімен айналысуымызға, дұрыс тамақтануымызға, есірткілерді, темекі мен алкагольді тұтынуды қойып, тазалық пен гигиена шараларын сақтауымызға және т.с.с. бағытталған.

Адамға білім мен тәрбие беру арқылы оның ой сезіміне, мінез-құлқына әсер етуге болады. Ғұлама ойшыл әл-Фараби бабамыз айтқандай, адамдағы үш қабілетті (ерекше жаралған дене құрылысы, жан құмарлығы, ой парасаты) дұрыс жолға қойып тәрбиелеу арқылы дұрыс нәтижеге жетуге мүмкіндік туады [5, 231 б.].

Сондықтан да, салауатты өмір сүруді дұрыс қалыптастыру жаңыда, мектеп қабырғасында басталады да, өмір талабына, ғылыми дамуына орай жалғаса береді.

Адам табиғат пен қоғам арасындағы қатынас пен байланысты ғылыми тұрғыда меңгеру арқылы ғана оған сауатты қатынас жасау мүмкіндігі туады. Адамның болмысы өте күрделі ол биологиялық құбылыс болғандықтан тіршілігін сипаттайды. Адам өз басының әлеуметтік жағдайын қоғамда, қоршаған ортада ғана көрсете алады. Адамның жеке басының дамып, тұлғаға айналуына тек мектеп қабырғасында берілген білім ғана емес, бүкіл оны қоршаған орта әсер етеді. Бала кезінде адамның тұлға ретіндегі қасиеттерінің 70% қаланады, сол себепті дұрыс тәрбие өте қажет.

Балаға әсер ететін оны қоршаған орта: жанұя, ата-ана, мектептегі мектептен тыс қарым – қатынастар және күнделікті көпшілік ақпарат құралдары (радио, теледидар, ғаламтор, газет т.б.). Осылайша қазіргі таңда көпшілік ақпарат құралдары адамның ішкі дүниесіне, мәдениетіне, көзқарасына үлкен әсер етуде.

Бүгінгі білім мазмұнын интеграциялап, оның ғылыми деңгейін көтеру мәселесі қойылып отырған жағдайда оқушы жастардың салауатты өмір сүруге көзқарасы, алатын білімі, деңгейі бүгінгі күн талабына сай деп айту негізсіз болады.

- Оқушы жастардың шығармашылық белсенділігін артырып, өздігінен жұмыс істеу әрекеттерін ұйымдастыруға негіз болатын оқытудың әдіс-тәсілдерін зерттеген жұмыстардың жеткіліксіз болғандығы.

- Бүгінге дейін орта мектептерде салауатты өмір сүру пәні ретінде оқытуға арналған оқу құралдары, бағдарламалардың жоқтығы арнайы оқыту жүйесін жасаудың мүмкіншілігінің болмағандығы.

Адамның адами болмысының қалыптасуы – әл-Фарабидің ғылыми анықтамасында үш бағыттан тұрады. Біріншіден, ерекше жаратылған тұлға, дене құрылысы. Бүгінгі тіршілік тұрғысынан қарайтын болсақ, бұл ең әуелі адамның денсаулығы. Бұған қосымша дәлелдеме қазақ халқының – бірінші байлық денсаулық деген қағидасы бола алады. Бұдан шығатын қорытынды қоғамға ең әуелі дені сау мүшесі керек.

Демек, адамзат қоғамының толыққанды болу үшін ең әуелі денсаулық, тәрбиелік, содан кейін білімділік керек екен.

Бұған дәлел президент Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Республикасының халқына жолдауында: «Біздің жас мемлекетіміз өседі және орнығып нығаяды, онымен бірге балаларымыз бен немерелеріміз

де өсіп жетіледі. Олар өз ұрпағының жауапты және жігерлі әрі жақсы білім алған, денсаулығы мықты өкілдері болады...». Осы мақсатты іске асырудағы біздің стратегиямыз келесі бөліктерден тұрады «аурудың алдын алу және салауатты өмір салтын ынталандыру.» – деп көрсетіп береді [6, 176 б.].

Бүгінгі таңда Республикамызда болып жатқан демократиялық өзгерістерге байланысты, қоғамның негізгі шарттарын ескере отырып, жеке тұлғаны қалыптастыру мақсатында білім беру жүйесіне қойылатын талаптар арта түсуде. Сол талаптардың бірі – оқушы жастарды салауатты өмір салтына қалыптастырып тәрбиелеу және тіршілікке қалыптастыруда әсері бар білім мазмұнын жетілдіру. Оқыту процесінде оқушы жастарды зиянды әдеттердің адам ағзасына тигізетін әсерінің жолдарын айқындау.

Жас ұрпақтың ең жас кезінен дене күштерімен рухани күштері сайма-сай жетіліп шынығып өсетіндей етіп тәрбиелеу ісін қамтамасыз етуді мемлекетіміз аса маңызды міндеттердің бірі деп санайды. Кез келген елдің болашағы оның халқының денсаулығы мен аман-өсендігіне байланысты. Бүгінгі таңда, жаңадан қалыптасып келе жатқан қоғам мүшелерінің денсаулығына мемлекеттік тұрғыдан жауапкершілікпен қарағанды қойып медицина тұрғыда халықты емдеу жүйесін жойып жіберді. Осының салдарынан келіп бүгінгі ұрпақ жаппай ауруда.

Денсаулықтың қадірін әдетте, адам ауырғанда ғана білетіні өкінішті-ақ. Денсаулықтың мықты болуы адамның өзіне де байланысты. Дегенмен оған қоршаған ортаның, жұтқан ауаның, ішкен, жеген тамақтың, судың құрамының лас болуы да айтарлықтай ықпал етеді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне жүгінген болса, адам денсаулығының 40% өзінің өмір сүру дағдысына байланысты болса, 18-20% ғана дәрігерлік-медициналық көмекке тәуелді екен.

Денсаулықтың мықты болуы адамның өзіне байланысты. «Денсаулық – зор байлық» дейді дана халқымыз. Тек ойлап қарасаңыз, денсаулық адам баласына табиғат сыйлаған ең басты байлық. Сау кезімізде сол теңдесі жоқ табиғат сыйының бағасы мен қадірін білмейтініміз өкінішті-ақ.

Ұлттың болмысын сақтайтын болашақтың тұтқасын ұстайтын ұрпақ бүгінгі жастар-ертеңгі ұлттың зиялысы, бүгінгі оқушы- ертең оқушы болатындығын ескерсек, бұлардың денсаулығына қатынасты іс-шаралардың есқашанда сын көтермейтіндігі дәлелдеуді қажет етпейтін сияқты.

Бүгінгі таңда оқушы жастар арасында өте мөте қауіпті дерт көңінен етек жайып бара жатқан есірткіні қолдану, шылым шегу, улы ішімдіктерді қолдану бақылаусыз қалып барады. Бұл жастардың тіршілігіне қарап нашакордан нашакор туады, арақкештен арақкеш туама деп те ойлап қаласын.

Бұрынғы ата-бабаларымыз маскүнемдік, нашакорлық, жезөкшелік, тастанды бата дегендерді заты түгілі, атында естіп көрмесе, бүгінде мұндай сұмдықтардың өршіп бара жатқандығы мазалайды. Мұндай сорақылықтардың алдын алу, болдырмау проблемаларын шешуге ат салысу, қазіргі кезеңде әсіресе педагогтар мен психологтардың тәрбиешілердің алдында тұрған келелі мәселеге айналып отыр.

Болашақ жастардың рухани теріс жолға түсуінің бірі адамзат қоғамы ежелден дәріптеп келген ізгілік – рухани мәдениеттің бастауы болған халықтық педагогика қағидаларының жан-жақпен мектеп өмірінен жүйелі түрде жалғасын таппауынан, қоғамдық сұранысқа ие болмауынан дауға болады. Тәрбиесі жетілген ұрпақты тәрбиелеудің негізі мектеп қабырғасынан басталады. Жастарға салауатты өмір салтының қалыптастыру тәрбиесі жүйесін оқыту мазмұнын дұрыс жолға қою. Халық тәрбиесімен ұштастырудан тұрады. Халықтық тәрбие, ол ұлтпен бірге қалыптасатын бірге дамитын тарихтың көне беті болып есептеледі.

Ұлы ойшыл Аристотель: «Баланы жергеінен бастап барлық жақсы қасиеттерге баулауға және жеті жасқа дейін өзінің отбасында тәрбиелену керек, ең бастысы кішкентайлар үшін олардың дене мүшелерін дұрыс жетілдіру, дұрыс тамақтандыру, шынықтыру керек», – дейді [7, 27 б.].

Адамзаттың дамуына көз жіберсек, әрбір жеке бастың қалыптасып жетілуі олардың топталып халық болып, ұлт болып қалыптасуынан кейін ғана, солардың тіршілік заңдарының нәтижесінде халықтық тәрбие қалыптасады. Бұл тәрбиені ілімі табиғат заңдылығына сүйене отырып философиялық ілімнің негізінде жүреді. Бұл тәрбие жүйесі одан әрі биология, педагогика, психология т.б. ғылымдардың ілімінің негізінде ғана дами бастайды. Осыдан келе жеке бастың ғылыми тұрғыда идеялар қалыптасады. Халықтық педагогиканың мақсаты тарихта қалыптасқан бірнеше ғасырлар бойы өзінің тәрбиелік құндылығын жоймай келе жатқан халық тәрбиесіне сүйене отырып болашақ ұрпақты еңбекке, өмір сүруге дайындау – салауатты өмір сүруге тәрбиесінің негізінде жүреді.

Жаратылыстың ішкі сырын танып білуге талпыныс адамзат қоғамының әр кезеңінде өмір сүрген ойшылдардың басты идеясы болады. Ертедегі Қытай философиясындағы адам мен айналадағы қоршаған өмір бір жүйе ретінде қаралады. Конфуцийдің (551-479 б.э.д.) философиялық көзқарастарының тәрбие мәселесі тұрады. Табиғатта барлық адамдар бір-біріне жақын, тәрбие үрдісінде бір-бірінен алашақтайды ойлаусыз оқыту – бос сөз, ал ойлаусыз оқу бос іс» – деді [8, 154 б.].

Біз салауатты өмір сүру ілімін жаңадан пайда болған жас ілім дейміз, жоқ бұл ілімді біздің ата-бабаларымыз бізден де жақсы білген сияқты. Көшпенді халық өмір тәжірибесін бақылау арқылы, жинақтап қорытып салауатты өмір сүруді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған.

Күнделікті тіршілікте қалыптасатын тәрбиені бала мектептен алу керек. Содан кейін бала салауатты өмірге бейімделеді. Баланы салауатты өмір сүруге дағдыға айналдырып тәрбиелеп, жас өспірімдердің денсаулығын нығайтып аурудың алдын алумен шұғылдану керек.

Өмір салты адамның денсаулығына да әсер етеді, сондықтан денсаулық пен өмір салтының арасындағы байланыс салауатты өмір салты ұғымын көрсетеді. Социологтар өмір салтының құрылымын зерттеп, оның жеке адам, әлеуметтік топ және бүкіл қоғамның өмір салты болып бірнеше субъектіге бөлінетінін айтады. Әрбір субъектінің өзіне тән ерекше өмір салты бар. Оны жеке адамның мінез құлқынан, әлеуметтік топтың әдет-ғұрпынан, қоғам өмірінің салт дәстүрінен көруге болады. Бірақ біздің мақсатымыз субъектінің өмір салтын зерттеу емес, қай субъекті болса да оның өмір салтына салауаттылықты орнату, өмірге енгізу. Әрине, жалпы қоғамымыз салауатты болу үшін, сол қоғамда өмір сүретін әрбір адамның салауатты өмір сүруі қажет-ақ, сонда ғана адамда мықты денсаулық болады дейді.

Баршаға мәлім болғандай, денсаулық көптеген факторларға: тұқым қуалаушылыққа, әлеуметтік-экономикалық, экологиялық жағдайларға, денсаулық сақтау жүйесінің даму деңгейіне және түптеп келгенде, әркімнің өзінің денсаулығына деген көзқарасына тәуелді болып келеді.

“Екі аяқтың қадірін ақсағанда білерсің, отыз тістің қадірін қақсағанда білерсің” дегендей көпшілік адамдар (жастар) денсаулық қадірін біле білмейтіні де рас. Оларды бірқатар ауру меңдей бастағаннан кейін ғана, арақ ішуін доғарып, темекісін тастап дегендей тәубесына келіп жатады, сыр берген денсаулығын қалпына келтіріп аяғандар да аз емес. Дегенмен аурудың алдын ала білгенге не жетсін.

Бұл өмірді дұрыс өткізесің десең, салауатты өмір салтын ұстан. Салауаттылық – саулық кепілі, ал саулық – байлық негізі. Өркениеттің жолындағы елдің ертеңі – халқының саулығына байланысты. Дені сау халық – бай халық, халқының дені сау болып тұрса, мемлекеттің де мықты болып тұрары сөзсіз.

Денсаулықты сақтау, дұрыс тамақтану мектеп жастары үшін өте маңызды, осы кезеңде жастарға салауатты өмір салтын әдетке айналыдыруға дұрыс бағыт берілсе ол әдетке айналып дұрыс қалыптасады.

Дұрыс тамақтану – денсаулыққа ең қажетті фактор, ол баланың дамуына әртүрлі аурудың алдын алуға көмектесетіні белгілі. Дұрыс тамақтанудың нәтижесінде ас қорыту мүшелерінің жұмысы жақсарады. Адамның дұрыс өсіп дамуына, зат алмасу үрдістерінің қалыпты жүруіне жағдай жасайды. Адамның ұзақ өмір сүруіне дұрыс тамақтану білудің рөлі зор. Көбіне көкөніс, жеміс-жидектерді пайдалану тамақтану ережелерін мұқият сақтау маңызды.

Тамақ – қандай организмнің болса да өмірлік негізгі қасиеттерінің бірі. Адам үшін тамақтың маңызы аса зор. Адамның тіршілік әрекеті, жұмысқа қабілеттілігі, тіпті өмірінің ұзақтығы тамақтың ерекшелігіне байланысты. Тек орынды түрде тамақтанғанда ғана организмнің барлық функционалды қабілеттері жете дамып, еңбек өнімділігі неғұрлым жоғары болады.

Дұрыс ұйымдастырылған тамақтану ісіне үлкен мән бере келіп, И.П. Павлов былай деген болатын: “Егерде шамадан тыс ішіп-жеуге құнығушылық айуандық болса, тамаққа тәкәппарсып көңіл қоймау ақылсыздық болар еді, ал мұнда шындық әрқашандағыдай нақ ортасында жатыр: құныға берме, бірақ тиісті назар аудар” [9, 181 б.].

Организмге сыртқы факторларының бірде біреуі дәл тамақтай күшті әсер ете алмайды. Тамақтану адамның жалпы денсаулығына да, психикалық бейнесіне де өзінің ізін қалдырып отырады. Ерте замандағы Грецияда көңілі шат адамды эйколос деп атаған, оның мәнісі – майлы шекті адам деген сөз. Ч.Дарвин өзінің досы Гукерге жазған хатында ми жұмысы көп реттерде қарынға байланысты деп жазған екен. И.П. Павлов “нан дегеніміз адамды өзін қоршап тұрған табиғатпен біріктіріп отыратын атам заманынан бермен келе жатқан байланыс болып есептеледі”, – деген болатын. Осы ұлы ғалымның айтуы бойынша адамның организміне түскен ас, онда өзгере отырып, тіршілік процесін оның барлық аумағы бойында – организмнің қарапайым денелік қасиеттерінен бастап, адам болмысының ең жоғарғы көрнісіне дейін бейнелеп бере алады.

Дұрыс және құнарлы ас ішетін әдетте әрлі, жақсы болып көрінеді, ол сергек те, көңілді де, жұмысқа қабілеттілігі жоғары болады. Үнемі тойып, дұрыс ас ішпейтін адам жасына жетпей қартайған адам тәрізді көрінеді, ол көңілсіз, ынталығы кем, ашуланшақ, қытымыр келеді; оның жұмысқа қабілеттілігі де кеміген, ауру сырқауға да бейім тұрады.

Құнарлы витаминді, минералды, белокты тамаққа ерекше назар аударылуы қажет. Ұзақ уақыт және үнемі тойып ас ішпеушілік немесе жарым-жартылай болса да ерекшелігі бар тамақтан (белокты,

витаминді, минералды) ашығу денсаулық үшін қауіпті нәрсе, мұның өзі адамның денелік және моральдық күшіне зиян келтіреді.

Мектеп оқушылары халқымыздың ең көп және әлеуметтік белсенді топтарының бірі болып саналады. Республикамыздың 7811 жалпы білім берілетін мектептерінде 3 млн-ға жуық бала оқиды, соңғы бес жылда мектеп оқушыларының ауруы статистикасына жүгінсек 22%-ға өскен, оның ішінде анемия 2,5 есе, ас қорыту мүшелерінің ауруы 2 есе, эндокриндік аурулары мен тамақтану бұзылулары 1,5 есе өскен. Аса көңіл аударатын жайт асқазан-ішек ауруларының күрт өсуі болып отыр. Мамандардың пікірлерінше, бұл жағдай тікелей дұрыс тамақтанбаудың тәртібі мен тиімділігіне, отбасы мен мектептің әлеуметтік жағдайы мен мүмкіншілігіне байланысты.

Жаны сұлу, тәні сау ұрпақ, саған аманат еткен тәуелсіз мемлекетіміздің алтын кілтін жоғалтпай, көк туын көкке қарай биік көтер! Есірткі, нашақорлық, арак – азаматты жұтатын аждаһа екенін бір сәт естен шығармайық! Өміріміз – өз қолымызда. Біздің бақытымыздың оннан тоғызы денсаулығымызға байланысты. Адамға өмір бір-ақ рет беріледі. Бұл ретте оның денсаулығы мықты, рухы күшті болғаны абзал! Жана ғасыр азаматы – дені сау, рухани бай адам!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Республика Президенті Н.Назарбаевтың "Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ" Жолдауы. Астана, 2014.
- 2 «Қазақстан Республикасының Конституциясы». Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. Қазақстан Республикасы Парламентінің жаршысы, 1996. №4, 217-құжат.
- 3 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 8, 10-баптары. «Егемен Қазақстан». 11.06.1999.
- 4 «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты». Ұлт Кошбасшысы Н.О. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2012. 44 б.
- 5 Кішібеков Р., Сыбықов Ү. Философия. Алматы: Қазақстан, 1994. 337 б., 231 б.
- 6 Назарбаев, Н.А. Қазақстан – 2030. Ұзақ мерзімді даму стратегиясы. Алматы, 1997. 176 б.
- 7 Аристотель. Политика-Цит. История дошкольной зарубежной педагогики. Хрестоматия, 1974. С.27.
- 8 Смирнова С.А. Педагогика: педагогические теории, система технологий. Учебное пособие. М: Издательский центр «Академия». 1999. 154 с.
- 9 Павлов Н.П. Толық шығармалар жинағы. 1951. II том. 2 кітап. 181 б.

ООЖ: 37.013
ГТАМР 14.07.09

Д.Қ. Айдарбаева¹, А.Қ. Сайдахметова²

¹б.ғ.д., профессор.

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

*²«БМ011300 – Биология» мамандығының 2 курс магистранты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Аңдатпа

Адам іс-әрекетінің әртүрлі салаларында, сонымен қатар білім беру саласында инновациялық технологиялардың жаңа құралдарын қолдану бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет. Бүгінгі күні Қазақстан Республикасының білім беру реформасы бойынша оқушылардың танымдық белсенділігін дамытатын оқытудың дәстүрлі емес, жаңа белсенді және инновациялық әдістерін қолдану – бәсекеге қабілетті маман даярлауда өте маңызды. Мақалада «инновация» ұғымының терминдік мәніне анықтама берілген, оқушылардың танымдық белсенділігін дамытатын инновациялық технологиялардың түрлері мен оларды қолданудың тиімді жақтары көрсетілген. Сондай-ақ оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырудың теориялық негіздері қарастырылған.

Түйін сөздер: инновация, таным, интерактивті әдіс, танымдық қызығушылық, танымдық белсенділік, шығармашылық белсенділік

Д.К. Аидарбаева¹, А.К. Сайдахметова²

¹д.б.н., профессор.

Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

²магистрант 2 курса «БМ011300 Биология».

Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

РОЛЬ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ФОРМИРОВАНИИ ПОЗНАВАТЕЛЬНОГО ИНТЕРЕСА ОБУЧАЮЩИХСЯ

Аннотация

Одним из актуальных вопросов сегодняшнего дня является использование новых инновационных технологий в различных областях человеческой деятельности, включая образование. Учебные программы необходимо нацелить на развитие способностей критического мышления и навыков самостоятельного поиска информации. На сегодняшний день использование нетрадиционных, новых, активных и инновационных методов обучения, которые развивают познавательную деятельность учащихся в области реформы образования в Республике Казахстан, играет очень важную роль в подготовке конкурентоспособных специалистов. В статье представлена информация об инновационных технологиях, которые развивают познавательную деятельность учащихся и демонстрируют преимущества использования инновационных технологий. Также рассматриваются теоретические основы повышения познавательного интереса обучающихся.

Ключевые слова: инновация, познание, интерактивный метод, познавательный интерес, познавательная деятельность, творческая деятельность

D.K. Aidarbaeva¹, A.K. Saidakhmetova²

¹d.h.s., professor,

Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

²second year master student of Biology,

Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

THE ROLE INNOVATIVE TECHNOLOGIES FOR FORMATION OF COGNITIVE INTEREST OF STUDENTS

Abstract

One of topical issues of today is use of new innovative technologies in various areas of human activity, including education. Training programs need to be aimed at development of abilities of critical thinking and skills of independent information search. Today, use of unconventional, new, active and innovative methods of training which develop cognitive activity of pupils in the field of education reform in the Republic of Kazakhstan plays very important role in training of competitive experts. The article present information about innovative technologies which develop cognitive activity of pupils and show the advantages of using innovative technologies. Also are considered theoretical basis for increasing the cognitive interest of students.

Keywords: innovation, cognitive, interactive method, cognitive interest, cognitive activity, creative activity

XXI ғасыр жоғары технологиялар ғасыры болғандықтан, білім беруді ұйымдастыруға қойылып отырылған талап та жоғары. Әсіресе оқушылардың таным белсенділігін қалыптастыруда оқытудың жаңа технологияларын қолдану ерекше маңызды деп айтсақ та болады [1, 115 б.].

Қазіргі кезде елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алууда. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының сегізінші бабында жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектті (зердесін) дамыту, – деп білім беру жүйесінің басым міндеттерінің бірі белгіленген. Осы міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытушы сабақ беруде өз шеберлігін шыңдап, дамыту жолында жаңа техноло-

гияның алуан түрлерін менгеріп, оны өзінің күнделікті сабағында қолданып отырады [2]. Яғни заман талабы – жанаша оқыту. Қоғамның қай саласы болсын жанаша құру – уақыт талабы. Ал білім беру-дегі инновациялар – қоғамның тұрақты өзгеріп отыратын мұқтаждықтарына сәйкес, оның дамуының қажетті және табиғи шарты. Оқушылардың таным белсенділігін қалыптастыруда оқытудың жана технологияларын қолдану – бәсекеге қабілетті маман даярлауда өте маңызды рөл атқарады [1, 114 б.].

Оқушылардың таным белсенділігін арттырудағы «таным» деген терминнің өзіне тоқталатын болсақ, таным – айналадағы қоршаған дүниенің адам санасында бейнеленуін, танымдық жалпы шарттары мен мүмкіндігін, білімнің шындыққа қатынасын, қоғамдық тәжірибе негізінде іске асатын таным үрдісінің заңдылықтарын, оның негізгі түрлерін, әдістерін, жорамалдары мен теорияларды құру және дамытудың жолдарын зерттейтін психология ғылымының саласы [3, 45 б.]. Білім беру және оқыту теориясының оқушыларды оқыту мәселесіндегі талаптарының бірі – танымдық белсенділік пен саналылық. Бұл талаптың орындалуы оқушылардың оқу материалын түсінуге, өткенді жанамен байланыстыруға, негізгісі мен қосымшасын анықтауға, алған білімдерін тәжірибеде пайдалануға, өз пікірлерінде оларға сүйенуге ұмтылысынан көрінеді [4, 4 б.]. Осы танымдық іс-әрекет ұғымы мен танымдық белсенділікті қалыптастыру проблемасына педагогтар, психологтар, әдіскерлердің көптеген еңбектері арналған. Көне замандағы Антик дәуірдің өзінде-ақ, ойшылар мен педагогтар оқушылардың өзіндік ой-тұжырымын жасау және оны дамыту үшін репродуктивті және эвристикалық әдістер жайлы мәселелерге көңіл бөлген. Бұл идеялар көне заманнан бастау алады. Сократ оқыту барысында шәкірттердің танымдық іс-әрекетін арнайы басқарып, отырудың қажеттілігімен қоса, оның танымдық белсенділігін арттыру мақсатында арнайы оқыту әдісін – эвристикалық әңгімелесуді алғашқылардың бірі болып қолданды. Сократ шәкірттерге білімді жай ғана бере салмай, танымдық белсенділіктің көрсеткіші ретінде сұрақ қоюды ұсынды. Эвристикалық сұрақтарды алдын-ала дайындай отырып, сұрақ қою арқылы олардың ойлау қабілетін, қызығушылығын арттырып, өз ой тұжырымын жасай білуге үйретті. Сондай-ақ Платон, Аристотель және ежелгі Рим философтарының еңбектерінде одан әрі дами түсті.

Я.А. Коменский, Н.А. Добролюбов, Д.Дьюзи еңбектерінде танымдық әрекет пен белсенділікті, оқушылардың өздігінен білім алуын жетілдірудің құралы ретінде қарастырды. XVI ғасырда өмір сүрген француз ғалымы Мишель Монтень оқытудағы танымдық әрекеттің маңыздылығын ерекше атап көрсетті: «Тәрбиелесуші баланы бастан-ақ оның бойындағы қабілеттерді еркін көрсете білуін, түрлі заттардың дәмі мен олардың ерекшеліктерін ажыратуда өз бетінше әрекет етуін, кейде оған жол көрсетіп, кейде, керісінше, өзіне іздетіп отыруын қалаймын», – деген. Монтень таным әрекетінде оқытушының басшылық рөлінің маңыздылығын да айтты. Ол «Оқушы мұғалімнен алған білімін түгел сүзгіден өткізіп, өз бетінше талдау жасау қажет. Соның нәтижесінде оның білуге құштарлығы дами түсетіні сөзсіз», – деп жазған болатын.

Танымдық белсенділікті дамытудағы оқыту әдістемесінің негізін алғашқылардың бірі болып қалаған ұлы педагог Я.А. Коменскийдің XII ғасырда жазған «Ұлы дидактика» атты еңбегінде: «Заттың не құбылыстың түп тамырына жету, анықтау қабілетін дамыту, оны шынайы түсіну және оны қолдана білу қажет», – деп ерекше атап өтті. Я.А. Коменский дидактикалық принциптерді ұсына келіп, танымдық белсенділікті дамытуда мұғалімнің ролі туралы жазған болатын. Ол: «Таным бастамасы – сөзімнен, бала сөзіне білмесе, оның ой-өрісінде сшқандай өзгеріс болмайды. Оқытуды зат туралы сөзбен емес, сол затты бақылау арқылы шәкірттің ойын дамыту керек», – деп жазды [4, 5 б.].

Н.Г. Чернышевский өз еңбегінде оқыту барысында танымдық белсенді әрекеттің алатын орнына мән берген. «Егер біздің балаларымыз шын мәнінде білімді боламын десе, білімді өз бетімен игере алуы, ізденуі керек», – деп жазды [4, 8 б.].


Қазақтың көрнекті педагог ғалымдары Ы.Алтынсарин, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов балалардың танымдық қызығушылығын тұдыра отырып, танымдық белсенділігін дамытуда құнды пікірлер айтты.

Ы.Алтынсарин: «Балалармен: қысқа, ашуланбай, байсалды сөйлесу, әрбір пәнді бар пейілмен және карапайым тілмен түсіндіру керек, мұғалім жан-жақты, білімді, өз ісінің шебері болуы қажет», – дейді.

А.Байтұрсынов бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу керек, мұғалімнің міндеті – балаға жұмысты әліне қарай шағындап беру және белгіленген мақсатқа қарай бағыттап отыру керектігін айтқан [4, 9 б.].

Оқудағы танымдық белсенділікті қалыптастыру мәселелерін іс жүзінде шешудің түрлі жолдарын бөліп көрсеткен ғалымдар: Т.И. Шамова, М.Н. Скаткин, Л.П. Аристова, Г.И. Щукина, П.И. Пидкасистый және т.б. Олардың ғылыми еңбектерінде оқудағы танымдық белсенділікті қалыптастыру мәселесін практикада танымдық іс-әрекет дербестігін қалыптастыратын өзіндік жұмысты ұйымдастыру мен міндеттерін іріктеп шешу арқылы болатындығын көрсетті [4, 12 б.].

Оқушының танымдық әрекет құрылымы: танымдық қызығушылықтан, танымдық белсенділіктен, танымдық дербестік пен шығармашылық әрекеттен тұрады (1-сурет) [4, 20 б.].



Сурет-1. Оқушының танымдық әрекет құрылымы

Оқушылардың осы танымдық әрекет құрылымын жетілдіруде маңызды рөл атқаратын технологиялардың бірі инновациялық технологиялар. Бұл технологиялар оқушылардың кәсіби білім сапасын арттырумен бірге өз қабілетіне қарап, өзін-өзі дамыта отырып, өзіне сын көзбен қарауға мүмкіндік береді. Танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілетін дамытады [5, 145 б.].

Сонау ХХ ғасырдың басында Жүсіпбек Аймауытов: «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» деген екен. Сондықтан, қазіргі таңдағы педагогика жаңалықтарын, қазіргі қолданып жүрген пән ерекшелігіне қарай қолдана білу – оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы [6, 57 б.].

Жаңа технологияларды меңгеру ұстаздың зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Сонымен қатар жаңа педагогикалық технологиялар оқушының жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойының дамуында басты рөл атқарады.

Қазіргі уақытта сабақ өткізу методикасының ең қолайлы түрі – инновациялық технологияларды қолдану болып отыр. Инновация дегеніміз – ол аудио, видео, компьютер, сонымен бірге ол – жаңа әдіс-тәсілдердің идеялардың жиынтығы. Инновациялық тәсілдерді сабақ үрдісінде қолдану оқушылардың саналы да, сапалы білім алуының бірден-бір шарты [7, 148 б.].

Ағарту саласында жиі қолданылып жүрген «инновация» (латынның *innove* – жаңа, жаңа әдіс, әдістеме, технология, бағдарлама) терминінің өзі ауызекі айналымда ХVIII ғасырдың өзінде пайда болса, ХІХ ғасырда ол ғылыми арнада кеңінен қолданыла бастаған [8, 91 б.]. Ғалымдардың айтуына қарағанда, инновация термині ХІХ ғасырда жазылған ғылыми зерттеулерде кездеседі. ХХ ғасырда шетелдік экономист ғалымдардың еңбегі арқылы кеңінен таныла бастаған. Алайда оның қазіргі қазақ тіліне еніп, қолданысқа ене бастаған кезеңі деп ХХІ ғасырды айтуға болады. Бүгінде кеңінен қолданыс тапқан «инновация» сөзіне ғалымдар бірнеше анықтама берген: «Инновация – белгілі бір топқа жаңа болып табылатын идея» немесе «Инновация – арнайы өзгеріс». Ал елімізде «инновация» ұғымына тұңғыш рет зерттеуші Н.Нұрахметов анықтама берді. Зерттеушінің пікірінше: «Инновация дегеніміз білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және оларды таратуға қатысты қызметі». Инновация білімінің мазмұнында, әдістемесінде, технологиясында, оқу үдерісін ұйымдастыру барысында айқындалады [5, 144 б.].

Сонымен қатар инновация ұғымы туралы ғылыми зерттеулерде төмендегідей мәліметтер беріліп

жүр: бір тұжырымдамада «Инновация» ұғымы латын сөзінен шыққан, «жаңалық енгізу» деген мағынаны білдіреді десе, ал екінші бір тұжырымда инновациялық процесс – жаңалықтарды енгізетін, қолдануға жағдай жасайтын көшенді әрекет деп көрсетіледі. Ал инновация біздің пайымдауымызша, оқушылардың оқу танымдық процесске қатысу кезеңдерін анықтауға мүмкіндік береді. Инновациялық оқыту жүйесінде білім берудің арнайы бір үлгілік, типтік моделі болады. Ол модель оқушының жай ғана іс-әрекетіне емес, сонымен бірге шығармашылық дербес қабілетіне негізделеді. Ал шығармашылық жұмыстар қашан да оқушының таным өрсеімен тығыз байланысты өріліп отырады [1, 115 б.].

Инновациялық білім беру – іскерліктің жана түрі. Инновациялық қызмет оқу ісін дамытуға, пәндердің мәнін тереңдетуге, оқытушының кәсіптік шеберлігін арттыруға, басқа жана технологияларды енгізуге, пайдалануға және шығармашылық жұмыстар жүргізуге бағытталған. Мұндай технологияларды қолдануда – біріншіден, оқытушы ұтады, яғни ол сабақты тиімді ұйымдастыруға көмектеседі, оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, екіншіден, оқушы ұтады, себебі оның тақырып бойынша таным кеңейеді. Осылайша білім берудің қалыптасқан әдістемесіне оқытудың жаңа технологиясы тұрғысынан өзгерістер енгізіліп, білім сапасы да артуда [5, 144 б.].

Қазіргі таңда білім беру үдерісінде кенінен қолданылып жүрген бірнеше инновациялық технологияларды атап көрсетуге болады:

- проблемаға бағытталған оқыту;
- топтық жұмысқа бағытталған оқыту;
- рөлдік ойындар;
- презентациялар;
- пікір-сайыстар;
- кейс-стадия;
- миға шабуыл әдісі;
- сұрақ-жауап ойындары;
- іскерлік ойындар;
- мамандық саласына байланысты конференциялар;
- көкейкесті мәселені талқылауға арналған онлайн конференциялар [5, 145 б.].

Қазақ халқының аса көрнекті ғалымы, ұлт педагогы А.Байтұрсынов: «Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олақтылықтың белгісі – бір ғана әдісті білу, керек орында жоқ әдісті таба білу де керек. Ұстаз әдісті көп білуі керек, оларды өзіне сүйсініш, қолғабыс нәрсе сесбінде қолдану керек», – деп жазған еді. Сондықтан оқытушы қазіргі уақытта белгілі бір әдістерді қолданып қана қоймай, сонымен қатар өз интерактивті-коммуникативтік дамытушы технологияларын да қарастырып отыруы қажет. [7, 148 б.]. Компьютерлік-ақпараттық технологиямен жасалатын интерактивтік жұмыс жүйелерін алатын болсақ, бұл технологияның сапалы білім беруде, танымдық қызығушылықты дамытуда маңызды зор инновациялық технологиялардың бірі [1, 116 б.]. «Интерактив» деген сөз ағылшынның «interact» («inter» – өзара, «act» – әрекет ету) деген сөзінен шыққан. Яғни жеке индивидтердің, топтық, жұптың өзара біріккен әрекеті бір-біріне алмакөзек әсер етуі. Интерактивті оқыту бұл таным әрекетін ұйымдастырудың арнаулы формасы. Оқытудың бұл формасы алдына нақты және бағдарланған мақсат қояды. Сондай мақсаттардың бірі – білімгер оқыту процесінің жүйесімен үнемі қарым-қатынаста болады немесе форум арқылы оқытушы тьютер мен чат, бейне конференция арқылы өзіне керекті қосымша ақпаратты, өз әрекетінің бағасын ала алады. Бұл жүйе білімгердің білім алуын автоматты бақылауға мүмкіндік береді [9, 91 б.].

Қазіргі педагогика оқу материалдарын меңгеруде келесі интерактивті тәсілдерді қолданады:

- 1) слайдтық презентациялар;
- 2) электронды кітаптар;
- 3) интерактивті тақта;
- 4) тестік технологиялар;
- 5) интернет-ресурстар;
- 6) топтық оқыту – күрделі және мәселелі сұрақтарды талдау;
- 7) шығармашылық тапсырмалар.

Слайдтық презентация – бұл проектік технология. Слайдтық презентация кезіндегі шешілетін мәселелер: коммуникативтік, білімдік, тәрбиелік және дамытушылық. Презентацияларды дайындау жұмысы әр оқушының қабілетін байқауға септігін тигізеді. Оқушылар жаңаша технологияларды пайдалану негізінде өз мүмкіндіктерін бағалауды, басқа көрсетілген презентацияларға сыни

көзқарастар айтуды үйренеді. Бұл айтылған жағдайлар белсенділікті шыңдап, алға қойылған тапсырмалардың шешілуіне, ізденушілік қабілеттің дамуына жол ашады.

Интерактивті тактаны қолдану сабақ үстінде психологиялық үйлесімділікті сақтай отырып, оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырады. Кейде үлкен экранда түрлі эффекттермен және музыкалық үйлесіммен көрсетілетін бейнелер көпке дейін оқушылардың жадында сақталып қалады. Олар тақырыптан ауытқымай бар назарын өтіліп жатқан сабаққа аударады. Интерактивті тактамен жұмыс істеу түрлері:

- мәтінмен және бейнелермен жұмыс;
- электронды сия көмегімен белгі қою;
- презентацияларды көрсету;
- электронды кітаптар. Оқу материалы CD диск түрінде көрсетіледі.

Компьютерді қолдану. Сабақ өткізу барысында оқытушы мен оқушылардың қазіргі технологиялық деңгейде байланыста болып, сабақты эмоционалды, тиімді өтуіне ықпалын тигізеді. Компьютер әрбір оқушымен жеке дара жұмыс істейді. Индивидуалды оқыту әдісі білім сапасын жоғарылатады. Бұл деңгей оқушы пен компьютер арасындағы диалогтік байланыстың нәтижесі. Электронды тестілеу оқушылардың әр сұраққа жауапты карап, бар назарын соған аударуына және өзін-өзі бағалауына мүмкіндік береді. Бұл жағдай қорытынды бақылау тестілерін жүргізгенде байқалады, бұл оқушылар үшін ең жауапты сәт. Электронды тестілеу оқушының шынайы білімі мен талабын бағалайды.

Бұл технологияны пайдаланудың тиімді тұстарына келетін болсақ:

- оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырады;
- танымдық қабілеттілігін арттырады;
- этнопедагогикалық тәрбие береді;
- оқушы шығармашылық жұмысқа баулиды;
- оқытушының уақытын үнемдейді;
- қосымша мәліметтер береді.

Интерактивті тактаны пайдаланудың оқытушыға беретініне келсек:

- барлық баланы бір мезетте оқыту;
- білім берудің формасын оңайландыру міндеттерін атқару;
- оқушының жеке қабілетін айқындау, іздену [7, 149 б.].

Жалпы интерактивтік технологияның формалары өте көп және жаңа технологияны сабақта қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға және қалыптастыруда маңызы зор мәселелердің қатарына жатады [1, 116 б.].

Қорыта айтқанда, оқу барысында инновациялық технологияларды оқушының өз бетінше танымдық қызығушылығын, шығармашылық әрекетін дамытатындай етіп ұйымдастыру қажет, сонда ғана жан-жақты білімді, көшбасшы бола білетін тұлғаны тәрбиелеп шығарамыз. Қазақтың көрнекті педагог-ғалымы Б.Алтынсарин “Маңыздысы – оқушының өз бетінше ойлана білуі. Оқыту әдістері – балалардың жүре келе мектепке, сабаққа кейіннен ғылымға, өз бетімен білім алуға құмарландыратын жол” – демекші, инновациялық технологиялар оқу үрдісінде жеке тұлғаның өз бетінше әрекет етуге деген құлшынысын, қызығушылығын оятады және танымдық белсенділігін арттырады. Сонымен бұл технологиялардың сапалы білім беруде, танымдық қызығушылықты дамытуда алатын орнының үлкен екендігі анықтала береді және рөлі арта түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Прямбетова М.Б. Студенттердің танымдық белсенділігін қалыптастыруда оқытудың жаңа технологияларын қолдану // *Бәсекеге қабілетті маман даярлаудағы әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқытуды модернизациялаудың өзекті мәселелері: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Қарағанды, 2012. Б.114-116.*

2 ҚР «Білім туралы» заңы. Алматы, 1999. 8-бап.

3 Асылбаева Р.Б. Оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырудың теориялық негіздері // *Білім берудегі менеджмент. Менеджмент в образовании. 2008. №4. Б.45-48.*

4 Обілақасымова А.Е. Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру // *Монография / Алматы: Білім, 1994. 190 б.*

5 Аширова А., Қарабаева Х. Инновациялық технологияларды оқыту үрдісіне пайдалану ерекшеліктері // *ҚазҰУ-нің Хабаршысы, филология сериясы. 2013. №3. Б.143-146.*

6 Асылбекова М. Оқушылардың танымдық қабілетін дамыту // *12 жылдық білім беру. 12-летнее образование. – 2010. – №11. – Б.55-58.*

7 Ахатова А.А., Аралбай С.М. Студенттердің танымдық белсенділігін арттырудағы инновациялық технологиялардың маңызы // Бәсекеге қабілетті маман даярлаудағы әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқытуды модернизациялаудың өзекті мәселелері: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Қарағанды, 2012. – Б.148-150.

8 Бірмалаев Е.Б. Инновациялық оқыту технологиялары // Қазақстан жоғары мектебі, 2015. – №2. – Б.91-94.

9 Аубакиров Х.А., Қарынбаев Қ.Ф., Даулетбекова А.Т. Білім беруде инновациялық технологияларды кеңінен қолдану – заман талабы // Қазіргі Қазақстандағы инновациялық даму және ғылымның қажеттілігі. III халықаралық ғылыми конференция. – Алматы, 2009. – 388 б.

ЭКОЛОГИЯ

ӨОЖ622.349.5:502.55
ГТАМР 31.15.33

Ұ.Қ. Нағашбекова¹, Г.М. Сабденалиева²

¹2-ші курс магистранты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

²п.ғ.к., доцент, Жаратылыстану және география институты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

СОЗАҚ АУДАНЫНДАҒЫ УРАН ӨНДІРЕТІН КЕН ОРЫНДАР

Аннотация

Бұл мақалада уран кен орындарының басым көпшілігі оңтүстіктегі Қаратау, Созақ, Бетпақдала өңірлері мен Мойынқұм-Шу аймағында, Каспий өңірі мен Маңғыстауда, Қызылорда облысындағы Шиелі, Жанақорған аудандары жерлерінде орналасқан, соның ішінде Созақ ауданындағы Инкай, Мынқұдық, Буденнов, Қанжұған, Жалпақ, Хорасан, Мойынқұм, Солтүстік және Оңтүстік Қарамұрын, Төртқұдық, Уванас, Іркөл, Заречнос және т.б. кен орындардың орналасу аймағы және уран алу технологиясы қарастырылған. Сонымен қатар кейбір кенорындар қазіргі таңда жерасты шаймалау әдісі арқылы игеріліп жатқандығы қарастырылады. Қазіргі таңда осы провинция уранды жерасты шаймалау әдісі арқылы өндіретін ұзақ мерзімді шикізатты баға болып саналатындығы айтылады.

Түйін сөздер: Казатомэнеркәсіп, уран кеніштері, Шу-Сарысу провинциясы, Инкай кен орны, Мынқұдық кен орны, Ақдала кен орны

У.К. Нағашбекова¹, Г.М. Сабденалиева²

¹магистрант 2-го курса,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

²к.п.н., доцент, Институт Естествознания и географии,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

РУДНИКИ СУЗАКСКОГО РАЙОНА, ПРОИЗВОДЯЩИЕ УРАН

Аннотация

В этой статье рассмотрены основные местонахождения предприятий и технология добычи урана, а именно большая часть предприятий по добыче урана сосредоточена на юге Каратау, в регионе Созақ и Бетпақдала, на территории Мойынқұм-Шу, в Каспийском море и Мангистауской области. А также уточнены местонахождения предприятий в Сузакском районе, таких как "Инкай", "Мынқұдық", "Буденнов", "Қанжұған", "Жалпақ", "Харасан", "Мойынқұм", "Северный и Южный Карамұрын", "Төртқұдық", "Уванас", "Іркөл", "Заречнос", Катко" и др. В настоящее время говорится, что эта провинция является долгосрочной сырьевой базой, которая производит уран методом подземного выщелачивания.

Ключевые слова: Казатомпром, рудники по добыче урана, провинция "Шу-Сарысу", предприятие "Инкай", предприятие "Ақдала"

U.K. Nagashbekova¹, G.M. Sabdenaliev²

*¹2 course master, Institute of Natural Sciences and Geography,
Almaty, Kazakhstan*

*²Phd senior, KazNPU named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

THE MINES OF THE SUZAK DISTRICT, PRODUCING URANIUM

Abstract

In this article, the main locations of enterprises and uranium mining technology are considered, most of the uranium mining enterprises are concentrated in the south of Karatau, in the Suzak and Betpakdala regions, in the Moyinkum-Shu, in the Caspian Sea and in the Mangistau region. Also, the location of enterprises in the Suzak district, such as Inkai, Mynkudyk, Buddenov, Kanzhugan, Zhalpak, Kharasan, Moyinkum, North and South Karamurin, Tortkadyk, "Uvanas", "Irkol", "Zarechnoye, Katko", etc. It is now said that this province is a long-term raw material base that produces uranium by the method of underground leaching.

Keywords: Kazatomprom, uranium mining mines, Shu-Sarysu province, Inkai enterprise, Akdala enterprise

Бүгінде Қазатомөнеркәсіпке қарасты жалпы уран өндіруші 20 кеніштің 15-сі Оңтүстікте орналасқан. Ал іс сапар отандық уран өндірісіндегі ең көне кәсіпорын – Таукент таукен химия кәсіпорны орналасқан Созақ ауданындағы Таукенттен басталды.

«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазатомөнеркәсіп» ашық акционерлік қоғамы мемлекеттің 100% үлесі бар жабық акционерлік қоғам нысанындағы «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» етіп қайта құру туралы 1997 ж. 14 шілдедегі №3593 Жарлығымен құрды.

«Қазатомөнеркәсіп» АҚ уран мен оның қосылыстарын, өзге де металдарды экспорттау жөніндегі, атом энергетикасы стансаларына арналған ядролық отынның, арнайы жабдықтар мен технологиялардың, екі ұдайы қолданыстағы материалдардың экспорты мен импорты бойынша ұлттық бас оператор болып табылады.

Қазіргі күні ұзын саны 21-ден асатын кеніштерден алынатын уран шикізаты негізінен жер астындағы кені бар жерді бұрғылау арқылы ұңғылар жасалынып, одан кейін кенді қабатқа күкірт қышқылын айдау арқылы кен ерітіледі. Одан соң күшті қышқылды ортада еріген уран мен басқа ілеспе металдар ерітіндісін жоғарыға арнаулы сораптармен сорып шығарылып, бұл ерітінділер арнаулы ыдыстарға құйылып, одан кейін оны байыту, бөлу және тазалау зауыттарына жібереді. Қазір көптеген кен орындарында байыту мен тазалауды ұйымдастыру үшін арнаулы технологиялық қондырғылар орнатылып, жұмысты бастап та жіберген [2, 92 б.].

Бұл әдісті алғаш рет Кеңес үкіметі кезінде, яғни 20 ғасырдың жетпісініші жылдары Басқармасы Ташкентте орналасқан «Краснохолмскі» экспедициясы Өзбекстандағы «Үшқұдық» уран кенішінде қолданған. Бұл әдіс уран кендерін шахтылардан қазып алуға қарағанда әлдеқайда қауіпсіз, құмды-шөлейтті аймақтарда суды да үнемдейді, әрі кенші-оператор жоғарғы радиоактивті кендермен және оны өндіру кезінде пайда болатын асқан зиянды радиоактивті шаңдармен тікелей байланысқа түспей, жердің бетіндегі технологиялық қондырғыларда арнаулы басқару тетіктері арқылы процесстерді басқарып отырады. Табиғи уранды өндіру және өткізу Қазатомөнеркәсіп қызметінің негізгі саласы болып қалады. 1997 жылы әлемдік уран өндірушілер тізімінде Қазақстан тек 13 орынды алды, ал 2009 жылы Республика әлемдегі ірі уран өндіруші мемлекет болып, 1 орынға шықты.

2010 жылдан бастап Қазатомөнеркәсіп жетекші табиғи уран өндірушілердің тізімін бастап, әлемдегі ең ірі уран жеткізуші болды.



Сурет-1. Қазақстандағы уран өндіру серпіні

Ядролық отын циклы (ЯОЦ) – уран кенін қайта өңдеу, уранды конверсиялау, пайдаланылған отынды қоймаға кейінгі қозғалысымен ядролық реакторлардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін отынды байыту және дайындау жөніндегі зауыттар, пайдаланылған отынды қайта өңдеу жөніндегі зауыттар және олармен байланысты аралық қоймалар мен радиоактивті қалдықтарды көмуге арналған қоймалар арқылы уран кеніштерінен ядролық материалдардың қозғалысымен өзара байланысты кәсіпорындар жүйесінде жүзеге асырылатын кешенді іс-шаралар [5, 11 б.].

Уранның негізгі минералдық-шикізат базасы қазіргі кезде Оңтүстік Қазақстандағы Шу-Сарысу және Сырдария провинцияларында орналасқан. Олар бор, палеоген кезеңдерінің таужыныстары арасында инфильтрациялық процесстер нәтижесінде қалыптасқан 20-дан астам кенорындарынан құралған жеке провинция болып саналады. Олардың құрамында Инкай, Мыңқұдық, Буденнов, Қанжуған, Жалпақ, Хорасан, Мойынқұм, Солтүстік және Оңтүстік Қарамұрын, Төртқұдық, Уванас, Іркөл, Заречное және т.б. кенорындар шоғырланған. Алғашқы төртеуі аса ірі кенорындар қатарына жатады.


Уран кенорындарының геологиялық-генетикалық ерекшеліктерін талдайтын болсақ, олардың ойысты аймақтарда, оның ішінде неотектоникалық парагенді облыстардың шеткі белдемнің облыстарында, алғашқы мезозойлық ойыстарында, тауаралық ойыстарында орналасқандығы байқалады. Шу-Сарысу провинциясы Шу-Сарысу мезозой-кайнозойлық депрессиялық құрылым ауқымындағы Тұран тақтасының шығыс шеткі бөлігінде орналасқан. Қазіргі таңда осы провинция уранды жерасты шаймалау әдісі арқылы өндіретін ұзақ мерзімді шикізатты база болып саналады. Шу-Сарысу провинциясының геологиялық құрылысы, гидрогеологиясы және уранкенденуі. Шу-Сарысу депрессиясы бұл күрделі құралған гетерогенді депрессиялық құрылым. Бұл құрылым негізінен жоғарғы бор (K2) және жас кайнозойлық шөгінділерден тұрады. Шу-Сарысу депрессиясының мезозой-кайнозойлық шөгінділері негізінен ортаәлпілік (платформалық) бор-палеогендік құрылымдық-формациялық кешенмен және кешәлпілік кешолигоцен-төрттік құрылымдық-формациялық кешенмен сипатталады. Ортаәлпілік құрылымдық-формациялық кешен құрамында бордың, палеоценнің және эоценнің түзілімдері бөлінеді. Осы аталған түзілімдер ішінде бор түзілімдері кеңінен таралған және негізінен тек жоғарғы бөлімімен сипатталады.

Шу-Сарысу депрессиясы күрделі артезиандық бассейн болып саналады. Осы бассейн ауқымында түзілімдердің екі сулы кешені бөлінеді – континентті жоғарғы бор кешені және негізінен теңіздік палеоцен-эоценді кешені. Шу-Сарысу провинциясының өнеркәсіптік уран кенденуі қабатты тотығудың аймақтық белдемдерінің шекараларымен бақыланады. Бор түзілімдеріндегі уран кенді қабатты қышқылданудың аймақтық белдемдері тік бұрғылау ұңғымаларымен шамамен 400 км қашықтыққа сағаланған. Олар мыңқұдық, інқұдық және жалпақ горизонттарындағы тотығу шекараларының жүйелерін біріктіреді. Шу-Сарысу провинциясының орталық бөлігінде субмеридиандық бағытта Мойын-

құм-Қанжұған уранкенді ауданы бөлінеді. Провинцияның субендік орналасқан қанатының солтүстік бөлігінде өнеркәсіптік кендену тек қана жалпақ горизонтында анықталған. Мұнда Жалпақ кенорны шоғырланған. Доғаның субендік бағытта созылған бөлігінде Жалпақ кенорнының оңтүстігінде Ақдала кенорны орналасқан. Доғаның орталық бөлігінде Мыңқұдық, Инкай уранкенді аудандары, ал доғаның оңтүстікке қарай бағытталған субмеридиандық бөлігінде Буденнов кенді ауданы шоғырланған. Төменде жоғарыда аталған Шу-Сарысу провинциясының ірі Инкай, Мыңқұдық, Ақдала және Буденнов кенорындарына қысқаша тоқталайық.

Инкай кенорны – Қазақстандағы және ТМД елдеріндегі ең ірі қабатты-инфильтрациялық кенорны болып саналады. Бұл кенорын Мыңқұдық кенді ауданында шоғырланған және кенорынның кенді белдемдері солтүстік-шығыстан оңтүстікке қарай жалпы ені 7-ден 17 км-ге дейін болатын 55 км қашықтыққа созылып орналасқан. Кенорны 1976 жылы №27 партияммен іздеу-тексеру бұрғылау жұмыстары кезінде ашылған. Кенорны ауқымында Орталық бөлікше, Солтүстік және Оңтүстік капталдар бөлінеді. Кенорынның жалпы қоры 330 000 тонна шамасында деп бағаланады [1, 282 б.].

Уран кендену өнімді горизонттардың барлық таужыныстарында кездеседі, бірақ көбінесе орта түйірлі құмдарға тураланған болып келеді. Уран минералдары настуран (82%) және коффинитпен (18%) сипатталады. Уранның орта мөлшері 0,045-0,063%. Орталық бөлікшедегі кен денелерінің орташа қалыңдығы 4,92-7,38 м. Инкай кенорнында қабатты тотығу белдемі диагенетикалық және эпигенетикалық қайта түзілген өткізгіш аллювиалды шөгінділер ауқымында дамиды. Сонымен бірге, оттегі құрйтын сулар ағыны қозғалысының бағыты бойынша эпигенетикалық өзгерулердің келесі белдемділігі қалыптасады: а) темір бойынша: – қабатты тотығу белдемі келесі белдемшелерімен: толық тотыққан және қабатаралық тотыққан белдемшелер; – тотықсыздандыру белдемі; – өзгермеген таужыныстар белдемі; б) уран бойынша: – белдемшелері бар миграция белдемі: толық шығару және реликтілі таужыныстар белдемшелері; – морфоэлементтері бар уран жинақталу белдемі: ролл қанаттары, қап, шашырау ореолы; – фондық концентрациялар. Инкай кенорнындағы қабатты тотығу белдемі оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай дамиды және екі белдемшелерден тұрады. Кен сыйыстырушы қабат континенттік әртүрлі түсті аллювиалды формациямен сипатталады. Кен жаралу үшін қолайлы болатындары – арналық фацияның сұр түсті қиыршықтас-құмды жаралымдары.



Сурет-2. Аймақтағы уран кен орындары

Мыңқұдық кенорны – бұл кенорныда қабатты-инфильтрациялық кенорны болып саналады. Бетпақдала үстірті ауқымындағы Шу-Сарысу провинциясында орналасқан. Волков экспедициясының №27 партиясымен 1973 жылы ашылған. Уран кендену кеш бордың көптеген стратоденгейлерінде, яғни мыңқұдық (K2t), інқұдық (K2t2-st) және жалпак (K2st2-E1 1) свиталарына шоғырланған. Уран кендену қабатты тотығу белдемінің шекараларымен сәйкес планда созылыңқы (15-20 км-ге дейін) әлсіз иілген, кейде тұзу сызыққа жақын ені 25-50-ден 400-500 м-ге дейін лента тәрізді қабаттармен байланысты. Кенорны ауқымында 30-ға жуық кен шоғыры анықталған. Олардың ең ірілері мыңқұдық свитасына тиесілі болып келеді. Кенорын қазіргі таңда жерасты шаймалау әдісі арқылы игеріліп жатыр. Есептелген қорлары бойынша кенорны теңдесі жоқ кенорныдарға жатады [4, 175 б.].

Мыңқұдық кенорны 7 кенді бөлікшелер бөлінеді, олардың 5 мыңқұдық, ал 2 інқұдық горизонттарына шоғырланған. Қалыңдығы 80-120 м болатын мыңқұдық горизонты ұсақ, орта және әртүрлі түйірлі құмдардан тұратын аллювиалды шөгінділерден құралған. Шөгінділер арасында саздар мен алевриттердің қабатшалары мен линзалары кездеседі. Інқұдық горизонты ірі түйірлі аллювиалды шөгінділерден тұрады және қалыңдығы 100м-ге дейін жетеді. Уранның мөлшері 0,015%-0,15% аралығында, кейбір жеке қималарда 0,40%, ал жеке сынамадарда 1% дейін жетеді. Уран минералдарының 66% настураннан және 34% коффиниттен тұрады [6, 59-61 б.].

Ақдала кен орны – Ақдала кенорнының ашылуы мен зерттелу тарихы Мыңқұдық кенді алаңындағы жүргізілген геологиялық барлау жұмыстарымен тығыз байланысты болып келеді. Алғашында бұл кенорын Мыңқұдық кенорнының тек бір бөлікшесі ретінде қарастырылған болатын. Көп жылдар бойы (1982-1993) Ақдала кен орны Мыңқұдық кенорнының бөлікшесі ретінде барланып зерттелген. Оның жекедара нысана ретінде бөлінуіне көптеген көрсеткіштер себеп болды: біріншіден, Мыңқұдық кенді ауданында оңашаланып орналасуы (Мыңқұдық кенорнының шығыс бөлікшесінен 15 км қашықтықта), екіншіден, кенорындағы уран кенденуінің көп бөлігі (97%) жоғарғы бор кешенінің жоғарғы горизонтында, яғни жалпак горизонтында (K2km-E1) шоғырланған. 1999 жылы «Волковгеология» ұсынысы бойынша Геология және табиғи ресурстар министрлігі Ақдала бөлікшесін жеке кен орын ретінде бөлінген. Ақдала кен орны ауқымында үш бөлікше «Ближний», «Летний», «Дальний» бөлінеді. Ақдала кенорнының геологиялық құрылысында үш құрылымдық формациялық белдем көрініс береді: кристалдық іргетас – жоғарғы протерозойдың порфироидты қабаты, кембрий-ордовиктің бөлшектенбеген шөгінділері және төменгі ордовиктің жаралымдары; аралық құрылымдық қабат – ортаңғы және жоғарғы девонның бөлшектенбеген жаралымдары, таскөмір және пермь жүйелерінің шөгінділері; мезо-кайнозойлық жаралымдар – ортаәлпілік бор және палеоген және кешәлпілік кешолигоцен-төрттік құрылымдық-формациялық кешендерден тұрады.

Буденнов кен орны – қабатты инфильтрациялық типке жатады. Кенорын жоғарғы бордың үш өнімді қабаттарымен байланысты болып келеді. Шу-Сарысу провинциясының оңтүстік-батыс капталында орналасқан. Кенді ауданның оңтүстіктегі шекарасына Үлкен Қаратау жарылымы жатады. Уран кендену мыңқұдық горизонтында және көбінесе інқұдық горизонтына шоғырланған. Планда иілмделген ені 50 м-ден 1,5 км-ге дейін болатын ленталар құрайды. Уран минералдану көбінесе оксидтермен (дисперсті қышқылданған настуран), аз мөлшерде коффинитпен байланысты. Уран қоры бойынша кенорны өте ірі болып саналады.

Жоғарыда қысқаша сипатталып кеткен уран кенорындары кендену сипаты, кен жаралу жағдайы, кен денелерінің морфологиясы бойынша жалпы алғанда ұқсас болып келеді. Осы кен орындардың жалпы ортақ ерекшеліктеріне келесілер жатады:

1. Уран рудалы жатындар қабатты тотығу белдемдерінің шекараларын бойлап 20-40 км дейін созылады; планда олар ені 50-800 м (1,7 км дейін) болып келетін иректелген ленталар құрайды.
2. Уран рудалары әдетте кедей болады. Уранның орташа мөлшері 0,035-0,07%, сирек – 0,1-0,3%, ұяшықтарда – 0,3% жоғары болады. Кен денелерінің қалыңдығы 3,5-8 м-ден 20 м-ге дейін.
3. Қоспа элементтерге селен (0,012-0,2%), рений (0,1-1,0 г/т 68 г/т дейін), ванадий жатады.
4. Уранды минералдану жұқа дисперсті настуран мен коффиниттен тұрады.
5. Кен сыйыстырушы горизонттардың суландыру деңгейі жоғары; қабатты сулардың арынды сипаты және олардың деңгейінің аз тереңдікке орналасуы (50 м төмен), рудалы құмдардың едәуір өткізгіштігі.
6. Кен орындардың аймақтық қабатты тотығу белдемдеріне шоғырлануы.

Қорыта келгенде, Қазақстан Республикасындағы уран кенорындары қорының 90 пайыздан көп бөлігі жерасты шаймалау әдісімен игеруге қолайлы экзогенді қабатты-инфильтрациялық кен орындарда шоғырланған. Осы кенорындардың қомақты бөлігі Шу-Сарысу провинциясында

орналасуы, аталған провинцияның Қазақстанның басқа да уранкенді провинциялары арасында топ жаратын ірі ілгерлі провинция екенінің бір дәлелі бола алады. Тәуелсіз еліміздің экономикасының және әлеуметтік дамуының қазіргі кезеңі геология саласына еліміздің минералдық шикізат базасын нығайту мен ұлғайту туралы мәселені алдымызға қояды. Осы мәселені шешу үшін Қазақстандық уран геологиясының және уран өндіру өнеркәсібінің болашақтағы негізгі міндеттерінің бірі болып Республиканың уран шикізат базасын арттыру және, ең алдымен, сапалы жетілдіру болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Мамитов В.А. Добыча урана методом подземного выщелачивания. – М.: Атомиздат, 1980. – 280 с.
- 2 Тураев Н.С. Понообменные процессы в технологии урана. Учебное пособие. – Томск, 1999. – 156 с.
- 3 Гранов Б.В. Введение в химическую технологию урана. – М.: Атомиздат, 1999. – 92 с.
- 4 Заханов Е.Н., Ребчиков Б.Е., Дьянов В.С. Понообменное оборудование урановых производств. – М.: Энергоатомиздат, 2000. – 150 с.
- 5 Сокурский Ю.Н., Стерлин Я.М., Федорченко В.А. Уран и его сплавы. Учебное пособие. – Москва, 1999. – 175 с.
- 6 Живов В.Л. Уранодобывающая отрасль России: состояние и перспектива развития // Горный журнал. – 2008. – №8. – С.6-11.
- 7 Марин В.К., Литвиненко В.Г., Шелудченко В.Г. Совершенствование технологии гидрометаллургической переработки урановых руд // Горный журнал. 1999. №12. С.59-61.

ООЖ 502.22:001.83
УДК 87.03.09

К.К. Дүйсенова¹, Г.М. Сабденалиева²

*¹2-курс магистранты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

*²п.ғ.к., доцент, Жаратылыстану және география институты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

ТАҒАМ ӨНІМДЕРІН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒАЛАУ (ӘДЕБИ ШОЛУ)

Аңдатпа

Мақала экологиялық таза өнімдер бойынша өзекті мәселелерін қозғаған отандық және шетелдік ғалымдар жұмысына шолу жасалды.

Түйін сөздер: экологиялық таза технологиялар, экологиялық таза өнім

К.К. Дүйсенова¹, Г.М. Сабденалиева²

*¹магистрант 2 го курса,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
г. Алматы, Казахстан*

*²к.п.н., доцент, Институт Естествознания и географии,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
г. Алматы, Казахстан*

ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ ОЦЕНКА ПИЩЕВЫХ ПРОДУКТОВ (ОБЗОР ЛИТЕРАТУРЫ)

Аннотация

Обзорная статья посвящена проблемам экологически безопасных продуктов, освещенных в трудах отечественных и зарубежных ученых.

Ключевые слова: экологически чистые технологии, экологически чистый продукт

K.K. Duisenova¹, G.M. Sabdenalieva²

¹2 course master, Institute of Natural Sciences and Geography

*²Phd senior, Institute of Natural Sciences and Geography,
KazNPU named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

ENVIRONMENTAL ASSESSMENT OF FOOD (LITERATURE REVIEW)

Abstract

The review article is devoted to the problems of environmentally safe products in domestic and foreign scientists.

Keywords: environmental clean technology, environmentally friendly product

Сапалы тамақ өнімдерін өндіру – нарықтық шаруашылықтың кезек күттірмейтін элементі болып табылады. Ол шаруашылық салалары мен халықтың қажеттілігін қанағаттандырудағы экономикалық қатынастардың негізін құрайды. Сондықтан тамақ өнімдері мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін, тамақ өнімдерін тұтыну сұранысын қамтамасыз етеді. Сапалы өнімдерді өндіру Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіру мүмкіндіктерін айқындайтын және әлемдік нарықтағы бәсекелік қабілетін арттыратын маңызды факторлардың бірі. Қазіргі кезде елімізде Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіруге дайындық жұмыстары жүргізілуде, бұл орайда отандық өнімдердің сапасын арттыру алдыңғы кезектегі мәселеге айналды [1].

Қазақстан Республикасының 2007-2024 жылдарға арналған тұрақты дамуға көшу тұжырымдамасында жаңа және экологиялық қауіпсіз технологияларды пайдалану арқылы – өмір сүру сапасының деңгейін арттыруға ерекше мән берілген. Атап айтқанда, ел экономикасына жоғары технологияларды белсенді енгізу нәтижесінде экономикалық жетістіктерге, ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға, экологиялық қауіпсіз технологияларды пайдалануға, сондай-ақ ұлтты сауықтыру үшін тамақ өнімдерін қатаң бақылауға, халықтың жан басына шаққандағы табиғи шырындар мен сүт өнімдерін ұлғайтуға, ішкі нарықтағы тамақ өнімдерінің сапасын бақылауды күшейтуге ерекше көңіл бөлу қажеттілігі айтылған [1, 2].

Біз бұған өз экономикамыздың бәсекелік қабілеттілігін арттыратын экологиялық таза технологияны қолдану нәтижесінде алынатын экологиялық таза өнімдер арқылы халықтың орташа өмір сүру деңгейінің өсуіне, генетикалық ауытқулардың азаюына, иммунитеттің нығаюына, кәсіпорындардың қосымша пайда табуына, денсаулықты қалпына келтіру шығындарын азайтуға, соның нәтижесінде елге қабілеттілікті арттыруға қол жеткізе аламыз [3].

Соңғы он жылдықта шет мемлекеттерде қазіргі жаңа технология бойынша минералды тыңайтқыштар қолданылмаған қоспасыз, табиғи шикізаттан алынатын, экологиялық таза аймақтарда өсірілетін экологиялық таза тамақ өнімдерді өндіретін саланы дамытуға баса назар аударуда. Еуропада 2005 жылы экологиялық таза өнімдердің нарықтағы үлесі бұрынғы 5-тен – 10 пайызға дейін артты. Еуропа елдерінде жыл сайынғы сауда көлемінің өсуі келесідей: Германияда – 5-15%, Данияда, Швеция және Швецарияда – 30-40%. Келтірілген мәліметтерден көрінгендей, Батыс Еуропада экологиялық таза тамақ өнімдерін өндіру алдыңғы орында тұр. Мұнда экологиялық таза тамақ өнімін өндіретін кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдау жүйесі жүзеге асырылады, сертификатталған экологиялық таза тамақ өнімдерін өткізудің ұтымды саясаты жүргізіледі.

ТМД мемлекеттерінде, оның ішінде Қазақстан Республикасында әзірге отандық кәсіпкерлік құрылым әлсіз дамыған: себебі мұнда қаражат, өндіріс қуаты жетіспейді және мемлекет тарапынан қолдау көрсетілмейді. Дегенмен де елімізде шет елдердегі сияқты экологиялық таза тамақ өнімдерін өндірумен айналысатын кәсіпкерлік құрылымдар бар. Бірақ мұндағы экологиялық таза тамақ өнімге қызығушылық қосымша пайда табу нысанына айналды. Экологиялық таза өнім өндіру мен тұтыну үлкен әлеуметтік-экономикалық мағынаға ие, ол – бір жағынан өндірістік-инновациялық кәсіпкерліктің арнайы түрін дамыту; екінші жағынан ұлт денсаулығы мен өмір сапасы деңгейін сипаттайтын көрсеткіштерге қол жеткізу. Осы орайда экологиялық таза тамақ өнімдерінің өндіру мен тұтыну бойынша сараптаулар мен талдауларды, ұтымды және маңызды факторларды, экономикалық тетіктерді қолдануға қатысты ұсыныстар мен пайымдауларды ғылыми негіздеудің маңызы арта түседі. Бұл ерекшеліктер зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындап, оның ғылыми-тәжірибелік құндылығын көрсетеді [4].

Табиғатты пайдалану экономикасы, экологиялық таза тамақ өндірісі, экологиялық таза технология, сапа және бәсекеге қабілеттілік мәселелерін зерттеуге көптеген отандық және шетелдік ғалым-ізденушілер үлес қосты. Олардың қатарында: В.Игнатов, А.Кокин, Л.Батурич, Н.Бурцева, В.Данилов-Данилин, В.Протасов, С.Тяглова, А.Молчанов, Э.Арустамов, И.Левакова, Н.Баркалов Н.А. Киприянов, Р.К. Ниязбекова, М.С. Тонкопий, Е.М. Упішев, С.Мұқаұлы. Нарықтық экономика жағдайында ауыл шаруашылық өндірісті экологизациялау, экологиялық таза ауыл шаруашылығы өндірісімен байланысты экологиялық-экономикалық мәселелер, сапалы тамақ өнім өндірісі мен бәсекеге қабілеттілік С.А. Бабаева, С.К. Диярова, Е. Исабеков, Е.Өмірбекұлының еңбектерінде қарастырылған [4, 5].

Тамақ өнеркәсібі мен халықты сапалы өніммен қамтамасыз ету, сапа және бәсекеге қабілеттілік туралы ғылыми еңбектер тамақ өндірісі өнеркәсібінің дамуына үлес қосты. Дегенмен экологиялық таза тамақ өнімдерін өндіру мен тұтынудың әлеуметтік-экологиялық-экономикалық қырлары толық зерттелінбеген: экологиялық таза өнімдерге шекті бағаны есептеу әдістемесі және өндірушіге қосымша пайда алуға мүмкіндік беретін бағалау әдістемесі қарастырылмаған.

Адам денсаулығы үшін қауіпті нәрсе тамақ өнімдерінде болатын – ауыр металдар. Кез-келген тамақ өнімдерінен ауыр металдарды байқауға болады, бірақ әрбір тағамда металдық ластану дәрежесі (құрылымы) әр түрлі болып келеді.

Ауыр металдардың шамамен 70 пайызы адам ағзасына тамақ өнімдері арқылы түседі. Тамақ өнімдерінің уытты металдармен ластануы адамдардың денсаулығына зиян келтіреді. Өндірілетін өнімнің металдық ластану құрылымы негізгі дайындалатын шикізатты өсіру жағдайы мен тазалығы, оны технологиялық өңдеудің сапалылығы және пайдаланылатын қосымша материалдарға тәуелді болады [6].

IFOAM (органикалық ауыл шаруашылығының қозғалысы жөніндегі халықаралық федерация) анықтамасы бойынша, экологиялық таза өнім – генетикалық өзгеріске ұшырамаған, өсіру мен өндіру кезінде пестицидтер, гербицидтер, улы химикаттар қолданылмайтын өнімдер. Экологиялық таза тамақ өнімі дүние жүзінде әртүрлі терминдермен аталады. Батыс Еуропа елдерінде «биологиялық өнім», Солтүстік Еуропада «экологиялық өнім», АҚШ пен Ұлыбританияда «органикалық өнім», Финляндияда «табиғи өнім» деп аталады [7].

«Экологиялық таза» дәрежесін алу үшін, өнім тек таза күйінде өсіріліп қана қоймай, химиялық заттарды пайдаланбай сақталып, қайта өңделген, жабдыкталған және тұтынушыға жеткізілген өнім болуы керек. Мысалы, Еуропада «био», «эко», немесе «органик» маркаларымен белгіленген тауарлар тыңайтқыштар, улы химикаттар және пестицидтерді пайдаланылмай өндірілген өнім түрін білдіреді.

Экологиялық таза тамақ өнімі дегеніміз – адам денсаулығына өмір бойы зиянын тигізбейтін, болашағына кері әсер етпейтін өнім және оның құрамында әр түрлі уытты заттардың, агрохимикаттардың, ауыр металдар мен радионуклидтердің болмауы тиіс. Экологиялық таза өнімді өндіруіне байланысты келесідей бөлуге болады: 1. Экологиялық таза өнім – бұл құрамында зиянды заттар дәстүрлі өнімдерге қарағанда аз, (жол берілетін шекті шамадан аспайтын) сапасы бойынша нормативті құжаттарға сәйкес өнімдер. 2. Экологиялық таза өнім – экологиялық таза аумақта қосымша минералды тыңайтқыштарсыз, қалдықсыз немесе аз қалдықты технологиялар көмегімен табиғи шикізаттан алынған өнім.

Ауыл шаруашылығында экологиялық таза өнім алу үшін, 3-5 жылға дейін химикаттар әсері байқалмайтын топырақ пайдаланылады. Экологиялық таза өнім ұғымы 1924 жылы Р.Штайнердің теориялық негіздеуімен қалыптасты, ол кезде тәжірибе жүзінде биодинамикалық аграрлық қызметтер жүзеге асырыла бастады. 1930-1940 жылдар аралығында бұл идея Швейцарияда Г.Мюллердің, Ұлыбританияда Э.Бэлфер мен А.Ховордың, Жапонияда Фукуокойдың бастамасымен дами бастады (1-кесте).

Органикалық тауарларды тұтыну Одағының экологиялық ұйымдармен бірлесіп отырып жұмыс жасауы генетикалық құрамы өзгертілген ауыл шаруашылық өнімдерінің нарықта пайда болуына қарсы күрес жүргізуіне мүмкіндік туғызды. Ал қазіргі кезде органикалық және агроөндірістің басқа да әдістерін нақты жолға қою қажеттілігі пайда болуда. «Био» сауда белгісі тұтынушыға өнімнің нақты белгіленген әдістерді қолдана отырып өндірілгендігін көрсетеді, яғни талаптарға сай келетінін бейнелейді. Бұл органикалық секторда өсірілетін өсімдік түрі мен сорты, мал, аң, құс тұқымы және балық түрлері дәстүрлі секторларда да өсірілетінін көрсетеді. Дегенмен органикалық өнімдердің тұтыну құндылығы дәстүрлі өнімдерге қарағанда ерекшеленеді. Мысалы, органикалық және дәстүрлі секторларда өсірілген, алмаанын элемент құрамы, түсі, көлемі бірдей болмайды, органикалық секторда өндірілген өнімде химиялық заттардың болмауы өнімнің тұтынушы үшін тартымдылығын көрсетеді [8, 9].

Қазақстан Республикасындағы тамақ өнеркәсібі өнеркәсіп салаларының маңызды стратегиялық саласы және тұрғындарды сандық, сапалық тағам өнімдерімен тұрақты қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Донченко Л.В., Надыкта В.Д. *Безопасность пищевой продукции: учебное издание / второе переработанное и дополненное.* – Москва: Дели принт, 2007. – 41 с.
- 2 Нечаев А.П., Траубенберг С.Е., Кочеткова А.А. *Пищевая химия: учебник для студентов вузов, обучающихся по направлениям: 552400 'Технология продуктов питания' / 2-е издание, переработанное и исправленное.* – СПб.: ГИОРД, 2003. – 479 с.
- 3 Никифорова Т.Е. *Безопасность продовольственного сырья и продуктов питания: учебное пособие ГОУ ВПО «Иван. гос. хим.-технол. ун-т».* – Иваново, 2007. – 132 с.
- 4 Ребезов М.Б., Губер Н.Б., Касымов К.С. *Основы законодательства и стандартизации в пищевой промышленности: учебное пособие.* – Алматы: МАП, 2015. – 208 с.
- 5 Акименко Е.А. *Внедрение системы управления безопасностью пищевой продукции // Стандарты и качество.* 2008. №2. С.90-92.
- 6 Гумеров Р. *Как обеспечить продовольственную безопасность страны? // Российский экономический журнал.* 2007. №9. 61 с.
- 7 Дулченко Н.И. *Управление качеством в отраслях пищевой промышленности: учеб. пособие / Н.И. Дулченко, М.Д. Магомедов, А.В. Рыбин.* 2-е изд. М., 2008. 211 с.
- 8 Ермолаева Е.О. *Системы менеджмента качества на предприятиях пищевой и перерабатывающей промышленности: монография / Е.О. Ермолаева, Н.В. Сурков.* Кемерово, 2009. 388 с.
- 9 *Управление безопасностью в пищевой промышленности на основе системы прослеживаемости // Стандарты и качество.* 2010. №5. С.82-85.

ООЖ 574.3

УДК 634.35.17.

Н.А. Бекенова¹, Ә.М. Айтман²

¹б.ғ.к., доцент,

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

*²«БМ011300 Биология» мамандығының 1-курс магистранты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДА ТІРШІЛІК ЕТЕТІН ҚҰСТАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТОПТАРЫНЫҢ БИОАЛУАНТҮРЛІЛІГІ

Аңдатпа

Алматы қаласы территориясында мекендейтін құстардың 235 түрі кездеседі. Оның 53 түрі ұя салатын қанаттылар, ал 87 түрі – жыл құстары, 59 түр – қыстайтын қанаттылар және кездейсоқ ұшып келетіндері – 32 түр. Мұндағы құстардың көп мекендейтін ландшафтарының типтері мен тіршілік ету ерекшеліктеріне байланысты 6 экологиялық топтарға бөлінеді: ағаш-бұта құстары, жер беті мен ашық алаң құстары, сұманы құстары, су құстары және ұшып жүріп қорегін аулаушы құстар.

Түйін сөздер: құстар, экологиялық топ, тіршілік ету ортасы, мекендеу ортасы

Н.А. Бекенова¹, А.М. Айтпан²

*¹к.б.и., доцент,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан*

*²магистр 1 курса 6M011300 «Биология»,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан*

БИОРАЗНООБРАЗИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ ГРУПП ПТИЦ, ЖИВУЩИХ В ГОРОДЕ АЛМАТЫ

Аннотация

На территории Алматы обитают 235 видов птиц. Из них 53 вида – гнездящихся пернатых, 87 вида – обычных птиц, 59 видов – зимующих и 36 вида – перелетных. Все обитающие виды птиц, в зависимости от типов природных ландшафтов и особенностей жизнедеятельности, делятся на 6 экологических групп: лесные птицы, птицы, живущие на открытых пространствах, птицы водоёмов и побережий.

Ключевые слова: птицы, экологическая группа, жизнедеятельность, обитание

N.A. Bekenova¹, A.M. Aitpan²

*¹c.b.s., associate professor,
Kazakh National Pedagogical University named after Abay,
Almaty, Kazakhstan*

*²master student of 1 course 26M011300 «Biology»,
Kazakh National Pedagogical University named after Abay,
Almaty, Kazakhstan*

BIODIVERSITY OF ECOLOGICAL BIRDS GROUP, LIVING IN THE CITY OF ALMATY

Abstract

There are 235 species of birds in the territory of Almaty. Of these, 53 species of nesting birds, 87 species of birds, 59 species of hibernating and 32 migratory species. All living bird species, depending on the types of natural landscapes and features of life activity, are divided into 6 ecological groups: tree birds; terrestrial and open spaces of a bird; open air spaces.

Keywords: birds, ecological group, vital activity, habitat

Құстар табиғаттың керемет тіршілік иелері. Олардың түрлері өте көп. Оның ішінде мекен ету ерекшелігіне қарай жыл құстарыда кездеседі. Жыл құсы, салқын түссе, жылы жаққа ұшып кетіп, көктемде қайта ұшып келетін құстар – көкек, қарлығаш, аққу, қараторғай, бұлбұл, тоқылдақ, үйрек, қаз, тырна.

Алматы қаласы құстарының экологиялық топтары олардың көп кездесетін ландшафтарының типтері мен тіршілік ерекшеліктеріне қарай қарастыра аламыз. Осыған орай көпшілік зерттеушілер құстарды ландшафты типтері мен қимыл-қозғалыс ерекшеліктеріне қарай шартты түрде негізгі 6 экологиялық топтарға бөледі. Олар: 1) ағаш – бұта құстары; 2) жер беті мен ағаш құстары; 3) ашық алаң құстары; 4) сумаңы (жағалау) құстары; 5) су маны құстары; 6) ұшып жүріп қорегін аулаушы құстар. Осы экологиялық топтың Алматы қаласы құстарына да қатысты екенін айтып өткен жөн.

Қаладағы жер беті – ағаш құстарының кейбір түрлері ұясын ағаштар мен бұталар арасына немесе ағаш қуыстарына салса, кейбіреулері жерге салады. Бұл топқа жататын құстар ерекшелігі сол қорегін жерден де, ағаш сүлбесінен де жинайды. Бұл топтағы құстарға құртектер (меніреу құр, құр, шілдер), қырғауыл, көптер, кейбір тотықұстың түрі, көкек және көкқарға, көптеген қарғатектер, сайрауықтар, тарғылтайлар, қараторғайлар, көкқарғалылар жатады.

Жерде тіршілік етуге біршама жақсы бейімделгендер қатарына аққу, құр, меніреу құр, сұр құр,

кекілік, дырдулар, дуадактар, дала шілі, сұр шіл, қырғауыл жатады. Құстардың аяқтары салыстырмалы түрде қысқа, күшті, қысқа саусақтары өткір емес, артқы саусағы кішкентай немесе мүлдем болмайды. Құстардың құмды жерлерде мекендейтіндерінің саусақтары тарбиған бұлдырықтар мен дуадактар, ал шиыршық тасты ашық алаңда мекендейтін қылқұйрық немесе қылантөс бұлдырықтың саусақтары бір-бірімен бірігіп, тайтұяктөктес тырнақпен жабықталған құстабан болғандықтан, мұндай аяқ тасты жерлерде жүруіне қолайлы. Бұл құстардың барлығы дерлік жүреді, әрі жүгіреді, қауіп-қатер төнгенде қашып құтылады немесе ұшып кетеді. Кейбір түрлері бүркенішті реңді болғандықтан бұғып қалады. Қорегін іздегенде топырақты аяқтарымен тырмалап, тұмсығы мықты, ұзындығы әртүрлі, өсімдіктөктес және жануартектес қоректерді ұстауға икемді, өсімдіктердің тамырсабағын, тамыртүйнегін және пиязшығын қазып қоректену үшін тұмсығында пайдаланады.

Алматы шахарындағы суманы немесе жағалау құстарына тоқталсақ, бұл экологиялық топқа барлық ұзын сирақтылар немесе ләйлектәрізділерді жатқызамыз, атап айтсақ, ұзынсирақ шалшықты, жалбағай, зымыран, балықшы тұйғын, т.б. Бұл экологиялық топқа жататын құстар түрлі сазды жерлерді – жағалауларында өсімдік өскен не ашық суқоймалары мен батпақты жерлерді мекендейді. Осы топтағы құстардың сипаттамасына тоқталсақ, көпшілігінің аяқтары ұзын жіліншіктері мен сирақтары ұзарған, соңғысының төменгі жағы қауырсынданбаған, құтандардың, көпшілік сұтарлардың, кейбір шалшықшылардың 4 саусақтары да жіңішке әрі ұзын, кейбіреулерінің артқы саусағы кішкентай не жоқ, енді біреулерінің саусақтарының түбі аздап жүзу жарғағымен жабықталған болып келеді. Осы ерекшеліктерімен қалың шөп арасынан, таяз сулардан және батпақты жерлерде қауырсындарын суламай, батпай жүруіне әрі еркін жүгіруіне болады. Өзен жағалауында мекендейтін құстардың көпшілігі жануарқоректілер болады. Бұларға құтандар, ләйліктер, балбабас құс, күнсүйгіш құтан жатады. Осы құстардың көпшілігі омыртқасыздармен, балықтармен, қосмекенділермен қоректенеді. Бұлардың ұзарған, ұштары үшкір және екі жағы өткір кескіш тұмсықтары жемтіктерін қысқыш сияқты қысып ұстауға немесе тұмсығымен соғып есенгіретуге бейімделген. Жалбабай майда су жөндіктерімен қоректенеді, осыған орай олардың тұмсықтары жалпақ, күректәрізді, яғни майда қозғалғыш жемтіктерді сүзіп аулауға бейімделген. Осындай қорек түрімен қоректенуші бізтұмсықтың – *Recurvirostra avosetta* тұмсығы ұзын әрі жіңішке, үстіне қарай қайырылған, ұшы аздап жалпақтау келеді.

Тырна құтандар, көптеген сұтамырлар мен шалшықшылар әртүрлі майда омыртқасыздармен қоректенеді. Оларды тек шалшық сулар мен жағалаулардан ғана емес, сонымен қатар топырақтың үстіңгі қабатынан да аулайды. Бұлардың тұмсықтары ұзын әрі жіңішке, кейбіреулерінде олар аздықөпті имек, ұшында көптеген сезгіш денешіктері болады. Батпақты шалшық суларда емін-еркін жүзу жарғақтары жақсы дамыған қоқиқазды айта аламыз. Батпақты лай жерде немесе суда қалқып жүзетін майда омыртқасыздар мен планктонды балдырларды сүзгіш аппаратының көмегімен тұмсықтың және етті тілдің екі жағындағы мүйізді тақтайшалармен аулап, қоректенеді.

Су құстары – бұлар теңізде, оның өзен жағалауына жақын суқоймаларында көптеп кездеседі. Оларда үлкен ақ құтан, үлкен сұқсыр, борпылдауық үйрек, жылқышы құс, сұтартар, тау маңқысы, бұлыңғыр тауқұдірет, кәдімгі және қоныр сұлықөші, қалақай торғайы және көкқұс, маймаққаздар, сұқсыртәрізділер, түтіктұмсықтылар, бұйра бірқазан, қызғылт бірқазан, су құзғындары және жылан мойындылар, қазтәрізділер, кейбір сұтартарлар және тырнатәрізділерге жататын қазтабантектестер – *Helimithidae*, татрентәрізділерден қалытқытектестер – *Phalaropodidae* жатады. Сұқсырларда, сұтартарларда және қалытқы шалшықшыларда жүзу жарғағы болмайды, бұлардың 3 саусағы да мықты әрі серпімді мүйізді әдіптермен әдіптелген және саусақтарының үстіңгі қыры биіктеу болып келеді. Ұяларын жағалауда, жиі жерде және жартастарда, сирек болса да құлаған қамыстар мен ағаштардың үстіне салады. Кейбір мұнтаздар сүңгігіш дауылпаздар ін қазып, сонда ұялайды. Сұқсырлар мен қасқалдақтар суасты өсімдіктермен қалқымалы ұя салады. Бұл топтағы құстардың көпшілігі жануартектес азықтармен: балықтармен және әртүрлі су омыртқасыздармен қоректенеді. Қалытқы шалшықшыларжүзіп жүріп өскек тәзірді жіңішке тұмсығымен су бетінен және суүсті өсімдіктерінің жапырақтарынан майда омыртқасыздарды шұқып ұтаса, бізқазандар сүңгей алмайды. Олар балықты судың таяз жерлерінде астыңғы тұмсығымен сүзіп, тамақ қапшығына жинайды. Сүңгігіш дауылпаздар, су құзғындары, жыланмойындар, қазтабандылар жүзіп жүріп, су бетіне көтерілген балықтар және басқа омыртқасыздарды аулайды, десе де, бұл құстар жемтігін, негізінде, су қабатынан не болмаса су түбінен аулап қоректенеді. Өсімдіктермен қоректенетін су құстарының тұмсығы өсімдік бөліктерін жұлып алуға және су жануарларын ұстауға бейімделген.

Құстардың ұшып жүріп қорегін аулаушы түрлері көп кездеседі. Осы түрлердің тіршілігі сулы ортамен байланысты. Бұларға тән белгілер: қанаттары ұзын әрі жіңішке, үшкір, ұшуы мәнерлі және

ұзақ уақыт қалықтай алады. Саусақтары жүзу жарғағымен көмкерілген. Суда және жағалауда демалады. Су үстінде әртүрлі биіктікте ұшу арқылы жемтігіне құлдилап түсіп, қорегін аулайды. Суккерлердің – Rhyncoridac су бетімен шамамен астыңғы тұмсығының 1-3 бөлігін суға батырып ұшады, тұмсыққа жанасқан шабақтармен майда балықтар немесе шаянтәрізділер секіріп, ауыз қуысына түседі, осы кезде суккер ауызын жаба қояды. Кейбір құстар жем алып келе жатқан басқа құстардың шоғырына жабуыл жасап, олардың жемтігін тастауына немесе құсуына күштейді.

- жалпы білім беру барысында ғасырлар бойы жиналған жалпы адамзаттық құндылықтарды психология-педагогикалық тұрғыдан қалыптастыру тәсілдерін кеңінен пайдалану;

- қазіргі кездегі ақпараттық технология мүмкіндіктерін тиімді пайдалана отырып, пәндерді байланыстыра оқыту арқылы оқушылардың құзыреттілігін арттырып, оларды шығармашылық дербестікке жеткізу;

- оқушылардың қатынастық (коммуникативтік) мәдениетін қалыптастыру, озық педагогикалық технологияларды пайдаланып олардың теориялық – практикалық білім-біліктерін тереңдету әрі кеңейту [2].

Олай болса, жаратылыстану пәндерінің кіріктіре оқытуды зерттеген ғалымдардың еңбектерін қарастырған жөн. Бұл туралы кезінде Я.А. Коменский, А. Дистербег, И.Г. Песталоцци, К.Д. Ушинский және т.б. педагогтар өзінің іс-тәжірибелеріне сүйенсе отырып айтып өткен.

Орта мектепте кіріктіре оқытудың тиімді технологиясын жобалаумен тығыз байланысты екені белгілі. Сол себепті, бұл үрдіс тиімді оқытудың проблемалық (мәселелік) принципін сүйенсе отырып жүзеге асырылуы тиіс.

Бүкіл дүние жүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында қазіргі кезде Қазақстанда білім берудің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл үрдіс педагогика теориясы мен оқу-тәрбие ісіне нақты өзгерістер енгізумен қатар, елімізде жүргізіліп жатқан түрлі бағыттағы реформаларға жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын тұрғысынан бағалай отырып саралауды, жастардың шығармашылық әлсуетін дамытуды, мұғалімнің іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беру, мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі қазіргі кезде білім беру саласындағы маңызды мәселелер деп саналады.

Орта мектепте пәндерді кіріктіру арқылы ақпараттық технология құралдарын пайдалану оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді. Қазіргі ақпараттық технологияның қарқынды даму кезеңінде білім ордаларындағы оқу үрдісінің тиімділігі оқытушының педагогикалық шеберлігі мен дайындығына тікелей байланысты. Бұнда мұғалімдердің қазіргі заман талаптарына жауап беретін технологиялары бар кәсіпорындар базасында өндірістік практикадан өтуі, зертханалық сабақтар кезінде мүмкіндігінше ақпараттық технология құралдарын кеңінен пайдаланудың маңызы зор.

Жалпы алғанда, кіріктіру мақсаты дидактикалық, психологиялық, әдіснамалық, физиологиялық талаптардан туындайды. Бұл өз кезегінде сабақтың тиімділігі мен пәрменділігінің артуына, дидактикалық принциптердің жүзеге асуына, оқушылардың танымдық белсенділігінің дамуына септігін тигізеді.

Биологияны химиямен байланыстыра оқығанда, сабақта өтілген материалдарды толықтырып, оқушылардың білімінің тереңдеуіне, әр саладағы білім қорларын жүйелі түрде игеруге көмектеседі және оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, диалектикалық-материалистік көзқарасын қалыптастырады.

Педагогикалық ой-пікірдің дамуында және мектеп тәжірибесінде пәнаралық байланыс проблемасымен көптеген педагогтар шұғылданған.

Мәселен, осы мәселемен арнайы шұғылданып, өз еңбектерін жазған Д.П. Ерычин, В.И. Колесниковты, өз республикамызда Н.Н. Гатаулин, Қоянбаев, С.М. Мұсабеков, Л.Дюсупова және басқа да әдіскер-педагогтарды айтуға болады. Бірақ пәнаралық байланыс педагогиканың әлі де толық зерттеліп бітпеген, күрделі саласы.

Ал, В.В. Докучаев – өзгеше мақсатты, жанашыл, табанды адам өзінің еңбегімен еркі нәтижесінде алдына қойған мақсатына жете білген. Өз дәуіріндегі философиялық және қоғамдық пәндерді жаратылыстану пәндерімен байланыстыра қарастырған.

А.М. Бутлеров жаңа атомдық ілім негізінде табиғат туралы идеясын дамытып, материя туралы білімнің дамуында маңызды роль атқарған зат құрылысы теориясын жасады.

В.И. Вернадский еңбектерінде жаратылыстану мен философияның өзара байланысы тұрақты және шығармашылық сипатта болды.

Ғалымдардың зерттеу жұмыстарына жасалған талдау нәтижесінде, атап айтқанда: Н.М. Верзилин, В.М. Корсунский, И.Т. Суравгина, А.И. Соловьева, И.С. Матрусова биологиялық білім берудің экология, география, химия пәндерімен байланыстыра отырып дамытуды ұсынған.

Ал, кіріктіре оқыту мәселесі бойынша зерттеу жұмыстары республикамызда қазіргі таңда қолға алына бастады. А.А. Бөйсенбаева, Қ.А. Аймағамбетова, Ә.Мұқанбетжанова, Ә.Түркіменбаев және т.б. зерттеушілердің ғылыми-әдістемелік зерттеу тақырыптары мен кандидаттық диссертацияларында кіріктіре оқыту мәселелері және еңбектерінде қарастырылған.

Жоғарыда көрсетілгендей, заман талабына сәйкес мамандар дайындау мәселелері интеграциялық түрде шешімін тапқанымен осы мәселелерді біріктіретін кешенді әдістеменің болмауы осы бағыттағы зерттеу жұмыстарының тиімді жүргізілуіне кері әсерін тигізуде.

Қазіргі педагогикалық оқытуға көшу жағдайында пәндерге бөлінетін сағат санының азаюы пәндердің мазмұнын байланыстыру одан әрі арттырып, осы үрдісті пән мазмұнына сай жасақталу мәселесін шешумен ұштастыруды керек етіп отыр. Себебі, оқыту бағдарламасын жасауға оқу-әдістемелік құралдардың және әдістемелік нұсқаулардың бірнеше авторлары шақырылып, мұндағы мақсат көбінесе сол материалмен әдістемені компьютер арқылы іске асырумен шектеледі. Тіпті, психология-педагогикалық теорияны оқыту бағдарламасын жасау негізі ретінде қарастыратын мамандар да өзінің ұсыныстарында оқыту бағдарламасын ЭЕМ арқылы жобалау деңгейінен аса алмауда.

Жоғарыда келтірілген ғылыми еңбектермен танысу және оларды талдау нәтижесінде біз мынадай қорытындыға келдік: кез келген пәнді оқыту әдістемесі сияқты орта мектепте жаратылыстану пәндерінің мазмұнын кіріктірілмей, оларды ақпараттық-анықтамалық сипатта оқытпай жоғары пәндік білімге қойылатын біліктер жүйесі ретіндегі мемлекеттік стандарт талаптарының қанағаттандырылуына қол жеткізу мүмкін емес.

Осы ретте орта мектепте жаратылыстану пәндерін кіріктіре оқыту қажеттілігі мен осы қажеттіліктің практика жүзінде өскерілуі арасында бірнеше қарама-қайшылықтар туындап отыр, атап айтқанда:

- орта мектепте арнаулы компьютерлік кабинеттерді жабдықтау талаптарының орындалмауы;
- ақпарат көздерін пайдалану, ондағы мәліметтерді іріктеу жөніндегі әдістемелік нұсқаулардың аздығы, әсіресе оның мемлекеттік тілде кемде-кем болуы;
- орта мектептегі оқытылатын пәндердің басым көпшілігінде білімді кіріктіру мүмкіндіктерін пайдалану тәжірибесінің аздығы;
- білім ордаларында оқу-тәрбие үрдісін байланыстырудың кешенді түрде, толығымен жүзеге асуының мүмкін болмай отырғандығы;
- пәндерді кіріктіруге мазмұндық-құрылымдық тетіктерді пайдалануға негізделген қолданбалы бағдарламалардың жеткіліксіздігі;
- педагогикалық мазмұнға өту жағдайында пәнаралық байланыстыру, мазмұн сабақтастығын сақтау, білімді жүйелесу т.б. талаптарының қойылуы мен оларды орындау бағытындағы жұмыстардың аз болуы, соның ішінде электрондық оқулық басылымдармен жабдықтау деңгейінің төмендігі.

Бұл қарама-қайшылықтарды шешу, біріншіден, оқушыларды классикалық педагогикадағыдай оқыту объектісі ретінде қарастырмай, заманауи білім беру парадигмасына сәйкес оларды өзіндік қабілеттері дами түсетін белсенді субъектіге айналатындай етіп оқу-тәрбие үрдісін педагогикалық технологиялар негізінде қайта құруға тікелей байланысты.

Екіншіден, кіріктіру арқылы материал мазмұнының тереңдігін және оны саналы меңгеруді қамтамасыз ете отырып, оқушылардың өздік жұмыстарының орындалу деңгейін көтеруге қол жеткізсе болады.

Орта мектепте биология пәндерін оқыту жұмысында атқарылып жатқан істерге талдау жасай отырып, қазіргі жаратылыстану пәндерін оқыту үрдісіндегі қайшылықтар негізінде байланыстыра отырып оқыту арқылы жетілдірудің жолын іздестірудің керектігін байқадық. Аталған қайшылықтар шешімін тапқан кезде оқушылар жаратылыстану пәндерінен алған білімдері негізінде кіріктіру арқылы мемлекеттік стандарт талаптарына сай белсенді оқу принципінің және бәсекеге қабілетті, өздігінен ойлап, тұжырым жасай алатын, өзгермелі өмір жағдайларында дұрыс шешім қабылдайтын тұлға болып қалыптасуына жол ашады.

Сөйтіп оқыту үрдісін «оқушыларға терең білім беру» парадигмасынан «нақты өмірде нәтижелі іс-әрекеттер жасай алатын, меңгерген білімін тиісті жерде қолдана білетін жастарды дайындау» парадигмасына өту талаптарына сай, ұйымдастыру мәселелері жан-жақты қарастырылып, дұрыс жолға қойылар еді.

Жаңа білім беру парадигмасының талаптарын, яғни орта мектепте пәндерді оқытудың анықтамалық-ақпараттық әдісі арқылы пәнді оқып үйрену үрдісін П.Я. Гальперин мен Н.Ф. Талызина: «Ақыл-ой іс-әрекеттерін сатылап қалыптастыру теориясына сәйкес жоспарлап жүргізуге көшу арқылы қанағаттандыруға болады» – деп көрсеткен [3, 4]. Ақыл-ой іс-әрекеттерін,

соның ішінде жаратылыстануды биология пәндерін оқытуды ақпараттандыру негізінде байланыстыра оқыту кезеңдері, оқу үрдісін басқару кезеңдері де болып табылатындықтан, оларды дұрыс ұйымдастырып, тиімді пайдалана отырып өткізу әдістемесін жасау – жоғарыда аталған еңбектерде шешімін толық таба алмаған өзекті мәселе. Сондықтан да, біз орта мектепте білім беру үрдісін тұтастай қарастыру негізінде, биология пәндерін кіріктіре отырып, жоғарыда айтылған талаптарға сәйкестендіріп ақыл-ой іс-әрекеттерінің қалыптасуына жұмыс жасауға тырыстық.

Орта мектепте оқушыларды нақты өмірде нәтижелі іс-әрекеттер жасай алатын деңгейде дайындау талаптарына сай оқытудың ғылыми-әдістемелік нұсқауын беруді көздей отырып шешуді, жоғарыда келтірілген карама-қайшылықты орта мектепте биология пәндерінен кіріктіру арқылы білім беру мәселесін ғылыми әдістемелік тұрғыдан қарастыруды көздедік.

Орта мектепте білім беруді биология пәндерін кіріктіре оқытудың мақсаты тек мазмұны бір пән бойынша білім алып қана қоймай, кіріктіре білімді өзінің іс-әрекетінде оңтайлы пайдаланудың, білім сапасын дамытудың үлгісі ретінде қолданылу мүмкіндігінде.

Болашақ мамандардың жаратылыстану ғылымдарының негізінен саналы меңгертуге жағдай жасау талабынан туындауда. Біз зерттеу жұмысымызда пәнаралық кіріктіруді жүзеге асырған кезде сағат санын қысқартуды көздемейміз. Керісінше, оқушылардың бір пәннен алған білімін келесі пәнді оқытуда байланыстыра отырып, білімнің ғылыми кеңюі мен тереңдеуін, олардың ортақ ұғымдарды саналы меңгеруін, тиімді және ұтымды пайдалануын қамтамасыз ету мәселелеріне баса көңіл бөлміз.

Бұл мәселелерді тиімді шешу үшін ол жұмысқа педагогикалық-әдістемелік тұрғыда қарау, бұл жұмысты ғылыми негіздеу қажет. Біз бұл мәселені келесі жоспар негізінде шешуді жөн санаймыз [5]:

- оқу үрдісін кіріктіру арқылы оқытудың ғылыми-теориялық негізін анықтау;

- оқу үрдісіндегі зертханалық, сарамандық сабақтарды байланыстыру негізінде пәндерді оқытудың әдістемесін жасау;

- орта мектепте пәнді кіріктіру білік-дағдыларын қалыптастыру арқылы олардың бұл істі жүйелі жүзеге асыруына қол жеткізу;

- оқушыларға білім-білік, дағдыны меңгеру үшін білім беруді кіріктіруді пайдалануға үйрету.

Орта мектепте пәнді оқыту барысында жүргізілген бақылау нәтижелерін қорытындылай келе біз мынадай тұжырымдарға келдік:

- орта мектепте кіріктіру ісі әлі де баяу жүзеге асуда;

- орта мектепте пәнді кіріктіруде ақпараттандыруға байланысты практикалық тәжірибенің аздығы мен оқу пәндерінің мазмұнын байланыстырудың мазмұндық және құрылымдық механизмдерін көрсететін қолданбалы бағдарламалардың жеткіліксіздігі оқу үрдісін, оны жүйелі енгізуге кедергі болып отыр;

- орта мектепте оқыту үрдісін кіріктіру арқылы оның мүмкіндіктерін ескере отырып пайдалана алатын, оны жоспарлау, құрылымдау, әртүрлі нұсқаларын өзгерту мүмкін болғанда ғана оқу үрдісі нәтижелі болады.

Осы ретте білім беруді кіріктіру – тек оқып үйрену объектісі ғана емес, оны диагностикалау құралы ретінде түсіну қажет. Сондықтан да, оқушылардың ақпараттандыру мүмкіндігін білім көзі, ресурс ретінде және оқыту үрдісін оңтайлы ұйымдастырудың құралы ретінде пайдалану арасында қайшылықтар кездеседі. Оған қол байлау болып отырған кейбір жағдайлар бар, мысалы, білім беруді байланыстырудың толық қамтамасыз етілмеуі, арнайы бағдарламалардың аздығы, компьютерлік сыныптардың шектеулі болуы, т.с.с. осы себепті, орта мектепте білім беруде, оқытуды жоғары деңгейге көтеру үшін оның оқу мазмұнын, оны өткізуге арналған бағдарламаларды, ақпараттандыру мүмкіндігін кенінен пайдалану арқылы оқушылардың биологиядан құзыретін қалыптастыруға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы №1459 Жарлығымен бекітілген. Қазақстан Республикасындағы Президенті мен Қазақстан Республикасы. Астана, 2004. Б.4-38. // Егемен Қазақстан, 2004 ж. 16 қазан. №258(23893).

2 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» Заңы // Егемен Қазақстан 2007 ж. 15 тамыз. №254. 256 б.

3 Гальперин П.Я. Введение в психологию: Учеб. пособие. М., 1999. 322 с.

4 Талызина Н.Ф. Педагогическая психология: Учебно-методическое пособие. М.: МГУ, 1997. 63 с.

5 Опербаева З.О. Интеграциялық білім беру негізінде студенттерді диалогтық оқытуды жүзеге асыру арқылы сыни тұрғыдан ойлауға үйрету мүмкіндіктері. // «Дуальді-бағдарлық білім беру жағдайында мектеп-колледж-жоғары оқу орны іс-әрекеттерінің интеграциясы». Ғалымдар мен мұғалімдердің I республик. конф. мат. – Алматы, 2016. – Б.519-523.

Ж.Қ. Қуанышева¹, З.М. Аргынбаева²

¹п.ғ.к., аға оқытушы,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

²химия магистрі, аға оқытушы,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ХИМИЯНЫ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ӘРЕКЕТТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

Аңдатпа

Қазіргі заманғы инновациялық мектептің негізгі мақсаты – оқушының өз бетінше білім алу қабілетін дамыту, функционалдық сауаттылықты, түрлі мәселелерді шешуде ғылыми көзқарасты қалыптастыру. Бұл мақалада танымдық оқу іс-әрекетінің тұжырымдамалық схемасын қалыптастыру сипатталады. Оқыту үдерісін жетілдіру ұйымның толыққанды танымдық қызметіне мүмкін емес, яғни оқушының мотивациялық іс-әрекеті жеке немесе мұғаліммен және құрадастармен бірге оқу пәнінің мазмұнын меңгеруге бағытталған, жалпы және ерекше оқытылатын пән үшін ғылыми-танымдық қызмет, репродуктивті, эвристикалық оқу тәсілдерін меңгеру, танымдық міндеттерді бақылау және түзету нәтижелерін шешуді қамтиды, бұл ретте оқушының ақыл-ой және адамгершілік дамуын қамтамасыз етеді, ол танымдық қызметте белсенді субъект ретінде қалыптасады.

Түйін сөздер: танымдық іс-әрекет, оқу, таным, танымдық белсенділігі, оқу-танымдық мотивация, өзіндік жұмыс

Ж.К. Қуанышева¹, З.М. Аргынбаева²

¹к.п.н., старший преподаватель,
Казахский государственный женский педагогический университет,
г. Алматы, Казахстан

²магистр химии, старший преподаватель,
Казахский государственный женский педагогический университет,
г. Алматы, Казахстан

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ УЧАЩИХСЯ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ ХИМИИ

Аннотация

Современная инновационная школа ставит своей целью развить у ученика способности к дальнейшему самостоятельному приобретению знаний, функциональной грамотности, формирование навыков научного подхода в решении различных задач. В статье описывается концептуальная схема формирования познавательных действий в учебной деятельности. Совершенствование процесса обучения невозможно без организации полноценной познавательной деятельности, т.е. мотивированной деятельности ученика, осуществленной им индивидуально или совместно с учителем и сверстниками, направленной на усвоение содержания учебного предмета, овладение общими и специфическими для изучаемого предмета учебными приемами репродуктивной, эвристической и исследовательской познавательной деятельности, включающей контроль и коррекцию результатов решения познавательных задач, при этом обеспечивается умственное и нравственное развитие учащегося, формирование его как активного субъекта познавательной деятельности.

Ключевые слова: познавательная деятельность, обучение, познание, познавательная активность, учебно-познавательные мотивации, самостоятельная работа

Zh.K. Kuanysheva¹, Z.M. Argymbaeva²

¹*candidate of pedagogical sciences, senior lecturer,
Kazakh state women's Teacher training University,
Almaty, Kazakhstan*

²*master's degree,
Kazakh state women's Teacher training University,
Almaty, Kazakhstan*

IMPROVEMENT OF COGNITIVE ACTIVITY OF STUDENTS IN THE PROCESS OF TRAINING CHEMISTRY

Abstract

The modern innovative school aims to develop the student's ability to further independent acquisition of knowledge, functional literacy, the formation of skills of a scientific approach in solving various problems. The article describes a conceptual scheme for the formation of cognitive actions in educational activities. Improving the learning process is impossible without the organization of a full-fledged cognitive activity, i.e. motivated activity of the student, carried out individually or jointly with the teacher and peers, aimed at assimilating the content of the subject, mastering the educational methods of reproductive, heuristic and research cognitive activity, including control and correction of the results of solving cognitive tasks, while ensuring mental and moral development of the student, its formation as an active subject of cognitive activity.

Keywords: cognitive activity, learning, cognition, cognitive activity, educational and cognitive motivations, independent work

Оқу белсенділігінің әдіснамалық негізі – таным теориясы болып табылады. Оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендіруде оқытудың әдістері мен құралдары қолданылады. Оқушылардың танымдық қызығушылығы олардың білімінің деңгейі мен сапасына, ойлау іс-әрекеті мен әдіс-тәсілдерінің қалыптасуына байланысты.

Танымдық әрекеттің негізінде оқушыларда танымдық белсенділік қалыптасады. Танымдық белсенділік – оқушының оқуға, білуге деген ынта-ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі. Оқушының оқу-танымдық әрекетін, танымдық белсенділігін арттырудың тиімді құралдарының бірі – оқушының өзіндік, өздігінен білім алу әрекеті.

Выготский: «Әр баланың өзінің деңгейі болатындай әр балаға берілетін тапсырманың көлемі оның деңгейіне лайықтап беріледі. Әр баланы өзінің даму зонасында жетілдіру керек» – деген екен. Негізгі мақсатымыз баланың жеке қасиеттерін ашу арқылы тәрбиелей отырып, танымдық қабілетін қалыптастыру және ой-өрісін дамыту арқылы олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда өзіндік жұмыс түрлерінің маңызын ашу. Танымдық тапсырмалар маңызын оқушыларда бар білімдерін шоғырландырып, талдау жасау арқылы өз беттерімен ізденуге талпындыратын болуы керек.

Ғылыммен техниканың дамыған кезінде, жан-жақты дайындығы бар мамандарға деген сұраныстың көптігі белгілі. Сондықтан оқушының пәннен алған білімін күнделікті өмірде пайдалана алатынына көз жеткізу үшін, сабақта ізденіп жауап бере алатын сұрақтар қою қажет. Танымдық іс-әрекет – шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті.

Оқушылардың іс-әрекет ерекшелігіне: өзіндік мақсаты мен нәтижесінің болуы (білім, білік және т.б.) оқушы іс-әрекетінің жоспарлы жағдайда өтуі (бағдарлама, оқыту мерзімі) оқыту құралдарының болуы (кітаптар, зертханалық құрал-жабдықтар, т.б.); жоғарғы интеллектуалды жүктеме (емтихан, сынақ тапсыру, ғылыми жұмыс қорғау, т.б.) жатады. Оқушылардың танымдық іс-әрекеті – жеке тұлғаның танымдық қызығушылығы мен қажетсінуін, белсенділігі мен ізденімпаздығын қамтитын танымдылық, еріктік, сезімталдық үдерістер мен мотивтер бірлігі нәтижесінде оқушылардың интеллектуалдық жеке қасиеттерін және біліктерін дамытатын оқу материалының мазмұны мен қажетті көлемін игеруді көздейтін жан-жақты оқу жұмысы.

Оқытуды ұйымдастырудың төрт түрлі бағыты бар екені белгілі: балаға жеке өздігінен ізденуге мүмкіндік беру, балаларға топтасып оқып-үйренуге жағдай жасау, оқушыларды өздерін-өздеріне немесе өзара бағалату және іс-әрекет барысында білім игеруге жол ашу.

Оқу танымдық іс-әрекеттердің ерекшеліктерін ескере отырып, төмендегідей ұжымдық танымдық іс-әрекеттің, өзіндік және біріккен іс-әрекеттердің төмендегідей белгілерін көрсетуге болады:

- бірыңғай мақсаттың, жалпы мотивтің болуы, оқушының қоғамдық маңызды мақсатқа жету үшін ұжым мүшелерінің барлығының күшінің біріктірілуінің қажеттігін түсінуі;

- ұжымның әрбір мүшесінің білімді, білікті және дағдыларды меңгерулерін қамтамасыз ететін жұмыстар мен қызметтерді оқушыларға тиімді бөлініп берілуі;

- іс-әрекеттер барысында оқушылар арасында өзара жауапкершіліктің және тәуелділіктің пайда болуы;

- бірігіп жұмыс істеу барысында оқушылардың іс-әрекеттерін басқарудың, оқушылардың, ұжым мүшелерінің өздерінің де кей жағдайда бақылау жасауларының қажеттігі;

- бірыңғай кеністік болуы және ұжымның барлық мүшелерінің жеке іс-әрекеттерінің бір уақытта жүзеге асырылуы;

- жалпы нәтижелердің болуы.

Оқушылардың танымдық қызығушылығының ең жоғары деңгейі танымдық міндеттерді өздігінен шешуде ұтымды жолдарды қолдана білуімен, жаңаны білуге деген қызығушылығының жоғары болуымен және өз іс-әрекетін бақылап, бағалай білуімен сипатталады. Орта деңгейде оқушы танымдық іс-әрекет деңгейін өздігінен орындауды оқытушының көмегін қажет етуімен сипатталады, төменгі деңгейде оқушы тапсырманы қайталаумен шектеліп, оқытушының көмегімен орындайды.

Химиялық білімдерін қалыптастыру барысында оқушы қажетті ақпараттарды өңдеп, ізденеді. Ол оқушының ізденіс жұмыстары барысында тиісті өзекті мәселені талдау жолынан, ондағы түсініктер арасындағы өзара байланысты ұғынуынан, ғылыми және арнаулы әдебиеттердегі материалдарды айқындап, жүйелеуінен байқалады. Негізгі химиялық білім әр оқушының жеке ерекшеліктері ескерілген білім беру нәтижелері түрінде құзыреттіліктер жиынтығын игеруіне бағдарланған болуы тиіс. Осы міндеттерді жүзеге асыруда тұлғаны дамытуға, оның әлеуетін анықтауға, дербестігін қалыптастыруға бағытталған дәстүрлі сынып – сабақ жүйесінің орнына ізгіліктік философия, психология және педагогиканың идеяларын біріктірген тұлғалық-бағдарлы оқыту жүйесі келуде. Аталған жүйе адамды субъект, өз өмірін жасаушы қалыптастыруға мүмкіндік береді. Химиялық білім беруді дамыту барысында танымдық және практикалық міндеттерді шешуде алған білімді пайдалану өте маңызы зор.

Оқушылардың танымдық әрекеттерін жетілдіру мақсатында әртүрлі танымдық тапсырмалар бере отырып химиядан теориялық білімдерін дамытуға болады. Химияны оқытуда төмендегідей проблемалық сұрақтар қойып, оны талдау мақсатында тапсырма беруге болады:

1. Металдардың арасында бір металл бар, оның көреметтілігі сол ол адамдарға кеннен алтын мен күмісті бөліп алуға, сумен әрекеттесетін газдарды жинауға сілтінің тас тұздарынан натрий гидроксидін алуға көмектеседі. Бұл металл типті бір мезгілде бір-біріне қатыссыз өттегін ашқанда Джозеф Пристли мен Антуан Лавуазьеге де көмектесті. Бұл қай металл?

2. Ең алғаш пайда болған қышқыл – негізді индикатор-лакмус. Бұл индикаторды ағылшын химигі және физигі кездейсоқ ашты. Бұл ғалым өзінің «Химик-скептик» деген кітабымен және 1676 жылы француз ғалымы Марриотпен бір мезгілде ашқан физика заңымен танымал. Кейіннен лакмус сәтіндісін фильтрлі қағаздарға сіңіріп, кептіріп, лакмус қағаздарын алды. Сонымен лакмусты кім және қалай ашты?

3. Көмекші металл бұл – сынап. Сынаптың көптеген металлдарды еріте алатын қасиеті баяғыдан белгілі болды. Бұл құбылыс амальгамалау деп аталады. 1774 жылы Пристли пробиркаға сынап оксидін салып, үстінен сынап құйып толтырды да, оны сынап құйылған шыны сауытқа төңкеріп, штативке бекітті. Ол дөңсе линзаның жәрдемімен күн сәулесін шоғырландырып, сынапты оксидке айналдырады. Сынап оксиді қызған кезде одан газ бөлінеді. Натрийді 1807 жылы ағылшын химигі және физигі Дэви ылғал күйдіргіш натрды сынап катодында электролиздегенде алды.

4. Ата-анасының ұқыпсыздығынан қол жетер жерде тұрған дәріқорапты кішкентай бала құлатып алды. Дәріқораптағы заттар шашылып қалды. Ал термометр сынып, ішіндегі сынап жерге шашырап жан-жаққа домалай жөнелді. Екінші бөлмеден жүгіріп келген әпкесі жерде шашылып жатқан дәрілерді жинай бастады. Ал сіз ең бірінші не істер едіңіз?

Пәнаралық байланысты қолданып оқушылардың танымдық әрекеттерін дамыту мақсатында химияны медицинамен, биологиямен байланыстырып іртүрлі тақырыпта химиялық сандық есептер шығартып оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыта білу қажет.

1. «Регидрон» ұнтағын ағза сусызданғанда пайдаланады. Ұнтақтың бір дозасында 3,5 г натрий хлориді, 2,5 г калий хлориді, 2,9 г натрий цитраты және 10 г глюкоза болады. Қолданардан алдында дозаны 1 л суда еріту керек. Алынған «Регидрон» ерітіндісіндегі барлық компоненттердің массалық үлесін есептесер.

2. Асказан қыжылы және ауруларына 100 мл суспензиясында 3,49 г алюминий гидроксиді және 3,99 г магний гидроксиді бар «Малокс» препараты қолданылады. 1 ас қасық (15 мл) препаратты қабылдағанда адам ағзасына қанша моль гидроксидтер түседі?

3. Жараны өңдеу үшін құрамында 2%-дық калий иодиді бар иодтын 5%-дық спиртті ерітіндісі қолданылады. Осындай препаратты дайындау үшін 95%-дық этанол ерітіндісі қолданылады. Иодтын спиртті ерітіндісіндегі судың массалық үлесін анықтаңдар.

4. Науқастың асказан сөлінің қышқылдығы төмендегенде хлорсутектің массалық үлесі 8,2% ($\rho=1,04$ г/мл) сұйылтылған тұз қышқылы беріледі. Дәріханада 37%-дық тұз қышқылынан дайындайды ($\rho=1,19$ г/мл). 20 мл 37%-дық тұз қышқылынан дайындауға болатын сұйылтылған қышқылдың көлемін анықтаңдар.

5. Науқас аллергияға қарсы 10 мл 30%-дық натрий тиосульфатының ($\rho=1,2$ г/мл) ерітіндісін ішке қолданды. Бұл кезде оның ағзасына қанша натрий ионы түсті.

6. Асказан жарасы бар пациентке 0,05%-дық күміс нитратының ерітіндісін қабылдау белгіленеді. Күміс нитратының тәуліктік дозасы 0,1 г құрайды. Науқасқа 0,05%-дық күміс нитратының 2 л ерітіндісі неше күнге жетеді? Ерітіндінің тығыздығы судың тығыздығымен тең деп алынады.

7. Калий перманганатымен арнайы сарысу болмағанда жылан уын емдейді. Бұл үшін шаққан жеріне шприц арқылы 0,5-1,0 мл 1%-дық калий перманганатының ерітіндісін жібереді. Тығыздығы 1,006 г/мл 75 мл осындай ерітінді дайындау үшін қажетті калий перманганатының массасы мен судың көлемін есептеңдер.

8. Нашатыр спирті – бұл аммиактың судағы ерітіндісі. Дәріханада нашатыр спирті алу үшін 300 г суға 112 г аммиакты (қ.ж.) ерітті. Алынған ерітіндідегі аммиактың массалық үлесін есептеңдер.

9. Адам ағзасында жалпы алғанда мөлшермен 25 мг йод (әр түрлі қосылыстардың құрамына кіретін) бар, оның 70%-ы қалқанша безінде кездеседі. а) қалқанша безінде; б) жалпы адам ағзасында қанша йод атомы болатынын есептеңдер.

Химиядан есептер шығарғанда есептер топтамасын былай бөлуге болады: медициналық мазмұндағы, фармацевтикаға байланысты және өндірістік мазмұны бар есептер. Өндірісте алынатын немесе оған қолданылатын химиялық өнімдерді оқушыларға оқулыққа сәйкес көрнекі құралдарды пайдалана отырып түсіндіру жеткіліксіз, сонымен қатар өндіріс орындарына экскурсиялар жасау. Яғни өндірістік мазмұны бар есептерді шығарту – өндірістік материалдарды ойдағыдай игерудің пәрменді құралы. Бұл есептер шикізат пен өнім арасындағы сандық қатынастарды терең аңғаруға, технологиялық үрдістер кезіндегі ысырапты, өнімнің шығымын, шикізаттардың қоспасын ескере білуге үйретеді. Мұның бәрі өндірістің өнімділігін есептеуге, айлық және жылдық жұмысын жоспарлау үшін қажет екенін оқушылардың көздерін жеткізеді.

Осындай танымдық тапсырмалар, есептер жүйесі білім алушының білімге құштарлығын оятып, белсенді ой-әрекетін жаттықтырып, алған білімді тереңдету мақсатында өз бетінше ізденеді, өзіндік жұмыс жасауға үлкен жауапкершілікпен қарауға көзқарасы қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Темірболатова О.Е. Химия: Есептер мен жаттығулар жинағы. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқу құралы. Оңделіп толықтырылған, 2 басылым. Алматы: «Мектеп» баспасы, 2009.

2 Бордовская Н.В., Рязан А.А. Педагогика. М., 2002.

3 Емельянова Е.О., Подко А.Г. Организация познавательной деятельности учащихся на уроках химии в 8-9 кл. Часть 1. (8-9 сыныптардағы химия сабақтарында оқушылардың танымдық әрекетін ұйымдастыру, 1-бөлім). М.: Школьная Пресса, 2002.

4 Гольдфард Я.Л., Ходаков Ю.В., Додонов Ю.В. Химия есептері мен жаттығуларының жинағы, 2002.

5 Bergen D. (2002). The Role of Pretend Play in Children's Cognitive Development [Балалардың танымдық үдерісіндегі ойын әдістерінің ролі]. *Early Childhood Research & Practice*, 4(1). Black P. & William D. (1998). Inside the black box:

6 *Instructional technology and the measurement of learning objectives [Оқыту технологиялары және оқу мақсаттарының өлшемдері]. American Psychologist*, 18(8), 519-521. Griffin P., Binkley M., Erstad O., Herman J., Raizen S. et al. (2012).

Н.К. Ахметов¹, Н.С. Чинибаева², Ж.М. Жаксимаева³, Ж.А. Муталипова⁴

¹д.п.н., профессор.

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

²к.х.н., старший преподаватель.

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

³к.х.н., старший преподаватель.

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

⁴магистрант 2 курса по специальности химия. Институт Естествознания и географии.

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

ИГРА КАК ПРОЦЕСС ОБУЧЕНИЯ

Аннотация

В современной школе, делающей ставку на активизацию и интенсификацию учебного процесса, игровая деятельность используется в качестве самостоятельных технологий для освоения понятия, темы и даже раздела учебного предмета; как элемент более общей технологии; в качестве урока или его части (введение, контроль); как технология внеклассной работы.

В данной статье приведены наиболее интересные статьи и труды новаторов-педагогов, использующих игровое обучение для стимулирования мыслительной деятельности школьников, развития их познавательной активности, для повышения качества знаний.

Ключевые слова: игровой метод обучения, принцип самостоятельности, принцип соревнования, химические игры, активность учащихся

Н.К. Ахметов¹, Н.С. Чинибаева², Ж.М. Жаксимаева³, Ж.А. Муталипова⁴

¹п.ғ.д., профессор.

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

²х.ғ.к., аға оқытушы.

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

³х.ғ.к., аға оқытушы.

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

⁴химия мамандығының магистранты. Жаратылыстану және география институты.

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

ОЙЫН ОҚЫТУ ҮРДІСІ РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Оқу процесін жандандыруға және белсендендіруге негізделген заманауи мектепте ойын ұғымын, тақырыбын және тіпті академиялық пәннің бөлінуін меңгеру үшін тәуелсіз технология ретінде пайдаланылады; неғұрлым жалпы технологияның элементі ретінде; сабақ немесе оның бөлігі ретінде (снгізу, бақылау); мектептен тыс жұмыстардың технологиясы ретінде.

Осы мақалада оқушылардың психикалық белсенділігін ынталандыру, олардың танымдық белсенділігін арттыру, білім сапасын жоғарылату үшін ойын жаттығуларын пайдаланатын инноваторлар-мұғалімдердің ең қызықты мақалалары мен жұмыстары келтірілген.

Түйін сөздер: ойын әдісі, тәуелсіздік принципі, бәсекелестік қағидаты, химиялық ойындар, студенттердің белсенділігі

N.K. Akhmetov¹, N.S. Chinibayeva², Zh.M. Zhaksibaeva³, G.A. Mutalipova⁴

*¹d.p.s., professor,
Kazakh National pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

*²k.c.s., Senior Lecturer,
Kazakh National pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

*³k.c.s., Senior Lecturer,
Kazakh National pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

*⁴graduate student of the Institute of Geography and natural science,
Kazakh National pedagogical university named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

GAME AS A LEARNING

Abstract

In a modern school that relies on the activation and intensification of the learning process, gaming used as an independent technology for mastering the concept, topic, and even the division of the academic subject; as an element of a more general technology; as a lesson or part of it (introduction, control); as the technology of extracurricular work.

In this article the most interesting articles and works of innovators-teachers using game training for stimulation of mental activity of pupils, development of their cognitive activity, for increase of quality of knowledge are resulted.

Keywords: game method of training, the principle of independence, the principle of competition, chemical games, the activity of students

В последние годы в научных и учебных центрах большое внимание уделяется разработке и внедрению игрового обучения. В качестве одного из примеров можно указать на «деловые игры», которые успешно применяются в системе образования, повышения квалификации и т.д. [1].

Это происходит потому, что главный смысл деловой игры заключается в имитации реальной производственной обстановки в игровом моделировании управленческой деятельности для принятия, анализа и оценки решений. Собственно, явления имитации и моделирования человеческой деятельности присущи большинству игр. Так, например, в военных играх-учениях имитируется вооруженная борьба, в актерской игре исполняется роль, в детской – окружающая ребенка среда и деятельность взрослых. Все эти игры еще называют имитационными.

Но игра как своеобразный процесс обучения имеет не только «деловой аспект», она может широко применяться для преподавания целого ряда научно-практических дисциплин и, что особенно важно, при изучении таких фундаментальных наук, как физика, химия, математика. Это, несомненно, повышает практическое значение игрового обучения и значительно расширяет масштаб внедрения учебных игр в средней, специальной и высшей школе.

Игра – феноменальное явление живой природы, она как особый вид деятельности, свойственна поведению человека и высших животных, которые, по утверждению известного советского психолога А.Н. Леонтьева, находятся на стадии интеллекта.

Воздерживаясь от анализа многочисленных определений интеллекта – этого популярного термина – предлагаем за основу принять формулировку профессора Я.А. Пономарева, который успешно применив метод собирательного понятия, определил интеллект как «аппарат специфической для живых систем ориентации во времени и в пространстве». Отсюда – игровую деятельность и

интеллект можно «связать» по следующей схеме. Если игра живой процесс – значит она активно развивается в физиологическом и психическом направлениях. В общем виде игра – это деятельность, в которой развивается аппарат ориентации высших животных и человека во времени и в пространстве. Учитывая социальный аспект человеческой игры, нужно добавить и такую связь – в игровой деятельности развивается аппарат ориентации человека во времени, в пространстве и в обществе.

Следовательно, в игре развивается интеллект человека и высших животных. В этом единстве, при этом у них обнаруживается принципиальное различие – игровая деятельность человека отличается от игры животных тем, что человек может играть «в уме», по так называемому «внутреннему плану действия». Это, как известно, считается недоступным для животных.

Игровая деятельность в целом имеет два основных типа: естественную и искусственную игру. Игры высших животных и игры детей на ранних стадиях развития можно назвать естественными играми, т.к. в их создании человек не принимает решительно никакого участия. Искусственные игры есть продукты исторического творчества многих поколений людей над использованием этого явления природы в самых различных целях.

Главное отличие игровой деятельности человека от игры животных заключается в том, что человек знает, что он играет и использует игру в своих потребностях. Если бы не было «революционного фактора» – возникновения человеческого сознания, естественная игра человека развивалась бы только по законам эволюции биологических видов. Благодаря своему сознанию, человек превратил свою естественную игру в специально организованную деятельность, т.е. создал искусственную игру.

Основной целью, которую ставил перед собой человек, создавая искусственную игру: явилась подготовка детей к труду. Здесь игра выступает как самостоятельная познавательная деятельность ребенка. Одновременно не только дети нуждались в постоянной подготовке к труду, сколько и сами взрослые, начиная с первобытного строя, нуждались в обучении, так как трудовая деятельность людей непрерывно усложнялась, предъявляя к уровню и качеству подготовки человека новые, всё более сложные и ответственные требования. В этом плане значение искусственных игр отчетливо проявилось в начале в виде имитационных игр, которые в известной мере предопределили их дидактический успех.

Любая искусственная игра – это самостоятельная деятельность. **Принцип самостоятельности** проявляется в искусственной игре главным образом тогда, когда цель игры несет в себе и функцию управления игровой деятельностью. Поэтому предметное содержание каждого игрового действия, как единицы активной самостоятельности, актуально осознано человеком, становится непосредственной целью этого действия. Цель в искусственной игре выполняет по отношению к предметному содержанию игровой деятельности регулятивную функцию и способствует дальнейшему развитию игры. **Принцип соревнования** основан на результативности игровой деятельности и выражает основные виды побуждений к участию в игре. Дидактическая ценность этого принципа очевидна – соревнование побуждает к активной самостоятельной деятельности и мобилизует весь потенциал физических и интеллектуальных сил человека.

Рассмотренные положения основаны на многовековом опыте игровой деятельности человека, в них отражены основные признаки и свойства искусственных игр, имеющие большое дидактическое значение. Существенно важно, что эти принципы не противоречат фундаментальным положениям педагогической науки и, следовательно, имеют широкий диапазон для применения в учебном процессе.

Подавляющее большинство авторов «деловых и управленческих игр» называют свои разработки «активными методами обучения». Традиционными методами обучения они именуют лекции, семинары, практические занятия. Это типичная ошибка. «Формы... необходимо отличать от методов уже по одному тому, – писал И.Н. Конфедератов, – что при реализации любой формы (например, лекции) преподаватель может использовать различные методы раскрытия новых понятий» [2].

Поэтому искусственные игры можно признать своеобразной формой обучения. Последнее, по утверждению Н.Д. Никандрова [3], «есть способ взаимодействия обучающего и обучаемых, в пределах которого реализуются содержание и методы обучения». Согласно более точному определению Р.А. Низамова [4], «форма обучения – это способ организации, устройства и проведения учебных занятий». Это определение наиболее удачно подходит для определения игрового обучения. В самом деле, отчетливо игровое обучение выступает вполне определенной формой организации управления самостоятельной деятельностью человека.

Как уже отмечалось, искусственная игра имеет свою устойчивую структуру, свою организацию. С

этой позиции, обучающую и учебную деятельность, организованную в виде искусственных игр, можно назвать игровым обучением. При этом следует особо подчеркнуть, что игра существует и развивается как система коммуникаций и прежде всего как сфера человеческого общения. Отсюда, искусственная игра выступает как вполне определенная структура прямого и опосредованного общения между игроками, предназначенная для достижения конкретных целей.

Можно выделить четыре организационные формы игры: одиночную, в которой играет один человек (например, разбор шахматных задач); парную, где участвуют один игрок А и один игрок В (например, шахматы, шашки); коллективную, в которой играют команда В (хоккей, футбол); групповую, где играют группа людей, состоящая из одного игрока А, одного игрока В, одного игрока С, игрока Д или группа игроков А, В, С, Д (например, карточные игры).

Игровое обучение заключается в организации и проведении учебных игр. Учебная игра – это активная самостоятельная деятельность человека, направленная на усвоение конкретных знаний, умений, навыков применение в процессе достижения цели игры. Очевидно, что цель учебной игры и цель игрового обучения – это далеко не одно и то же. В первом случае – цель имеет больше игровой характер (выиграть, набрать побольше очков и др.); во втором – целью игрового обучения является усвоение играющими студентами конкретных знаний, умений, навыков и их применение. Игра, как и любая другая человеческая деятельность, имеет не только формы, но свои методы осуществления. С этой позиции учебная игра может быть представлена и формой, и методом обучения. Этот очевидный феномен наталкивает на мысль о том, что учебная игра имеет свою «внутреннюю движущую силу» – целенаправленную, самостоятельную, познавательную деятельность и внешнюю «оболочку» – форму обучения как способ организации и управления этой деятельностью.

По определению М.И. Махмутова, «проблемная ситуация – это интеллектуальное затруднение человека, возникающее в случае, когда он не знает, как объяснить возникшее явление, факт, процесс действительности, не может достичь цели известным ему способом действия. Это побуждает человека искать новый путь (способ) объяснения или новый способ действия. Проблемная ситуация есть закономерность продуктивной, творческой познавательной деятельности. Она обуславливает начало мышления. Активная мыслительная деятельность протекает в процессе постановки и решения проблем». С этой позиции учебная игра должна включать в себя процессы планирования, организации и разрешения проблемных ситуаций, возникающих в мышлении учащихся при разрешении учебных проблем. Феномен игры в том, что она сама создает себе условия для возникновения и разрешения проблемных ситуаций, которые появляются в игре как бы самопроизвольно, независимо от игрока, почти также, как и в жизни. Все заранее определяется целью, правилами и условиями протекания самой игры, что создает своеобразный «микроклимат», благоприятный для возникновения все новых проблем.

Именно в этот период обучение становится проблемным. Преподаватель видит, что обучаемый начинает понимать его действия и заранее планирует проблемные ситуации, например, какую-нибудь комбинацию или условно называемый «мат в три хода». Он организует их, так как будто сама игра требует, чтобы обучаемый разрешал их самостоятельно.

При этом проблемные ситуации, возникающие в игре, включают в себя известные состояния психической напряженности игроков, связанные с непредвиденными действиями соперника и невозможностью отмены принятого решения. Между тем и здесь преподаватель может незаметно для обучаемого руководить его самостоятельной работой, направляя игру в «нужное русло». Предметом игры является деятельность учащегося, в процессе которой им осуществляется усвоение знаний. Здесь знания, умения, навыки выступают и как условия, и как результат игровой деятельности учащегося, сущность которой составляет самостоятельность.

В современной жизни, особенно в производственной деятельности человека, химия имеет исключительное значение. В то же время, возрастающий объем информации, непрерывное обновление учебных дисциплин, рост хемофобии в обществе привели к тому, что интерес к химии снизился у учащихся еще в школе. Отсюда – нежелание изучать учебные и научные тексты химического содержания и отсутствие умений и навыков воспринимать их в целом. Это повлекло за собой слабые знания абитуриентов по предмету и низкую мотивацию к его изучению в школе. У школьников всегда возникает вопрос: для чего экономисту, электросварщику, электромонтеру, бухгалтеру, юристу изучать химию? И, как результат, слабые знания по химии, а в дальнейшем появляются трудности в усвоении специальных дисциплин, связанных с химией [5].

Игровые методы в преподавании химии применяются с доэволюционных времен. С конца 20-х-

начала 30-х гг. в практике обучения химии получили распространение викторины, развивающие кругозор учащихся. Наряду с викторинами появляются первые настольные игры – химическое лото и химическая линейка, которые позволили активизировать интерес учащихся и обеспечить усвоение химической символики. В 50–60 гг. появляются химические игры в слова, опыты-загадки, химические сказки, рассказы-задачи и т.п.

С изменением целей обучения закономерно изменились и виды игр, используемых на уроках и внеклассных занятиях. В начале 70–80 гг. модернизация химического образования, необходимость овладения учащимися прочными знаниями теоретических вопросов курса химии потребовали не только увеличения числа игр, но и их качественного изменения. Появляются первые устные тренинговые игры, направленные на закрепление полученных знаний, а также соревновательные игры, направленные на организацию активного общения учащихся, например химические турниры. В это время основой для создания новых типов игр стали детские спортивные, телевизионные игры. Так появилось лото, домино, химические шашки, эстафеты, «Поле чудес», «Брейн-ринг», «Что? Где? Когда?» и т.д. Значительный вклад в разработку таких игр внесли методисты-химики Н.Е. Кузнецова, Б.П. Болотинская, А.А. Тильсепп, Е.Г. Огородник [6, 7, 8, 9].

Таким образом, в практике обучения химии игры используются давно, и все же главным образом как средство организации внеклассной работы по предмету [10]. Особенность уроков химии заключается в том, что учащиеся необходимо научить наблюдать окружающий мир, задумываться над его внутренней сутью, причинами, порождающими изменения в нем, анализировать условия, определяющие различные тенденции его развития.

Выучить необходимый материал ученика можно, либо заставив, либо заинтересовав его. Игра предполагает участие всех учеников в той мере, на какую они способны. Учебный материал в игре усваивается через все органы восприятия информации, причем делается это непринужденно, как бы само собой, при этом деятельность учащихся носит творческий, практический характер.

Система общего образования находится в стадии реформирования. «Сегодня налицо направленность на образование, ориентированное на становление личности, на субъективированное, персонифицированное знание, предполагающее индивидуальное видение мира, у которого всегда есть автор в его уникальности» [11].

алуға ұмтылыс) анықтаған болатын. Олар осы үш фактор толығымен ұштасқан жағдайда ғана ел нығайып, күшеюі мүмкін деген болжам жасады. Ал аумағы үлкен және біртұтас Ресейдің еркін қозғалу мүмкіндігі шектеулі болды, мұны XX ғасырдың басында жылы теңіздерге шыға алмауымен түсіндіруге болады. Күшті теңіз флоты бар Ұлыбритания, керісінше, дүниенің төрт бұрышына еркін бара алатын еді, ел отарлар мен доминиондарды көбейту есебінен аумағын да ұлғайтты. Ұлыбританияның әлсіз тұсы аумақтың біртұтас болмауымен анықталды. Тек 1947 жылы дүние жүзі бойынша шашырап жатқан бұрынғы отарлар мен қазіргі иеліктердің басын біріктіретін Британ Достастығын құру арқылы бұл олқылықтың орнын толтыруға қадам жасалды. Геосаясатшылар Азиялық-Тынықмұхиттық аймақта саяси жағдайдың болашақта тұрақсыз болатындығы туралы болжам айтты, өйткені осындағы ең күшті мемлекет болып саналған аралдық Жапония өз аумағын ұлғайтуға тырысатындығы белгілі болатын.

Британ геосаясаттанушысы Х.Маккиндер теңіздік және құрлықтық мемлекеттердің айырмашылықтарын зерттеумен айналысты. Оның геосаяси үлгісі бойынша, құрлықтың ортасында орналасқан елдерді теңіздік мемлекеттер және алмайды, ал керісінше жағдай әбден мүмкін. Х.Маккиндердің тұжырымы бойынша, әлемнің орталығында «орталық жер» орналасқан, ал Орталық Азия аумағы арқылы тарихтың географиялық білігі өтеді. Орталық жерді «ішкі жарты ай» (Жерорта теңізі маңы елдері, Батыс Еуропа, Таяу Шығыс, Үндістан) қоршап жатыр, бұл аралық белдеу – өзгермелі тарих пен әлемдік мәдениет орталығы. «Сыртқы жарты ай» белдеуінде Америка, Африка, Аустралия мен Мұхит аралдары жатыр, мұнда теңіздік мемлекеттер басымдылық көрсетеді.

Сонымен, XX ғасырдың алғашқы жартысындағы геосаяси тұжырымдар сол кезеңдегі бір-біріне қарама-қарсы тұрған әскери күштердің әрекеті үшін бағдарлама қызметін атқарды. Геосаяси тұжырымдардың өздеріне қолайлы тұстарын мемлекет басшылары өз іс-әрекетін ақтау мақсатында пайдаланды, сонымен қатар көптеген геосаяси пікірлер қалың бұқара халықтың ақыл-ойын да жайлап алды.

Бүгінгі таңда көптеген жаңа геосаяси тұжырымдар дүниеге келуде. Геосаясаттың XX ғасырдың екінші жартысында дамуында америкалық геосаясатшы Солом Коэннің еңбектерінің маңызы зор болды. С.Коэн әлемнің «көп полюстілігі» туралы тұжырым жасап, әлемнің анағұрлым күрделі геосаяси үлгісін (моделін) ұсынды. Мұнда бүкіл әлем екі геостратегиялық облыс (Сауда дамыған теңіз маңы және Еуропалық құрлық әлемі) пен Шеткі геосаяси аймаққа бөлінген. С.Коэннің пікірінше, геостратегиялық облыстардың шекарасында жатқан аудандарға (Африканың Сахарадан оңтүстікке қарай жатқан бөлігі, Таяу Шығыс, Оңтүстік-Шығыс Азия) саяси тұрақсыздық тән, мұнда мемлекетаралық және ұлтаралық жанжалдардың жиі болуының өзі бұл аймақтардың шекаралық орнымен түсіндіріледі.

Қазіргі кезде әлемдік саясатта мемлекеттің орны, ең алдымен, оның экономикалық қуатымен анықталады. Осыған сәйкес, геосаясаттың негізі де ауысты, яғни бұрын физикалық-географиялық факторларға басым көңіл бөлінсе, ал қазір экономикалық факторға көп көңіл бөлінеді. Геосаясатшылардың айтуынша, дүние жүзінде «жаңа әлемдік тәртіп» орнықты. Бұл көп полюсті әлем, экономикалық факторлардың алғашқы орынға шығуы, интеграциялық және сауда одақтарының қалыптасуы, галамдық деңгейде қарама-қарсы жаңа топтардың пайда болуымен сипатталады [2].

Геосаяси жағдай:

Геосаяси жағдай – бұл мемлекеттің дүние жүзіндегі, халықаралық қатынастар жүйесіндегі, әлемдік саясаттағы маңызын анықтайды. Мемлекеттердің геосаяси жағдайы оның саяси, экономикалық, әскери, демографиялық, интеллектуалдық потенциалымен анықталады. Мемлекеттердің геосаяси жағдайына теңізге шығу мүмкіндіктері, қызмет көрсету деңгейінің дамуы, табиғи және минералдық ресурстарының қазіргі жағдайы мен қорлары, құрлықтық және теңіздік шекараларының болуы, климаттық жағдайы, дүниежүзіндегі еңбек бөлінісі мен халықаралық қатынастар жүйесіндегі орны тікелей әсер етеді. Мемлекеттердің геосаяси жағдайы бүгінгі таңда өзгермелілігімен ерекшеленеді. Мысалы, Каталония (Испанияның құрамынан шығу), Шотландия (Ұлыбританияның құрамынан шығу), Күрдістан (Ирактың құрамынан шығу), АҚШ пен Солтүстік Корея, Солтүстік Ирландия, Ресей мен АҚШ, Жапония мен Қытай арасындағы өзгерістер жатады [3].

Кесте-2. Қазіргі әлемдегі шиеленістер (авторлық құрастыру)

Шиеленіс туындап отырған жерлер	Басталуы	Дәрежесі
Ресей: Донбасс	2014 ж.	Сепаратистер мен украин әскерлері арасындағы атысты тоқтату режиміне қарамастан тұрақты қақтығыстар.
Кавказ елдері: Таулы Қарабах	1990 ж.	Қарулы қақтығыстар.

Таяу Шығыс және Солтүстік Африка: Сирия	2011 ж.	Тұрақты күрес.
Таяу Шығыс және Солтүстік Африка: Ирак	2003 ж.	Тұрақты күрес.
Таяу Шығыс және Солтүстік Африка: Ливия	2011 ж.	Өртүрлі топтар арасындағы тұрақты қақтығыстар.
Таяу Шығыс және Солтүстік Африка: Йемен	2014 ж.	Тұрақты ракета және әуе шабуылы, түрлі топтар арасындағы қақтығыстар.
Синай түбегі	2014 ж.	Тұрақты ланкестік шабуылдар.
Туркия мен Күрдістан	1984 ж.	Тұрақты ланкестік және қарулы қақтығыстар.
«Интифада пышақтары» және Ливан	2015 ж.	Қарулы қақтығыстар.
Азия және Тынық мұхит аймағы: Ауғанстан	1978 ж.	Тұрақты ланкестік және қарулы қақтығыстар.
Үндістан, Пәкістан, Қытай: Кашмир	1947 ж.	Ішкі қақтығыстар.
Мьянма	2006 ж.	Діни-этникалық қақтығыстар.
Филиппин	1969 ж.	Қарулы қақтығыстар.
Солтүстік және Оңтүстік Америка: Мексика	2006 ж.	Қарулы қақтығыстар.
Солтүстік және Оңтүстік Америка: Колумбия	1964 ж.	Әскери қақтығыстар.
Африка: Сахарадан оңтүстікке қарай: Сомали	1988 ж.	Қарулы қақтығыстар.
Африка: Сахарадан оңтүстікке қарай: Судан	2011 ж.	Қарулы қақтығыстар.
Африка: Сахарадан оңтүстікке қарай: Мали	2012 ж.	Қарулы қақтығыстар.

Дүниежүзілік шаруашылықтың бір бөлігі халықаралық экономикалық қатынастар болып табылады. Халықаралық экономикалық қатынастардың бүгінде өртүрлі анықтамалары бар.

1. Халықаралық экономикалық қатынастар – халықаралық еңбек бөлінісіне негізделген, әр түрлі елдердің ұлттық экономикалары арасындағы шаруашылық байланыстарының жүйесі.

2. Халықаралық экономикалық қатынастар – әлем елдерінің арасындағы шаруашылық қатынастар жүйесі.

3. Халықаралық экономикалық қатынастар – шет мемлекеттермен экономикалық әрекеттердің пайда болуынан туындайтын жүйесі.

Яғни, Халықаралық экономикалық қатынастар – қоғамдық еңбектің еларалық бөлінісінің жоғары сатысы болып табылатын халықаралық еңбек бөлінісіне негізделетін, көптеген елдердің ұлттық экономикалары арасындағы шаруашылық қатынастарының жүйесі және де дүниежүзілік шаруашылықтың ажырамас бір бөлігі.

Халықаралық экономикалық қатынастар жекелеген елдердің салалық, аймақтық шаруашылық субъектілері – өндірістік бірлестіктер мен кәсіпорындардың дүниежүзілік шаруашылық жүйесіндегі көшпенді экономикалық қарым-қатынастарды зерттейді. Халықаралық экономикалық қатынастар дүниежүзілік шаруашылықтағы кездейсоқ экономикалық қатынастарды емес, тұрақты түрде қайталанып отыратын, бәріне ортақ, дәйекті қатынастарды талдайды. Халықаралық экономикалық қатынастар сан және сапа жағынан өсу қасиетімен ерекшеленеді.

Халықаралық экономикалық қатынастар басқа экономикалық қатынастар сияқты бір реттік, мызғымас қатынастардан тұрмайды. Оған ұдайы өндірістің горизонтальды ғана емес, вертикальды қатынастар сияқты әр түрлі реттік қатынастар енеді. Негізінде ұдайы өндірістік байланыстың кез келген бөлігі халықаралық болып келуі мүмкін. Осыған сәйкес, Халықаралық экономикалық қатынастар әр түрлі түрлерге ие болады. Халықаралық экономикалық қатынастардың бірнеше маңызды түрлері бар. Оларға:

1. Әлемдік сауда.
2. Жұмысшы күші миграциясы.
3. Капиталды шетке шығару.
4. Халықаралық несие.
5. Халықаралық қызмет көрсету.
6. Ғылыми-техникалық байланыс.

7. Халықаралық туризм.

8. Халықаралық валюталық-қаржылық қатынастар.

Халықаралық экономикалық қатынастардың бұл түрлері өзара тығыз байланысты және өзара әсер береді [4].

1. Әлемдік сауда.

Әлемдік сауда – дүниежүзі елдері арасындағы төлемді, жиынтық тауар айналысы. Сондай-ақ, әлемдік сауда – әр түрлі елдердегі тауар өндірушілер арасындағы байланыс формасы болып табылады, яғни ол халықаралық еңбек бөлінісі негізінде қалыптасады және елдердің өзара тәуелділігін көрсетеді.

Әлемдік сауданың формалары:

✓ *Аукциондар* (алдын ала көруге қойылған тауарларды белгілі бір уақытта, белгіленген орында сату формасы).

✓ *Аукциондық сауда* (нарықтық сауданың түрі, мұнда сатушы барынша пайда табу мақсатында аукционға қатысқан бірнеше немесе көптеген сатып алушылардың тікелей бәсекесін пайдаланады).

✓ *Биржалық сауда* (биржалардың қатысуымен тауарлар мен бағалы қағаздардың сатылуы).

✓ *Халықаралық көрмелер мен жәрмеңкелер* (тауар үлгілерін көрсету нарығы).

✓ *Машиналар мен құрал-жабдықтардың арендасы* (жалгерлік шаруашылықты жүргізудің формасы).

✓ *Қарама-қарсы сауда* (экспортталған тауардың жартылай немесе толық құнына экспорттердің импорттерден тауар сатып алатындығы жөніндегі қарсы міндеттемесі).

✓ *Шекаралық сауда* (сауда, төлем және жыл сайынғы қарар туралы келісімнің негізінде көрші мемлекеттердің шекаралас аудандарының сауда ұйымдары мен фирмалары жүзеге асыратын халықаралық тауар алмасу түрі).

Әлемдік сауданың субъектілері:

✓ *Бас жабдықтаушы* (өнеркәсіптік, инфрақұрылымдық және басқа да объектілерді салу кезінде технологиялық құрал-жабдықтардың толық комплектісін құрылыс ауданына жеткізіп беретін фирма).

✓ *Брокер* (сауда делдалы).

✓ *Дилер* (өз атынан және өз есебінен тауарларды қайта сатумен айналысатын жеке тұлға немесе фирма).

✓ *Коммивояжер* (сауда өкілеттілігін жүзеге асыратын сауда кәсіпорының қызметкері).

✓ *Коммиссионер* (сауда келісіндегі делдал, белгілі мөлшердегі сыйлық үшін, комитент пайдасы үшін соның есебінен, бірақ өз атынан делдалдық жасайтын адам).

✓ *Бонус* (көрсетілген комиссиялық қызметтер үшін төленетін комиссиялық сыйлық).

✓ *Консорциум* (бірнеше банк немесе өнеркәсіп кәсіпорындарының арасындағы бірлесіп заемдары, акцияларды, облигацияларды орналастыру, кең ауқымдағы қаржылық немесе коммерциялық операцияларды жүргізу, ірі өнеркәсіп құрылысын жүзеге асыру, өнім өндіруді ұлғайту мақсатындағы уақытша келісім).

✓ *Сауда үйі* (тауарлар мен қызметтердің кең номенклатурасы бойынша экспорт-импорт операцияларын жүзеге асыратын сыртқы экономикалық ұйымның түрі).

Әлемдік сауданың көрсеткіштері:

✓ Сыртқы сауда айналымы (экспорт пен импорт).

✓ Сауда балансы (тауарлар экспорты мен импортының айырмасы).

Ғылыми-техникалық прогресстің ықпалымен экономикада жүріп жатқан құрылымдық өзгерістер, өнеркәсіп өндірісінің мамандануы мен кооперациялануы ұлттық шаруашылықтың қарым-қатынасын күшейтеді. Мұның өзі әлемдік сауданың дамуына мүмкіндіктер туғызады.

2. Жұмысшы күші миграциясы.

Жұмысшы күші миграциясы – тұрғылықты жерін өзгерту немесе оған қайта оралу мақсатында адамдардың белгілі бір территория шекаралары арқылы қозғалуы, ауысуы.

Жұмысшы күші миграциясының себептері:

- Экономикалық сипаттағы (жекелеген елдердің дамуының әр түрлі экономикалық деңгейіне байланысты туындайтындар).

- Экономикалық емес сипаттағы (саяси, ұлттық, діндік, нәсілдік, отбасылық себептерге байланысты туындайтындар).

Жұмысшы күші миграциясының бағыттары:

- Жұмысшы күшінің дамушы елдерден өнеркәсібі дамыған елдерге миграциялануы.

- Өнеркәсібі дамыған елдер шеңберіндегі миграция.
- Дамушы елдер арасындағы жұмысшы күшінің миграциясы.
- Жұмысшы күшінің бұрынғы социалистік елдерден дамыған елдерге миграциялануы.
- Ғылыми қызметкерлердің, білікті мамандардың өнеркәсібі дамыған елдерден дамушы елдерге миграциялануы.

Жұмысшы күші миграциясының қазіргі таңдағы ерекшеліктері:

- Еңбек нарығында қатаң шектеулердің күшейе түсуі.
- Мигранттар арасында жоғары квалификациялы мамандар санының ұлғаюы.
- Сауданың кеңейтілуі.
- Көп ұлттық кәсіпорындардың өсуі.
- Соңғы жылдардағы миграция мәселесінің проблемалық сипатқа ие болуы.

3. Капиталды шетке шығару.

Капиталды шетке шығару – бұл белгілі бір ұлттың айналымында жүрген капитал бөлігін басқа елдің экономикасына тауар немесе ақша формасында енгізу процесі.

Капиталды шетке шығарудың себептері:

- Белгілі бір елде капитал мөлшерінің салыстырмалы түрде көп болуы, яғни оның шектен тыс көп жинақталуы.

- Капиталға деген сұраныс пен ұсыныстың сәйкессіздігі, яғни тең болмауы.
- Капитал енгізілетін елде шикізат пен жұмысшы күшінің арзан болуы.
- Әрбір елдің төлем баланстарының бір қалыпты болмауы.

Капиталды шетке шығарудың формалары:

- Жеке меншік және мемлекеттік капитал.
- Ақша және тауар.
- Қысқа мерзімдік және ұзақ мерзімдік.
- Қарыз және кәсіпкерлік.

4. Халықаралық несие.

Халықаралық несие – бұл қайтарымдылық, жеделдік және процент төлеу шарты бойынша валюталық және тауар ресурстарының берілуі. Несие берушілер мен оны алушыларға банктер, компаниялар, жекелеген кәсіпкерлер, мемлекеттік ұйымдар, үкіметтер және де халықаралық аймақтық ұйымдар жатады. Халықаралық несие әр түрлі формада болады.

Өзінің мақсатты пайдаланылуына байланысты халықаралық несие екіге бөлінеді:

- Байланысқан несие.
- Қаржылық несие.

Несие берушінің кім екендігіне байланысты үшке бөлінеді:

- Жекеше несие.
- Үкіметтік несие.
- Халықаралық ұйымдар нессесі.

Ұсынылу формасы бойынша екіге бөлінеді:

- Тауарлық несие.
- Валюталық несие.

Берілу мерзімі бойынша үшке бөлінеді:

- Қысқа мерзімдік несие.
- Орташа мерзімдік несие.
- Ұзақ мерзімдік несие.

Осы атап өтілген несиелердің өзіндік құны болады. Мысалы, жекеше несиелер өте қымбат несиелер болса, ал мемлекеттік және халықаралық қаржы институттарының несиелері арзан болып табылады. Бүгінде әлемде үш негізгі арзан және қымбат несие беретін несие және қаржылық орталық бар. Олар: АҚШ, Батыс Еуропа, Жапония.

Халықаралық несие қарыз алған елдердің экономикасының жылдам дамуына жағдай жасайды.

5. Халықаралық қызмет көрсету.

Халықаралық қызмет көрсету халықаралық экономикалық қатынастардың маңызды түрі. Халықаралық қызмет көрсетудің ең алғашқы түрі транспорттық (көліктік) болса, қазіргі кезде, банктік, жарнамалық, инжинерлік-кеңес беру сияқты түрлері бар. Әлемдегі халықаралық қызмет көрсету орталықтарына – Жапония, АҚШ, Германия, Италия, т.б. жатады.

6. Ғылыми-техникалық байланыс.

Ғылыми-техникалық байланыс – ЕТР-ге негізделген халықаралық экономикалық қатынастардың түрі. Бұл байланыс ғылыми-техникалық өнімдерді айырбастаудан немесе сатып алудан және бірлескен жобаларды іске асырудан көрінеді.

7. Халықаралық туризм.

Көптеген елдердің мамандану саласына айналған халықаралық экономикалық қатынастардың түрі. Туристердің саны бойынша көшбасшылардың қатарында: Испания, Италия, Франция, АҚШ жатады.

8. Халықаралық валюталық-қаржылық қатынастар.

Дүниежүзілік шаруашылық жүйесінің қалыптасуы, елдер арасындағы экономикалық байланыстардың интернационалдануы ұлттық шаруашылықтар қызметінің интенсификациясына (жеделденуіне) әкеліп соғады. Осыған байланысты аталған процесте қызмет көрсетуші құрал ретіндегі халықаралық валюталық-қаржылық қатынастар қалыптасады.

Яғни, Халықаралық валюталық-қаржылық қатынастар ұлттық шаруашылықтар қызметтерінің нәтижесінен өзара қызмет ететін және әлемдік шаруашылықтағы валюталардың қызмет етуі барысында қалыптасатын қоғамдық қатынастар жиынтығы.

Халықаралық валюталық қатынастар халықаралық экономикалық қатынастарды жалғастырады. Халықаралық валюталық қатынастардың жағдайы ұлттық және әлемдік экономиканың дамуына, саяси тұрақтылыққа, елдер арасындағы күштердің шекті қатынасына тәуелді болып келеді [5].

Қорыта айтқанда, Геосаясат – мемлекеттің орналасқан жерінен шыға отырып жүргізетін саясаты, мемлекетті басқару өнері. Саяси географияның жеке бөлігі ретінде қарастырылмайтын, жалпы географиялық ғылымдар қатарына енетін саясат. Геосаясат дәстүрлі геосаясатты, жаңа геосаясатты (геоэкономиканы) және ең жаңа геосаясатты (геофилософияны) ажырата білуге мүмкіндік береді. Ал, халықаралық экономикалық қатынастар – әлем елдерінің арасындағы шаруашылық қатынастар жүйесі. Халықаралық экономикалық қатынастар әр мемлекеттің экономикалық жағдайын, оның сыртқы елдермен қатынасын реттеу және ұстап тұру негізінде айқындалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Шартов П.А. Геополитика: Учебник для вузов. М.: ЮИППИ, 1999. 359 с.
- 2 Бейсенова О., Қаймұлдайнова К., Әбдімәжінова С., т.б. География: Дүниежүзіне жалпы шолу. ТМД елдері. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. Алматы: «Мектеп» баспасы, 2006. 296 б.
- 3 <http://www.kommersant.ru/doc/3288771>.
- 4 Елемесов Р.Е. Халықаралық экономикалық қатынастар: Оқу құралы. Алматы, 2002.
- 5 Мамыров Н.Қ., Мадиярова Д.М., Қалдыбаева А.Е. Халықаралық экономикалық қатынастар: Оқу құралы. Алматы: Экономика, 1998.

ООЖ 911.3.001
УДК 13.61.09

Қ.М. Баймырзаев¹, Е.А. Тоқпанов², А.Т. Исабаев³, Қ.М. Омаров⁴

¹ғ.ғ.д., профессор, I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ректоры,
ysabaeva.samat@mail.ru, 87758288839

²ғ.ғ.к., доцент, tokpanov1960@mail.ru, 8707 24 91 21
I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті

³география ғылымдарының магистры, аға оқытушы,
atiar_1089@mail.ru, 8778 345 19 02,
I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,
Талдықорған қ., Қазақстан

⁴доцент, м.а., п.ғ.к., kairat62@bk.ru, 87024692262
Абаи атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

ТАЛДЫҚОРҒАН Өңірінің тарихи танымдық нысандарының САКРАЛЬДЫ Туризмді дамытудағы алатын орны

Аңдатпа

Мақалада Талдықорған өңірінің тау алды жазықтары мен аласа тауларындағы қола, сак кезеңдерінің қорғандары мен табиғи ғибадатхана қызметін атқарған жартастағы суреттердің таралу ерекшеліктері танымдық

және аяраттық туризмді дамытудағы алатын орны қарастырылған. Аталған тақырыптың өңектілігін сакральды ландшафттар ретінде қорғау, сонымен қатар, қарастырылатын тақырып бойынша географиялық әдебиеттердегі мәліметтердің аздығы айқындайды.

Қоғам дамуының әр түрлі кезеңдеріндегі тарихи-мәдени мұраларды зерттеуге мүмкіндік беретін сакральды географияның шынайы құжаттар жартастағы суреттер, байырғы қорғандар, балбал тастар ерте орта ғасырлық қалалық және ауылдық қоныстар болып табылады. Оларды зерттеу танымдық туризмді дамытуға, қоғам мен қоршаған ортаның қарым-қатынасын зерделеуге мүмкіндік береді.

Аталған нысандарды зерттеу қоғам мен қоршаған ортаның өзара байланысын ашуға, мүмкіндік береді. Экспедициялық зерттеулер барысында жиналған мәліметтер мен қазіргі ғылыми дерек көздері жасалған таңдаулар "киселі" түсінігінің табиғатын түсіну мәдениеттің даму үрдісімен үздіксіз байланысы бар деген қорытынды шығаруымызға мүмкіндік берді.

Түйін сөздер: сакральды география, киселі орындар, жартастағы суреттер, тарихи-археологиялық ескерткіштер, сакральды туризм

К.М. Баймырзаев¹, В.А. Токпанов², А.Т. Исабаев³, К.М. Омаров⁴

¹д.ғ.п., профессор, ректор Жетысуского государственного университета имени И.Жансугурова

²к.ғ.п., доцент,

Жетысуский государственный университет имени И.Жансугурова

³старший преподаватель, магистр географии,

*Жетысуский государственный университет имени И.Жансугурова,
г. Талдықорған, Казахстан*

⁴к.п.п., и.о.доцент, e-mail: kairat62@bk.ru

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

МЕСТО ИСТОРИКО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫХ ОБЪЕКТОВ ТАЛДЫКОРГАНСКОГО РЕГИОНА ДЛЯ РАЗВИТИЯ САКРАЛЬНОГО ТУРИЗМА

Аннотация

В статье рассматриваются функции и особенности распространения петроглифов и курганов эпохи бронзы и раннего железа, а также их значение для развития сакрального, научно-познавательного туризма в Талдыкорганском регионе, как объекты, раскрывающие историю развития человечества.

Актуальность изучения данной темы обусловлена малой изученностью и недостаточностью литературных данных по рассматриваемой проблеме. В статье приведены основные результаты по изучению сакральных объектов Талдыкорганского региона.

К объектам культурного и исторического наследия, имеющего сакральное значение разных этапов общественного развития, относятся петроглифы, древние курганы, каменные изваяния, средневековые городища и сельские поселения. Исследование данных объектов даст возможность раскрыть взаимосвязь общества и окружающей среды. В результате анализа собранной информации в ходе экспедиционных исследований и из современных научных источников, сделан вывод о неразрывной связи понимания природы и понятия «сакральное» в процессе развития культуры.

Ключевые слова: сакральные места, петроглифы, познавательный туризм, памятники истории и археологии

K. Baymyrzayev¹, F. Tokpanov², A. Issabayev³, K. Omarov⁴

*¹Doctor of geographical sciences, professor,
rector of Zhetysu State University named after I. Zhansugurov*

²c. g. s., Zhetysu State University named after I. Zhansugurov

*³senior lecturer, master of geography,
Zhetysu State University named after I. Zhansugurov,
Taldykorgan, Kazakhstan*

*⁴senior lecturer, KazNPU named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

PLACE OF THE HISTORICALLY-COGNITIVE OBJECTS OF THE TALDYKORGAN REGION FOR THE DEVELOPMENT OF SACRAL TOURISM

Abstract

This article considers unctons and features of the distribution of petroglyphs and barrows of the bronze age and early iron age, as well as their importance for the development of sacral, scientific and educational tourism in the Taldykorgan region as objects revealing the history of the development of humanity.

The relevance of studying this theme is due to the little study and ack of literary data on the problem under consideration. The main results of studying the sacral objects of the Taldykorgan region are given in the article.

Petroglyphs, ancient burial mounds, stone statues, medieval settlements and village settlements belong to the objects of cultural and historical heritage of various stages of social development that have a sacred significance. The study of these objects makes it possible to reveal the relationship between society and the environment. As a result of the analysis of collected information during expeditionary research and from modern scientific sources, a conclusion is made about the inextricable link between the understanding of nature and the concept of "sacral" in the development of culture.

Keywords: sacred places, petroglyphs, cognitive tourism, historical and archeological monuments

Сакральды география сирек кездесетін құбылыстар мен нысандар ретіндегі ғұрыптық, діни маңызы бар киелі орындардың кеністіктік таралу заңдылықтары мен аумақтық ұйымдастырылу ерекшеліктерін зерттеуге негізделген.

Палсомәдени ландшафттарға жататын ежелгі қоныстар мен оның маңындағы жартастағы суреттерді қалпына келтіру қола, сақ, түркі кезеңдеріндегі адамдардың табиғатпен қарым-қатынасын, қоршаған ортаға тигізетін әсерін оқып-үйренуге, танымдық және зияраттық туризмді дамытуға мүмкіндік береді.

Бастапқы мәліметтер мен зерттеу әдістері. Талдықорған өңірінің танымдық туризмді дамытуға мүмкіндік беретін киелі орындарын оқып-үйрену үшін 2014-2017 жылдар аралығында Талдықорған қаласының маңындағы Ешкіөлмес, Бурақай, Дабылбай, Ақсу, Сарқан аудандарындағы Баянжүрек, Алмалы тауларына экспедициялық зерттеулер ұйымдастырылып, жартастағы суреттердің салыну мақамы, таралу ерекшеліктері, қола, сақ кезеңдерінің қорғандары мен ежелгі қоныстары картаға түсірілді. Зерттеу жұмыстарының барысында салыстырмалы талдау, бағалау, картографиялық және экспедициялық әдістер қолданылды.

Зерттеу нәтижелері. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының негізгі тұжырымдарын жүзеге асыруда ерекше орын алатын маңызды бағытының бірі, Жер бетіндегі физикалық құрамдас бөліктерін қамтитын дәстүрлі географиялық кеністік емес, географияның белгілі-нышанды астарын қарастыратын сакральды география [1].

Оның басты мақсаты сирек кездесетін құбылыстар мен нысандар ретіндегі ғұрыптық, діни маңызы бар киелі орындардың кеністіктік таралу заңдылықтары мен аумақтық ұйымдастырылу ерекшеліктерін зерттеу.

Сакральды географияның ерекшелігін, зерттеудің сипатын сирек кездесетін құбылыс ретінде *нышандық-ғұрыптық нысандар* айқындайды. Олардың қатарына Талдықорған өңірінің аласа таулы алқаптарында кең таралған бағзы заманда табиғи ғибадатхана қызметін атқарған жартастағы суреттерді, бағана тастар, қола, сақ, түркі кезеңдерінің қорғандарын, ерте орта ғасырлық қалаларды, кессендерді, адамдар жиі баратын киелі саналатын бұлақтар, тоғайлар мен тұзды көлдер жатады.

Талдықорған өңірінің аласа таулары мен топырағы құнарлығымен ерекшеліктерін тауалды шұратты жазықтары ежелден халық жиі қоныстанғанын айғақтаайтын сакральды ландшафттарды түзетін тарихи-археологиялық ескерткіштерге бай. Олардың қатарына отырықшы және көшпенді мәдениеттің қатар дамығанын айғақтайтын танымдық туризмді дамытуға мүмкіндік беретін төмендегі рухани материалдық мұралар жатады:

-қоғамының дамуының баспалдағы болған Ұлы жібек жолының бойындағы сауда-экономикалық маңызы бар ежелгі қалалар;

-қола, сақ кезеңдерінің жартастағы суреттері мен қорғандары, түркі кезеңінің балбал тастары;

-керуен жолдарының бойындағы сауда бекеті, әскери бекініс қызметін атқарған төрткүлдер;

-астрономикалық және әскери бақылау қосыны қызметтерін атқарған Қарауылтөбелер;

-қазақ жоңғар соғысы кезінде кескілескен шайқас болған орындар.

Бағзы заманынан бүгінге дейінгі өңір тарихынан сыр шертетін жоғарыда көрсетілген рухани-материалдық мұралардың, халық біршама тығыз қоныстанған аласа таулар мен тауалды жазықтарында көп шоғырлануы Елбасының 2017жылғы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының тұжырымдарына сәйкес, ғылыми-танымдық және зияраттық туризмді дамытуға мүмкіндік береді [2].

Жетісу Алатауының бөктеріндегі құнарлы өзен аңғарында сақталып, бізге жеткен сакральды ландшафттарды сырттан келетін туристерге таныстыру үшін олардың тартымдылығымен, бірсейлігімен ерекшеленетін тарихи-археологиялық ескерткіштерді заман талабына сай қалпына келтіріп, оларды туристік нарыққа ұсынудың маңызы зор.

Халқымыздың 3000 жылдық тарихынан сыр шертетін, қорғауды қажет ететін бірсейлі тарихи-археологиялық ескерткіштердің қорының жеткілікті болуы Жетісу Алатауының тауалды жазықтарымен аласа таулы бөліктерінде танымдық туризмді өркендетуге, киелі орындарды өсер ұрпақты отан сүйгіштік рухта тәрбиелеуге, мәдени мұра ретінде қорғауға мүмкіндік береді.

Аймақтың тарихы мен рухани-материалдық мұраларымен танысу сырттан келген туристердің қызығушылығын арттыратын факторлардың бірі болғандықтан оларды қалпына келтіріп, туристік нарыққа тарту қажет. Ол үшін сакральды ландшафттарды қорғау, танымдық туризмді дамыту мақсатында ұтымды пайдалану, тарту мақсатында еліміздің өткен тарихында ерекше орын алатын «Орбұлақ», «Үйгентас», «Шыңғыс ханның шатыры», «Қойлық қаласы», «Ешкіөлмес» тауының жартастағы суреттері сияқты киелі орындарды ерекше қорғауға алу арнайы тақырыптық шаралар өткізу, жарнамалар шығарып, Шоқанның жүріп өткен жолдарымен әр түрлі жастағы туристердің, балалармен жас өспірімдердің қатысуымен танымдық туристік жорықтар, зерттеу экспедициялары ұйымдастыру қажет.

Ғылыми-танымдық, зияраттық және экологиялық туризмді дамытуға мүмкіндік беретін сакральды орындарға халқымыздың қола, сақ-ғұн, түркі дәуірлерінен бергі тарихынан сыр шертетін табиғи ғибадатхана қызметін атқарған ең көне мұралардың қатарына жартастағы суреттер жатады.

Суреттер негізінен судың, желдің, ауа температурасының эрозиялық әрекетіне берік ұсақ кристаллды кара тастардың жылтыр тегіс бетіне сызып салынған. Оларды Жетісу Алатауының орташа биік таулы белдеуіне дейінгі барлық бөліктерінен кездестіруге болады. Талдықорған өңіріндегі туристерді тартуға ең қолайлылары Алматы-Өскемен автомобиль жолына жақын орналасқан Малайсары, Сарыбастау, Лабасы, Баянжүрек, Алмалы сияқты биіктігі 1500-2000 метрден аспайтын қалдық тауларда шоғырланған.

Солардың ішіндегі ең маңыздыларының бірі, Сарқан қаласының шығысында 15-20 шақырым қашықтықтағы Алмалы тауының солтүстік беткейіндегі, теңіз деңгейінен 1300 метр биіктікте орналасқан “Суреттас” кешені. 5000м² аумақты алып жатқан ежелгі мұз басулардың экзорациялық әрекетінен жұмырланған тастарға салынған суреттердің негізгі бөлігін садақ пен аң атып тұрған аңшылардың, ірі қараның, таусшікілердің, қола дәуірінің екі дөңгелекті әскери арбасының, жыртқыш аңдардың арпалысының бейнелері құрайды. Ежелгі Қойлық қаласының орнында қазба жұмыстарын жүргізіп жатқан археолог-ғалымдардың пікіріне сүйенсек, әскери арба қазақ даласында алғаш рет біздің жылсанауымыздан 1500-1200 жыл бұрынғы қола дәуірінде пайда болған. Ғалымдардың ой-пікіріне сәйкес жоғарыда аталған тарихи ескерткіштер, Жетісу өңірі ата-бабаларымыздың бағзы заманнан бергі қонысы болғанын дәлелдейді [3].

Ғылыми-танымдық, зияраттық туризмді дамытуда аласа тауларында жиі кездесетін тастағы суреттердің мән-мағынасы мен салынған уақыты жөнінде жан-жақты тарихи ақпараттар берудің маңызы зор. Бұрын көрмеген өзінс бейтаныс өңірдің бірсейлі тарихи мұраларымен танысу мақсатында келген

туристардың, рухани қажеттілігін өтеуде петроглифтердің салынған уақытын анықтаудың маңызы зор. Археолог ғалымдар тастағы суреттердің салынған уақытын анықтаудың төменде көрсетілген бес тәсілін ұсынады:

1. Сурет салынған тастардың күнге кую қарқындылығына қарап анықтау.
 2. Тастағы бейнелердің бетіне қыналардың өсу жылдамдығына есептеуге негіздеген ғылыми-жаратылыстанулық тәсіл.
 3. Петроглифтерге жақын орналасқан қола, сақ кезеңдерінің қорғандарын қазу барысында табылған қымбат бағалы металдардан жасалған ыдыстағы бедерлі бейнелерді тастарда кескінделген аң-құстармен салыстыру.
 4. Жартастағы суреттерге жақын орналасқан қоныстар мен қорғандардың хронологиясын оқып-үйрену.
 5. Суреттердің тасқа бедерлеп салу тәсілдері мен мақамдарына, сюжетіне талдау жасау тәсілдері.
- Жоғарыда аталған тәсілдердің ішінде соңғы үшеуі қазіргі кезде суреттердің салынған уақытын анықтауға жиі қолданылады.

Мифологиялық өнерге жақын болғандықтан алыстан қарағанда петроглифтердегі бейнелер түкке тұрғысыз болғанымен суреттердің салыну мақамы мен мазмұнын туристерге жан-жақты ашып көрсетудің танымдық маңызы зор. Алмалы тауындағы «Суреттас» кешенімен қатар Талдықорған қаласының маңындағы Бурақай, Ешкіөлмес, Лабасы тауларындағы гранитті алқаптардағы андезитті дайкаларда, ұсақ кристаллды базальтты жартастарда бағзы замандағы адамдардың дүние танымына сай алып күштің, құнарлықтың нышаны болғандықтан жер жыртып жатқан өгіздің, жатқан аңның, бейнелері жиі кездеседі [5].

Баянжүрек, Ешкіөлмес, Алмалы, Матай тауларындағы жартастарға салынған тартымдылығымен ерекшеленетін қола дәуірінің бедерлі бейнелерінің қатарына біздің жыл санауымыздан 2500-3000 жыл бұрын салынған әскери арбаның, антроморфты күн басты адамның, аңдардың суреттері жатады. Жазба дерек көздеріндегі ғалымдардың пікірлеріне сүйенсек қола дәуірінде Жетісу өңірінде мекендеген тайпалар күнді береке мен молшылыққа балап, ақсүйектер мінген қасиетті арбаны кие тұтқан діни сенім-нанымдарын танып білуге жол ашады [1-сурет].

Халықаралық Азия дауысы ән байқауының нышанына айналған Ешкөлмес тауындағы антроморфты күн басты адамды, алғаш египет рельефтерінде пайдаланылғаны жөнінде туристерге қосымша ақпарат беру топ серуеннің танымдық маңызын арттыруға мүмкіндік береді. Оның солтүстік Америкадағы Колумбия үстіртінде, Солтүстік Африка мен Моңғолияда кездесуін қола дәуіріндегі ұлы қоныс аударуларымен байланыстыруға болады.

Баянжүрек тауындағы сақ-скифтер өнерінің негізгі бөлігін хайуанаттардың бір-бірімен арпалысуы, мергенің садақ пен аң атып тұрған сәттері сияқты, қозғалыс үстіндегі бейнелер құрайды. Жартастағы суреттердегі қозғалыс аңдардың ғана емес, сол кезеңдердегі Қапал, Ортакөксу ойыстарында мекендеген тайпалардың тұрмысын, діни сенім-нанымдарын көрсетеді.



Сурет-1. Ешкіөлмес, Алмалы, Баянжүрек, Ұзынқара тауларындағы қола дәуірінің екі аяқты арбасы, қозғалыстағы аң бейнелі және антроморфты суреттері

Талдықорған өңірінде ғана кездесетін суреттердің қатарына мамыражай бейбіт өмірді айғақтайтын аяқтарын бүгіп жатқан құлжаның суретін жатқызуға болады.

Алмалы тауындағы «Суреттас» көшені мен Талдықорған қаласының маңындағы Бурақай, Ешкіөлмес, Лабасы тауларындағы жартастағы суреттерді ғылыми-танымдық және экологиялық туризмді дамыту мақсатында пайдалануға төмендегі факторлар қолайлы әсер етеді:

-біріншіден, аталған ескерткіштердің маңында қола, сак-ғұн дәуірлерінің жақсы сақталған қорғандарының болуы;

-екіншіден, мемлекеттік мәдени мұра бағдарламасына сай, Қойлық қаласы мен Көксеу, Қаратал өзендерінің алабындағы ежелгі қорғандар мен төрткүлдерде кешенді археологиялық қазба жұмыстарының жүргізілуі нәтижесінде халықаралық туризмді дамыту мүмкіндігі бар рухани-материалдық құндылықтардың табылуы;

-үшіншіден, Жоңғар шапқыншылығы мен азамат соғысы болған орындардағы тарихи-мемориалдық ескерткіштерінің болуы;

-төртіншіден, аласа таулардағы гранитті жартастарда ежелгі төрттік мұзбасуларының әсерінен түзіліп, сыртқы күштердің бұзушы әрекетінен өзгеріске ұшыраған табиғат ескерткіштер қорының жеткілікті болуы;

-бесіншіден, Көксеу-Қаратал, Сарқан-Лепсі өзендерінің орта ағысында халықтың жиі қоныстануы мен сол аумақтағы тарихи-мәдени ескерткіштерді ғылыми-танымдық мақсатқа пайдалануға деген сұраныстың болуы [3; 4; 5].

Талдықорған өңірінде зияраттық туризмді дамытуға ең қолайлы сакральды ландшафттардың бірі сак қорғандарының қатарына археолог ғалымдар жақсы зерттеген Алтынөмел ұлттық табиғат бағының аумағындағы Бесшатыр, Көксеу ауданындағы Лабасы тауының етегіндегі Бестөбе, Ақсу ауданы Еңбек, Тарас ауылдарының аралығындағы «Үштөбе» қорғандарын жатқызуға болады. Жоғарыда аталған қорғандардың ішіндегі ең жақсы зерттелгені «Бесшатыр» патша қорғандарының кешені. Олар солтүстіктен оңтүстікке екі, шығыстан батысқа бір шақырым аумақты қамтып шашырай орналасқан. Құрылысының ерекшеліктеріне сай солтүстік және оңтүстік болып екі топқа бөлінеді [4].

Бесшатырдағы туристерді қызықтыратындай мүмкіндігі зор киелі орындардың бірі солтүстік бөлігінде орналасқан “Үлкен” патша қорғаны оның көлденең қимасы 104 метр, орташа биіктігі 15 метр қабырдың үстіне үйілген тастардан тұратын төбенің пішіні трапеция тәрізді. Қорған төбелерді айналдыра шеңбер тәрізді биік тас бағаналармен қоршалған. Археолог-ғалымдардың пікіріне қарағанда, олар отқа табыну салтымен тығыз байланысты. Қабірдің үстіне үйілген төбедегі тау жыныстары бір-бірінен үш қабаттан тұрады. Оның астында Тянь-Шань шыршасынан шауып алынып бірі бірімен қиылыстырып жасалған қабір кешені орналасқан. Ол дәлізден, кіре беріс есік алды бөлмесінен және жерлеу камерасынан тұрады. Мүрдеге жатқызылатын жерлеу камерасының биіктігі 4 метрге жететін бұрыштары кеңістіктің негізгі бағыттарына бағытталған төртбұрышты. Бөлмелерінің керегелері екі қатар Тянь-Шань шыршасынан жасалған бөренелермен қиылыстырып қаланып, төбесі бір қабат бөренемен бір бірінше жымдастырылып жабылады. Бөренелер тайып кетпес үшін арасына күл аралас қиыршық тастар салынған. Оларды жерге қазып орнатылған дінгектер ұстап тұрады [5; 6].

Сақатар өлген адамның аяғын созып, басын батысқа қаратып, оң қолын кіндігінің үстіне қойып, сол қолын бір жағына созып жатқызыатын болған. Ер адамдардың бес қаруын түгел асындырып салтанатты киімдерін кигізіп, бас жағына ала тағам салынған қыш құмыра қойып, тіресінде мінген атын, сойыс малы ретінде қойды да қоса жерлеген.

Жерлеу рәсімі аяқталған соң дәліздер төбесіне дейін тастармен толтырылатын болған. Содан соң қабір кешенінің төбесіне жерден 5-10 метр биікке көтеріліп тұратын қиыршық тас, саз бен тастар үйілген.

Ғылыми жазба деректерге қарағанда су өткізбейтін сазды жыныс пен тастардың қалың қабаты қабір кешенінің ішіндегі микроклиматы бірқалыпты сақтап ағаштың шіріп, дененің бұзылуына ұзақ уақыт жол бермейді. Сак қорғандарынан табылған қымбат бағалы металдардан жасалған аң бейнелі бұйымдар олардың металл балқытудың қыр-сырын жетік меңгерген хас шебер болғандарын аңғартады. Айтар ойымызды Көксеу өзенінің аңғарындағы Жақсылық қонысынан табылған қола дәуірінің металл балқытатын пешінің табылуы дәлел болады. Жоғрыда аталған ерекшеліктер Қазақстан аумағындағы барлық сак қорғандарына тән болатындықтан тәжірибелі таныстырушы шетелдік және отандық саяхатшыларға еліміздің көне тарихымен жан-жақты түсінік беру арқылы зияраттық туризмнің ғылыми-танымдық мәнін арттырады [6].

Қорытынды. Жинақталған мәліметтерге жасалған талдаула Ә.Х. Марғұлан атындағы археология

институтының ғалымдары 1960-1990 жылдардың аралығында Талдықорған өңіріндегі қола, сақ кезеңдерінің қорғандарының толық тізімін жасап, картаға түсіргенімен оларды халқымыздың өткен тарихынан сыр шертетін рухани-материалдық мұра ретінде ғылыми-танымдық зияраттық туризмді дамыту мақсатында пайдалануға төменде көрсетілген бірқатар объективті факторлар кедергі келтіруде деген қорытынды шығаруға мүмкіндік берді:

-бірегей тарихи археологиялық ескерткіш болып табылатын Сақ қорғандарында кешенді қазба жұмыстар жүргізіліп болған соң оларды алғашқы қалпына келтіріп, ашық аспан астындағы тарихи-этнографиялық қорық-баққа айналдыру шараларына қажетті қаржының бөлінбеуі;

-шетелдік және отандық туристердің талғамдарына сай келетіндей жол қатынасының жәнеде басқа инфрақұрылымдардың қалыптаспауы;

-туристерге қола, сақ кезеңдеріндегі халықтың мәдениеті мен тұрмыс салты жөнінде жан-жақты түсінік беретін мамандардың жетіспеуімен қатар арнайы соқпақтар мен бағыттардың жасалмауы.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының негізгі тұжырымдарын жүзеге асыру үшін, Талдықорған өңіріндегі киелі орындарға жататын мәдени мұра нысандарын, жас ұрпақты отан сүйіштілік рухта тәрбиелеу, халықты біріктіруде береке-бірлікті, ұлт аралық ынтымақтастықты сақтауда ерекше орын алатын маңызды нысандар ретінде, еліміздің егемендігін сақтауда маңызды орын алатын сакральды нысандар ретінде ерекше қорғауға алу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Шаблий О.П. Сакральная география: становление и проблемы развития / О.П. Шаблий, А.Н. Висытак // Проблемы территориальной организации общества: тезисы докл. науч. конф. Пермь, 1993. С.27-28.

2 Акишев К.А., Кузнецов Г.А. Древняя культура саков и уйсунлов долины реки Или. – Алма-Ата: Изд-во АН Каз ССР, 1959. С.89-95.

3 Байпақов К.М. Средневековая городская культура Семиречья. – Алма-Ата: Наука, 1985. 210 с.

4 Байпақов К.М., Таймағамбетов Ж.Қ., Жұмағамбетов Т. Қазақстан археологиясы. Алматы: Қазақ университеті, 2006. С.188-211.

5 Жолдасбаев С.Ж. Археологические памятники Казахстана. Алматы: Ғылым, 1978. 210 с.

6 Самашев З.С. Жетісу жеріндегі тастағы таңбалар // Қазақ тарихы. 2006. №2. Б.17-20.

ОХЖ 911.3:61

ИТАМР 39.25.15.

С.Қ. Алышынбеков¹, Ж.Ж. Төкенова²

¹п.ғ.к., аға оқытушы,

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

Алматы қ., Қазақстан

²магистрант,

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН АГРОТУРИЗМІНІҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ НЕГІЗІНДЕГІ ДАМУЫ

Аңдатпа

Мақалада ел экономикасының жоғары қарқынмен дамуына кен көлемде үлес қосатын негізгі салалардың бірі ауылшаруашылығы екені көрсетілген. Еліміздің тамаша әрі бай тарихи аймақтары, қайталанбас тарихи ескерткіштері, мәдениеті, ауылдық елді мекендердегі табиғи өнімдер, саяси тұрақтылық – барлығы да агротуризмнің және туристік индустрияның бірқалыпты және интенсивті дамуына жол ашатындығы белгілі. Аталып отырған салалар жергілікті халықты азық-түлікпен, өндіріс саласын шикізатпен, ауыл адамдарын жұмыспен қамтамасыз етеді. Қазіргі таңда бұл салалар экономикалық құбылыс ретінде индустриалды нысанға айналып, ұлттық экономиканың дамуының катализаторы болып табылатындығы айтылған. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай туризм индустриясы негізінен табыс табудың жоғары деңгейімен және оған салынған инвестицияның тез қайтарымдылығымен сипатталатындығы көрсетілген.

Түйін сөздер: ауыл шаруашылығы, туристік индустрия, экономика, агротуризм, туризм, инвестиция

С.К. Алишынбеков¹, Ж.Ж. Токенова²

*¹к.п.н., старший преподаватель,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

*²магистрант,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

РАЗВИТИЕ КАЗАХСТАНСКОГО АГРОТУРИЗМА НА ОСНОВЕ ЗАРУБЕЖНОГО ОПЫТА

Аннотация

В статье показано, что сельское хозяйство является одним из ключевых секторов, которые способствуют быстрому росту экономики страны. Хорошо известно, что чудесные и богатые исторические регионы страны, уникальные исторические памятники, культура, природные продукты в сельской местности, политическая стабильность – все это способствует плавному и интенсивному развитию агротуризма и индустрии туризма. Эти отрасли предоставляют местным жителям продовольствие, сырье для производства. В настоящее время эти отрасли промышленности становятся промышленным символом и катализатором развития национальной экономики. Мировой опыт показывает, что индустрия туризма характеризуется главным образом высоким уровнем доходов и быстрой отдачей от инвестиций.

Ключевые слова: сельское хозяйство, индустрия туризма, экономика, агротуризм, туризм, инвестиции

S.K. Alshynbekov¹, Zh.Zh. Tokenova²

*¹senior lecturer,
Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

*²master student,
Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

DEVELOPMENT OF KAZAKHSTAN AGRITOURISM ON THE BASIS OF FOREIGN EXPERIENCE

Abstract

The article shows that agriculture is one of the key sectors that contribute to the rapid growth of the country's economy. It is well known that the wonderful and rich historical regions of the country, unique historical monuments, culture, natural products in the countryside, political stability all contribute to the smooth and intensive development of agro tourism and the tourism industry. These industries provide local people with food, raw materials for production. Currently, these industries are becoming an industrial symbol as an economic phenomenon and a catalyst for the development of the national economy. World experience shows that the tourism industry is characterized mainly by high incomes and quick return on investment.

Keywords: agricultural production, tourism industry, economy, agritourism, tourism, investment

Қазақстанның барлық өңірлері үшін неғұрлым тартымды тур өнімдердің біріне экологиялық туризмді жатқызуға болады. Оның ішінде Еуропа мемлекеттерінде етек жайған агротуризмді айтпақпыз. Агротуризм ауылдық жерлерде ұйымдастырылуды талап етеді. Сондықтан да, еліміздің туристік мүмкіндігі бар ауылдық өңірлердің туристік ресурстарының тиімділігін арттырудың қолайлы жолы – өлкемізде агротуризмді дамыту. Агротуризм ауылдық жердің туристік тиімділігін арттырумен қоса, ауылды дамытып, оның әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға үлкен септігін тигізеді. Ол дегеніміз: халықтың экономикалық әл-ауқатын көтеру, жергілікті халықты жұмыспен қамтамасыз ету, табиғи, тарихи, мәдени мұра біртұтастығын сақтап қату, елімізге деген шет елдік және отандық туристердің қызығушылығын ояту, өңірдің туристік имиджін қалыптастыру сияқты бірқатар мәселелерді шешудің тиімді жолы бола алады. Өлемдік тәжірибеде агротуризмді дамытудың өзіндік жолдарын қалыптастыру ақылы, бүгінгі күні үлкен жетістікке жетіп отыр.

Сондықтан да мемлекетіміздің ауылдық аймақтарының жағдайын жақсартудың, әрі экономика жағынан тиімді шағын туристік орталық ретінде маңыздылығын арттырудың негізгі жолы – агротуризмді дамытуда шетелдік тәжірибеге сүйеніп, өз республикамыз ішінде рационалды түрде қолдану [1].

Агротуризм – жеке меншік сектор негізінде (ауылдық үй) құрылатын фермерлік шаруашылық аясында ұйымдастырылған экологиялық туризм түрі ретінде танылатын демалыс. Ол өзінің ауылдық жердегі жеке меншік баспанасы негізінде туристерді қабылдаушы отбасының орналастыру, тамақтандыру, ойын-сауық, көңіл көтеру сияқты қызметтерді көрсетуді түрде ұйымдастыру арқылы ерекшеленеді. Ауылдық аймақтарды жандандыру мен ауылдағы жұмыссыздық мәселені шешудің негізгі жолы ретінде, қазіргі таңда қала халқының сұранысына ие болып отырған ауылдық туризмді дамыту жолдарына ерекше мән беру қажет.

Ауылдық туризмнің таралуының географиясы, урбанизацияның жоғары деңгейімен сипатталатын Батыс Еуропа мен Солтүстік Америка мемлекеттерінен бастау алады. Ең алдымен өз территориясындағы табиғи объектілерге деген сұраныс пен қызығушылықтың артуы, осы елдердегі ішкі туризмнің дамуының алғышарты болды. Сонымен қоса экологиялық мәдениеттің жоғары деңгейімен ұштаса отырып, агротуризмді аса танымал туризм түрі ретінде қалыптастырды. Табиғат аясында тынығудан бастап, белсенді демалысқа дейінгі кең мүмкіндіктерді ашатындықтан, балалар тарапынан да ерекше сұранысқа ие болды. Бүгінгі күні агротуризм Еуропа мемлекетінде кеңінен таралған құбылыс. Әсіресе, жыл сайын Италия, Испания, Франция бірнеше миллион агротуристерді қабылдайды. Ресей мен Беларусь да агротуризм сынды табысты әрі пайдалы туризм түріне ерекше көңіл бөлуде. Агротуризмге деген сұраныстың көрінісі – шетелдің бірқатар мемлекеттерінде қала халқының фермерлік шаруашылық бойынша экскурсия құру үшін көптеген қаражат жұмсауға дайын екендігін көрсетеді. Оған дәлел, Вашингтон маңындағы фермалардың біріне жыл сайын 8 мың туристің (оның ішінде Оңтүстік Африка мен Жаңа Зеландия мемлекеттерінен) келетіндігін мысал етуге болады. Бұндай туристер жер өңдеу, мал бағу мен егін жинау істеріне тікелей өздері қызыға қатысып, экзотикаға бір мың доллар шамасында, тіпті одан да көп қаражат төлеуге дайын екен [2]. АҚШ-тың заманауи ранчолары фермерлік шаруашылық бойынша мастер-класс өткізумен шектелмей, туристерге табиғи азық-түлік өнімдерінен түрлі тағам әзірлеу шеберліктерімен де бөліседі.

Ал өзіміздің қазақ ауылдарында бір киіз үйді тігіп жіберіп, балдай қымыз сапырып, бауырсақ пен қазы-карта ұсынып, күбі ыстау, май шайқау, қымыз пісу сынды дала дәстүрінің салтын көрсететін керемет мастер-класс өткізуге болатын еді.

Одан бөлек атбегілік, құсбегілік өнерді алсақ, қазақтың қара домбырасын күмбірлетіп, қоңыр әнін әуелетіп арнаулы бағдарламалар ұйымдастырып, шетелдік туристерге экзотикаға, отандық туристерге қызыққа толы демалысқа үлкен сұранысын қанағаттандыратын агротур өнімді жасап шығаруға кең көлемді мүмкіндігіміз жетерлік. Бұның бәрі де көп қаражатты қажет етпейді. Ауылдың қарапайым күйбең тірлігінде күнделікті жүріп жатқан тыныс-тіршілік әрекетін әдемі етіп, әсерлі етіп ұсыну ғана. Ал экзотиканы қалайтындар, жаңалыққа әуес туристер бұндайға аса құштар және оған көп ақша жұмсауға дайын.

Бүгінгі күні агротуризм пайда табудың негізгі көзі болып қана қоймай, онымен қоса қосымша жұмыс орнын қалыптастырып, тиімді үрдіс ретінде танылып отыр. Сондықтан, ол қазіргі кезде қай жағынан да тиімді әрі жаңа беталыс ретінде әлемнің көптеген елдерінде үлкен қолдауға ие болып отыр. Литвада агротуризм саласына жұмылдырылған 700, Польшада 18 мың, Беларусьта 80 «агроусальба» бар. Польша өз кезегінде 18 жылдан астам уақыт бойы агротуризмді экономиканың тиімді де қарқынды саласы ретінде дамытып келеді. Еуропа мемлекеттеріндегі ауылдық туризмнің көшбасшысы Италия болып келеді. 10 мыңнан аса агротуристік қызметтерді ұсынатын шаруашылығы бар Италияда 1999 жылдың өзінде-ақ туризмнің осы түрінен түскен табыс 450 млн. АҚШ долларын құраған болатын. 1995 жылдың 5 желтоқсанында Италияда агротуризмді ұлттық экономиканың маңызды секторы ретінде дамыту туралы заң қабылданды. Бүгін де Италия жыл сайын 2 млн. аса агротуристерді қабылдайды екен. Басында италияндық өкімет агротуристерді орналастыру қызметін көп инвестициялар құймай-ақ, жергілікті ауылдың қаржылық-экономикалық жағдайын біршама көтеруге мүмкіндік беретін фермерлердің қосымша қызметі ретінде ғана қарастырған болатын. Кейін, бұл туристік өнімге ерекше сұраныс болып, бүгінгі күні көптеген ауыл тұрғындары үшін қосымша емес, негізгі қызмет түріне айналып отырған агротуризм тұжырымдамасын тұтастай өзгертті. Агротуризм негізінен Италия елінің Солтүстігі мен Орталығында таралған. Басты көшбасшылары – Тоскана мен Трентино – Оңтүстік Тироль [3]. Агротуризмнің сәтті дамуы ең алдымен бұл өңірдің туристік инфрақұрылымы мен тарихи орталығы ретінде танымал болуына байланысты

болды. Ол факторларға қоса табиғат көркін, тарихи-мәдени және табиғи құндылықтардың бай қоры мен жергілікті жердің атақты ас әзірлеу дәстүрін алсақ болады.

Ал біздің құндылықтар бұдан асып түспесе, әсте кем емес. Негізінде Қазақстан Республикасында агротуризмді дамымаған сала ретінде қарастырады. Әлемі жерлерде орналасқан ауылдық аймақтардың көбісі агротуризмді оның ішінде ауылдық туризмді дамытуға қажетті барлық табиғи, тарихи, мәдени ресурстарға ие. Алайда сол ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін агротуризм инфрақұрылымы жоқ. Сондықтан да шетелдік тәжірибені тиімді қолдану жеріміздің болашағы үшін аса маңызды.

Елбасымыздың Қазақстан халқына жасаған 2014 жылғы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында айтып кеткендей: «Болашақ – аграрлық секторда, әсіресе, шағын және орта бизнес түріндегі жаңа өңдеу кәсіпорындары желісін құруда. Жаһандық ауыл шаруашылығы өндірісінде бәсеке өсе беретін болады. Жермен жұмыс істейтіндер, ең алдымен, жаңа технологияларды енгізіп, өнімділікті үздіксіз арттыратындар, жұмысын әлемдік стандарттар негізінде жүргізетіндер болуы керек... Біз аграрлық ғылымды дамытып, сынақтық аграрлық-инновациялық кластерлер құруымыз қажет» – деп нақты атап өтті [4].

Болашақта агротуризмнің әлеуетті тұтынушылары орта тап болмақ деген болжам бар. Агротуризм арнайы демалыстың түрі ретінде орын ауыстыру, ойын-сауық көңіл көтеру іс-шарасы мен экскурсиялық бағдарламаның ұйымдастырылуын қарастырады. Агротуризмнің тұтынушылары немесе мақсатты топтар ретінде келесідей туристер санатын қарастыруға болады: -жастар; - балалы отбасылар; - спорт сүйер қауым (атқа міну, альпинизм, спелеотуризм, т.б); - қарт адамдар.

Ауылға жан бітіріп, оны туристік орталық ретінде қалыптастыру арқылы жағдайын жақсарту үшін, туристік әлеуеті бар ауылдық өңірде агротуризм сияқы шығынды көп талап етпейтін, оған қоса ауылдың экономикалық ахуалын түзейтін, тиімділігі жоғары туризм түрін дамыту пайдалы да уақыт талабына сай бетбұрыс болар еді.

Агротуризм арқылы ауыл халқын қосалқы жұмыспен қамтудың ұйытқысы ретінде ғана емес, елдің «жасыл» экономика қағидаттарына көшуін ескере отырып, экологиялық «таза» ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуды да қамти алады. Агротуризм қоршаған ортаны қорғау процесіне табиғатқа ұқыпты қарау экономикалық тиімді болатын жергілікті халықты тартуға жәрдемдесетін қуатты құрал болып табылады [5].

Қонақ үй желілерін жасау мәдениеттің сақталуына, ауылдық жерлерде қолөнер кәсіпшілігін дамытуға, фольклорлық мерекелер мен фестивальдерді ұйымдастыруға ықпалын тигізеді.

Еліміздің кез келген өңірлерінде агротуризмді дамыту перспективалары зор болғандықтан, туризм жөніндегі жергілікті атқарушы органдар қолданыстағыларды жаңғырту, және қажеттілік кезінде жана көлік инфрақұрылымын жасау мен дамыту үшін мемлекеттік қолдау тетіктерін айқындауы қажет. Өдістемелік құралдарды әзірлеуді, қонақ үйлер ашатын кәсіпкерлерге консультативтік көмек көрсетуді, жергілікті және өңірлік деңгейлерде ақпараттық қолдау және қонақ үйлерді ілгерілету үшін пәрменді құралды айқындауды қамтамасыз етуі қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.О. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» // Егемен Қазақстан. 2012.

2 Темирбулатова М.А. Теория и практика агротуризма: польский опыт Kalpana Agrawal, Harshii Baranawal. Environmental sustainability of ecotourism // The International Journal's, Research Journal of Economics & Business Studies. 2012. Vol.01(9). P.1-7.

3 Официальная информация Ассоциации экологического туризма [Электрон. ресурс]. URL: http://www.ecotourism-russia.ru/eshche_одна_vnutrennjaja_geografija_ekoturizma.html.

4 2014 жылғы Қазақстан Республикасының Президенті Елбасы Н.О. Назарбаевтың «Қазақстан жолы 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. 2014.

5 Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының 2014-2020 жылдарға арналған түжырылымдамасы. Астана, 2014.

Қ.М. Баймырзаев¹, Е.А. Тоқпанов², А.Т. Қыдырбаева³

¹д.ғ.п., ректор Жетісуського государственного университета имени И.Жансугурова

*²к.ғ.п., доцент кафедры географии и экологии,
Жетісуський государственный университет имени И.Жансугурова*

*³магистр кафедры географии и экологии,
Жетісуський государственный университет имени И.Жансугурова*

ИССЛЕДОВАНИЕ ГИДРОМИНЕРАЛЬНЫХ РЕСУРСОВ ОЗЕРА РАЙ ДЛЯ РАЗВИТИЯ ЛЕЧЕБНО-ОЗДОРОВИТЕЛЬНОГО ТУРИЗМА

Аннотация

В Балхашской впадине расположен уникальный природный объект Казахстана – озеро Рай. Особое место занимают гидроминеральные ресурсы озера, которые целесообразно использовать для развития лечебно-оздоровительного туризма и отдыха.

В статье представлены результаты исследования физико-химического состава воды и лечебных грязей озера Рай. До последнего времени в научных исследованиях и проектных проработках не получены достаточно данных бальнеологического свойства воды и рапы озера Рай.

Ключевые слова: озеро Рай, пелоид, рапа, бальнеология, микроэлементы, рекреация, лечебно-оздоровительный туризм

Қ.М. Баймырзаев¹, Е.А. Тоқпанов², А.Т. Қыдырбаева³

*¹д.ғ.д., профессор, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ректоры,
ysabaeva.samal@mail.ru, 87758288839,
Талдықорған қ., Қазақстан*

*²д.ғ.к., доцент, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,
tokpanov1960@mail.ru, 8707 24 91 21,
Талдықорған қ., Қазақстан*

*³география ғылымдарының магистры, аға оқытушы, І.Жансүгіров атындағы
Жетісу мемлекеттік университеті, atiar_1089@mail.ru, 8778 345 19 02,
Талдықорған қ., Қазақстан*

ЕМДІК-САУЫҚТАНДЫРУ ТУРИЗМДІ ДАМУҒА ҮШІН РАЙ КӨЛІНІҢ ГИДРОМИНЕРАЛДЫ РЕСУРСТАРЫН ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа

Балқаш ойпатында Қазақстанның бірегей табиғи объектісі – Рай көлі орналасқан. Көлдің гидроминералды ресурстарын тікелей емдік-сауықтандыру туризмі мен демалыс орындарын дамыту үшін қолдану ерекше орын алады.

Мақалада Рай көлі суының және емдік балшығының құрамы мен физика-химиялық зерттеу нәтижелері келтірілген. Соңғы уақытқа дейін ғылыми деректер мен жобалық зерттеулерде Рай көлі суының бальнеологиялық қасиеттері туралы жеткілікті деректер алынған жоқ.

Түйін сөздер: көлдің жағасы, пелоид, бальнеология, микроэлементтер, демалыс, емдік-сауықтандыру туризмі

К. Баймырзаев¹, Е. Токпанов², А.Т. Қыдырбаева³

*¹Doctor of geographical sciences, professor,
rector of Zhetysu State University named after I.Zhansugurov*

*²c.g.s., associate professor of the Department of Geography and Ecology,
Zhetysu State University named after I.Zhansugurov*

*³Senior lecturer, master of geography,
Zhetysu State University named after I.Zhansugurov*

INVESTIGATION OF HYDROMINERAL RESOURCES OF LAKE RAI FOR DEVELOPMENT MEDICAL AND HEALTH TOURISM

Abstract

In the Balkhash basin there is a unique natural object of Kazakhstan – Lake Rai. A special place is occupied by the hydromineral resources of the lake, which it is advisable to use for the development of medical and health tourism and recreation.

The paper presents the results of a study of the physicochemical composition of water and therapeutic mud of Lake Rai. Until recently, scientific data and design studies have not received enough data on the balneological properties of water and the brine of the Rai lake.

Keywords: Lake Rai, peloid, brine, balneology, microelements, recreation, health-improving tourism

Введение. Озеро Рай расположен на высоте 351 метров над уровнем моря в нижнем течении реки Аксу на юго-востоке Республики Казахстан. Географические координаты 46°04'51"северной широты, 78°04'40" восточной долготы.

Площадь зеркальной поверхности 1,5 км², длина 400 м, ширина 150 м, длина береговой линии 1150 м [1; 2]. Средняя глубина 2,6 метра.

В ходе экспедиционных исследований и анализа проб воды пришли к выводу, что озеро образовалось в результате поднятия сильноминерализованных подземных вод.

В научных исследованиях и проектных проработках по изучению формирования, режима питания воды и лечебных грязей озера в условиях аридного климата не получили достаточного развития, а так же оценки пригодности использования пеллоидов для развития лечебно-оздоровительного туризма и отдыха.

Отсутствие в литературе единого подхода к решению процессов осадкообразования в континентальных водосмах явилось причиной того, что с летнего периода 2012 г. начата работа по физико-химическому исследованию воды и лечебных грязей озера Рай. Изучение физико-химического исследования воды и лечебных грязей тесно связана с проблемой установления необходимости определения степени их пригодности для развития лечебно-оздоровительного туризма и отдыха.

В результате физико-химического исследования рекреационной оценки воды и лечебных грязей озера Рай определены:

1. Органолептические показатели заявленного образца грязи (цвет, запах, консистенция, структура).
2. Физико-химические показатели заявленного образца воды.
3. Санитарно-микробиологические показатели заявленного образца грязи.

Выявлено, что такие загрязняющие вещества, детергенты, тяжелые металлы присутствуют в пеллоиде не превышающих установленные нормы. Состояние грязеобразующего водоема по этим показателям можно охарактеризовать как экологически чистое. В этой связи актуально изучение процессов формирования, режима питания воды и лечебных грязей озера, их значение для развития лечебно-оздоровительного туризма.

Материалы и методы исследования. В период 2012-2015 гг. с озера Рай, расположенного в Балхашской впадине на юго-востоке Республики Казахстан, было отобрано 30 проб воды с разной глубины из 10 пунктов, стоящих друг от друга на расстоянии 120 метров. Отобрано 13 проб и лечебных грязей.

Аналитическая работа проводилась в Национальной научной лаборатории акционерного общества «Центр наук о Земле, металлургии и обогащения» Комитета науки министерства образования и науки Республики Казахстан.

Для получения анализов проб использовали атомно-абсорбционный спектрометр «Хитачи», модель 180-50 (Япония); - пламенный фотометр PFP7 (Великобритания); - оптический эмиссионный спектрометр с индуктивно-связанной плазмой Optima 2000 DV (США). Автоклав электрический по ГОСТ 9586-61, микроскоп биологический по ГОСТ 8284-78 марки LeicaDMLS с цифровой видеокамерой LeicaDC 300F.

Экспериментальная часть. За счет испарения воды летом уровень озера понижается на 0,5-0,8 м. Однако оно не пересыхает благодаря питанием подземными водами. Этим же объясняется сходство химического состава морских и озерных вод, которые относятся к одному типу хлоридно-натриевых-сульфатных вод. В отличие от морской, вода озера Рай более минерализована. В летние месяцы при усиленном испарении воды ее общая минерализация достигает 140 г/л.

Название озера связано с именем человека, жившего в этой местности в середине XX века, лечивший раненных солдат во времена великой отечественной войны 1941-1945 годов. На берегу озера в результате испарения воды в летний период образуются солончаки, насыщенные разными химическими элементами, полезными для здоровья человека.

Физико-химический состав воды и лечебные грязи озера Рай богаты разными микроэлементами, полезными для организма человека. Это даст возможность для развития лечебно-оздоровительного туризма на берегу данного озера. Исследование физико-химических характеристик воды и лечебных грязей является актуальным, и даст научную обоснованность при построении сезонных здравниц специализирующихся на гелиотерапии, талассотерапии, климатотерапии, грязелечении и на развитие лечебно-оздоровительной рекреации.

Основными факторами пелоидообразования в озере Рай являются: минеральный субстрат, идущий на построение грязи, качество и количество органического вещества, участвующего в грязеобразовании, жидкая среда, в которой происходят грязеобразовательные процессы и микробы, вызывающие эти процессы.

Минерализация воды в озере оказывает определенное влияние на интенсивность грязеобразовательных процессов. Их скорость замедляется как в водах с весьма высокой соленостью.

Важным фактором является и термический режим водоема, условия питания, адсорбция. Способность донных глинистых отложений адсорбировать бактерии усиливает интенсивность грязеобразования.

Экспедиционные исследования в целях изучения пригодности воды и лечебных грязей для развития лечебно-оздоровительного туризма и отдыха проведенных в 2010-2015 годах показали, что на химический и минеральный состав воды озера Рай влияет безсточность и неглубокость природного водоема, активное испарение воды в летний период (таблица 1).

По результатам лабораторного анализа взятых проб вода озера Рай прозрачная, общая жесткость 115 моль, рН западной части 8,95, восточной части 9. В составе воды есть сульфаты (32,557 г/л), хлориды (5,63 г/л), гидрокарбонаты (2,64 г/л), бромиды (0,031 г/л), магния (0,559 г/л), больше чем кальция (0,016 г/л). Общая минерализация 139,72 г/л. Концентрация магния, хлорида, гидрокарбоната и кальция в составе воды соответствует предельным нормам (таблица 1). По результатам спектрального анализа и гидрологических исследований соленость воды озера Рай 139-140‰. Поэтому озеро относится к минеральным озерам. На минерализацию воды озера влияет питание грунтовыми водами, большая испаряемость в летний период [3; 4].

Лабораторный анализ взятых проб воды данного озера показал, что вода по составу относится к сульфатно-хлоридно-натриевым водам и соответствует санитарно-эпидемиологическим требованиям постановления Правительства Республики Казахстан от 18 января 2012 года №104. Поэтому воду данного озера можно использовать для развития лечебно-оздоровительного туризма и отдыха.

Таблица-1. Результаты спектрального анализа воды озера Рай

Химические элементы в составе воды	Растворенные химические элементы, г/л
аммиак	0,00036
хлорид	45,631
кальций	0,016
фториды	0,00338
магний	0,559
нитриты	0,0021
карбонаты	2,64

гидрокарбонаты	3,5757
сульфаты	32,537
фосфаты	0,0001
железо	0,0001
свинец	0,0013
натрий	54,63
калий	0,102
иодиты	0,00055
бромиты	0,03096
бор	0,009,
общая минерализация	139,72

В составе пробы воды озера Рай найдено 13 химических элементов таблицы Менделеева. Среди них преобладают натрий (54630,1 мг/л), магний (559,4 мг/л), калий (102,0 мг/л), хлориды (45631,2 мг/л), гидрокарбонаты (3575,7 мг/л), карбонаты (2640,0 мг/л), сульфаты (32537,0 мг/л) [5; 6].

Проведенный сравнительный анализ данных лабораторного исследования пробы воды в разных сезонах года показали разницу найденных катионов и анионов западной и восточной части озера Рай (таблица 2 и 3).

Таблица-2. Результаты спектрального анализа воды восточной части озера Рай

Найденные катионы				Найденные анионы			
компоненты	мг/дм ³	мг-экв/ дм ³	мг-экв/ дм ³ /%	компоненты	мг/дм ³	мг- экв дм ³	мг-экв дм ³ /%
натрий	54630,1	2375,22	98,0	карбонаты	2640,0	88,0	3,6
калий	102,0	2,62	0,1	Гидрокарбонаты	3575,7	58,6	2,4
кальций	16,0	0,80	0,0	хлориды	45631,2	1600,0	66,0
магний	559,4	46,00	1,9	сульфаты	32537,0	677,43	27,9
аммоний	0,2	0,01	0,00	фториды	4,35	0,23	0,01
Железо (+3)	0,1	0,01	0,0	иодиты	0,55	0,004	0,000
				бромиты	30,96	0,39	0,02
				бор	9,00		

По результатам анализа химического состава в восточной части озера по сравнению с западной частью Na больше на 7571,6 мг/л (13,85%); магния 4,9 мг/л (0,87%); хлорида 423, 5 мг/л (0,92%); сульфата 218,2 мг/л (0,67%) больше, а калия меньше на 29,5 мг/л (22,43 %), карбонаты 12 мг/л (0,45 %); бромиды 8,53 мг/л (8,67 %) (таблица 2 и 3).

Таблица-3. Результаты спектрального анализа воды западной части озера Рай

Найденные катионы				Найденные анионы			
компоненты	мг/дм ³	мг- экв дм ³	мг- экв дм ³ /%	компоненты	мг/дм ³	мг- экв дм ³	мг-экв дм ³ /%
натрий	47058,5	2046,02	97,6	карбонаты	2652,0	88,4	4,2
калий	131,5	3,37	0,2	Гидрокарбонаты	3563,5	58,4	2,8
кальций	8,0	0,40	0,0	хлориды	45207,7	1275,0	60,8
магний	554,5	45,60	2,2	сульфаты	32318,8	672,89	32,1
аммоний	0,2	0,01	0,00	фториды	4,06	0,21	0,01
Железо (+2)	-	-	-	иодиты	1,47	0,012	0,001
Железо (+3)	0,1	0,01	0,0	бромиды	39,53	0,49	0,02
				бор	9,00		

Анализ таблиц 2, 3 даст возможность сделать вывод, что в составе воды содержание кальция, железа, иода, фтора, брома и бора, концентрации калия, магния, натрия, хлора, сульфата, гидрокарбоната больше. Отсюда можно сделать вывод, что повышенная концентрация солей натрия, калия, других металлов и сульфата повышает лечебные свойства озера. Это позволяет использовать озеро в рекреационных целях для развития лечебно-оздоровительного туризма и отдыха.

По данным спектрального анализа воды восточной части озера Рай pH 8,95 общая минерализация 139,72 г/л; сухой остаток 1486,96 мг/экв/дм³; общая жесткость 46,00 моль; пергаментное окисление –

$$M139,72 \frac{Cl66SO_4 28}{Na98} \text{ pH } 8,95$$

По данным спектрального анализа воды западной части озера Рай pH 8,95 общая минерализация 131,55 г/л; сухой остаток 1233,24; мг/экв/дм³; общая жесткость 46,00 моль; пергаментное окисление –

$$M131,55 \frac{Cl61SO_4 32}{Na98} \text{ pH } 8,95$$

В результате проведенного спектрального анализа проб лечебных грязей найдено 9 химических элементов таблицы Менделеева. Среди них в составе пеллоидов преобладает Cu 4,6 мг/кг; Ni 11,3 мг/кг; Pb 3,036 мг/кг; Cd 0,04 мг/кг; Mn 15,98 мг/кг; As 8,12 мг/кг; Zn 9,7 мг/кг; Cr 0,02 мг/кг.

Лабораторные исследования химического состава воды и лечебных грязей данного озера показали, что многие микроэлементы положительно влияют на организм человека. Это даст возможность развивать лечебно-оздоровительный туризм и отдых на озере Рай [7; 8].

По данным бальнеологических исследований, йод, бром и другие микроэлементы в составе воды и лечебных грязей озера способствуют на очистку органов пищеварения, регулирование работы сердечно-сосудистых и опорно-двигательных систем, лечение щитовидной железы, кожных и гинекологических заболеваний.

Благодаря широкому спектру химических элементов, вода проникает в организм через кожу, попадает в ток крови и оказывает выраженное влияние на организм. Действуя непосредственно на кожу, вызывает ряд нервно-рефлекторных реакций и в целом оказывает омолаживающее воздействие.

Выводы. В составе лечебных грязей озера Рай преобладают ионы магния, кальция, натрия, меди, хрома, марганца. Анализ результатов исследования показал, что физико-химический состав воды и рапы соответствует нормативным санитарно-эпидемиологическим требованиям постановления Правительства Республики Казахстан №104 от 18 января 2012 г., применяемых в санаториях и физиолечениях.

Из проведенного анализа можно сделать вывод, что озеро Рай обладает уникальным разнообразием гидроминеральных рекреационных ресурсов в Республике Казахстан. Но, к сожалению, их применение для рекреационных и лечебно-оздоровительных целей находится не на должном уровне. Поэтому необходимо развитие санаторно-курортной и лечебно-оздоровительной инфраструктуры, а также упорядочивание и повышение эффективности использования рекреационных ресурсов данного озера.

Список использованной литературы:

- 1 Филовец Н.И. Морфометрия озер Талды-Курганской и Алма-Атинской областей. В кн.: География пустынных и горных районов Казахстана. Вып. 15. Алма-Ата: Наука, 1970. С.12-135.
- 2 Филовец Н.И., Омаров Т.Р. Содержание микроэлементов в поверхностных водах Талды-Курганской и Алма-Атинской областей. Алма-Ата: Наука, 1970. 175 с.
- 3 Холенок В.Ф. Природные и лечебные богатства Казахстана. Алма-Ата: Гылым, 1982. С.33-67.
- 4 Dzhelimon M.A., Mazbayev O.B., Asubayev B.K., Yesengabylova A., Tokpanov E.A. Physical And Chemical Microbiological Analysis Of The Therapeutic Mud Of "Kossor" Deposit Of Alakol Lake. LifeSci J 2014;11(5):217-221]. (ISSN:1097-8135).
- 5 Кусков А.С. Курортология и оздоровительный туризм / А.С. Кусков, О.В. Лысикова. – Ростов н/Д: Феникс, 2004. – 317 с.
- 6 Sairan Suraganova, Aiman Yessengabylova, Alken Bissekov, Yernazar Sarbassov, Bigotanov Kaisar. Sanitary and microbiological researches of therapeutic muds of the deposit "Kossor" of the Almaty oblast. Life Sci J 2014;11(9):276-279]. (ISSN:1097-8135).
- 7 Garrett D. Handbook of Lithium and Natural Calcium Chloride. Their Deposits, Processing, Uses and Properties. Elsevier. 2004. – 457 p.
- 8 Myazina N.G. Comparison of hydrogeochemical features lake. Elton and the Dead Sea. // Water management in Russia //2013. Number 1. – P.52-59.

МЕРЕЙТОЙ ИЕЛЕРІН ҚҰТТЫҚТАУ

**профессор ШОҚЫБАЕВ ЖЕҢІС ӘКІМЖАНҰЛЫ – 75 жаста
(биографиялық очерк)**



Саналы ғұмырын ел игілігіне арнап келе жатырған абзал азамат, айтулы тұлға, белгілі ғалым, шәкірттерінің қатары мол, қарымы кең ұстаз, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Жоғарғы Мектебі Ұлттық Ғылым Академиясының толық мүшесі – академик Шоқыбаев Жеңіс Әкімжанұлы биыл мерейлі 75 жаста.

Ж.Ә. Шоқыбаев 1942 жылы Алматы облысы Кеген ауылында дүниеге келген. Оның әкесі Әкімжан Шоқыбаев орысша хат таныған, өте алғыр, сауатты жан болғандықтан комсомол, партияның жауапты қызметтерінде болған. Ол 1943 жылы майданға аттанып, 28-гвардиялық атқыштар дивизиясының 89-гвардиялық атқыштар полкінде рота парторгі қызметін де абыроймен атқарған. 1943 жылдың тамыз айында Белгород қаласын фашистерден азат ету барысында ерлікпен қаза тапты.

Анасы Мәтімхан соғыста құрбан болған ерінің отын өшірмей, төрт баласын жеткізіп, қатарға қосты. Бар күш-қайратын ұрпағының жолына құрбан еткен анасының табандылығы мен төзімділігі Жеңіс ағаның бойына адамгершілік нәрі болып құйылды. Осылайша атадан асыл өсиет арқалап, анадан ізгі қасиетті бойына сіңіріп өскен Жеңіс Әкімжанұлы жастайынан үлкен мақсаттарға ұмтылды, биік армандарға қол созды.

Мектепті ойдағыдай бітірген ол Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің химия факультетіне оқуға қабылданып, 1964 жылы аталмыш оқу орнын аяқтады. Ғылым-білімге деген ерекше ықыласының нәтижесінде С.М. Киров атындағы ҚазМУ-дің аспирантурасында оқиды. Көп ұзамай 1970 жылы химия ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне қол жеткізеді.

Оқытушылық қызметін 1968 жылы Еңбек Қызыл Ту орденді Алматы зооветеринарлық институтында бастайды. Бойындағы терең білім, берік ұстаным, іскерлік қабілет және үлкен азаматтық қасиеттерінің арқасында аталған оқу орнында ассистенттен оқытушы, аға оқытушы, доцент (1977), бейорганикалық және аналитикалық химия кафедрасының меңгерушісі (1983-1996), Қазақ ұлттық аграрлық университеттің химия кафедрасының меңгерушісі (1996-2001) деңгейіне дейін көтерілді. 1994 жылы «Студенттердің кәсіби бағдарын қалыптастырудағы мамандандырылған оқу кітаптарының дидактикалық негіздері» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғап, педагогика ғылымдарының докторы дәрежесін, 1996 жылы ЖАК профессоры атағын алды.

2001-2011 жылдар аралығында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің химия кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды, қазір сол университеттің құрметті кафедра меңгерушісі. Сонымен бірге осы жоғары оқу орнындағы 13.00.02. мамандығы бойынша орта және жоғарғы білім сферасында оқыту және тәрбие теориясы әдістемесінен докторлық диссертациялар қорғайтын диссертациялық Кеңестің (химия, физика, математика) ғалым хатшысы қызметін де абыроймен атқарғанын ғылыми орта жақсы біледі.

Ж.Ә. Шоқыбаев жоғары білікті, бәсекеге қабілетті педагог-мамандар дайындау, үздіксіз білім берудің психологиялық-педагогикалық қағидаттары, химия пәні бойынша орта мектептер мен

жоғарғы оқу орындарына арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін жасау мәселелерімен терең айналысып келеді. Оның қаламынан туған 200-ден аса тағылымы мол ғылыми мақалалар мен монографиялар, оқулықтар мен әдістемелік құралдар өскелең буынның қажетіне әбден жарап отыр.

Жеңіс аға сан мыңдаған шәкіртке білім беріп, артынан ерген ізбасар жастардың ғылыми-педагогикалық бағытын айқындау жолындағы қажырлы жұмысын бір сәтке тоқтатқан емес. Сонын бір дәлелі – 3 педагогика ғылымдарының докторы, 12 педагогика ғылымдарының кандидатын дайындап шығаруы және қазіргі таңда көптеген магистрант-докторанттардың жұмысына жетекшілік жасауы.

Республика бойынша химия пәнінің әдістемелік-педагогикалық негізін қалауда Ж.Шоқыбаевтың алар орны ерекше. Әсіресе химия пәні және оны оқыту әдістемесі бойынша оқулықтар мен оқу құралдары, практикумдар, есептер мен жаттығулар жинағы және тағы басқа әдістемелік құралдары, атап айтқанда: жоғары оқу орындарына түсушілерге арналған «Химия» оқу құралы, «Бейорганикалық химия практикумы», «Химияны оқыту әдістемесі», «Бейорганикалық химияның негіздері және элементтер химиясы», «Орта мектепке арналған қазақша, орысша «Химия» 8, 9, 10, 11 сынып оқулықтары», «Бейорганикалық химияның теориялық негіздері», «Периодты жүйедегі элементтердің химиясы», «Химия есептері мен жаттығулары», «Бейорганикалық және аналитикалық химия», «Аналитикалық химия практикумы», «Жалпы химия практикумы», «Химия тарихы» және тағы басқа көптеген оқулықтары мен оқулықтары жоғары оқу орындары мен мектеп мұғалімдерінің сенімді көмекшісіне айналды. Сонымен қатар, үштілділік бағдарламасы бойынша З.О. Өнербасва және Г.У. Ильясовамен авторлық бірлестікте «Teaching methods on chemistry» оқулығын оқу үрдісіне енгізді.

Жеңіс Әкімжанұлы Шоқыбаевтың қоғам мен мемлекет алдында сіңірген ерен еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Ол ҚазССР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен (1989), Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Құрмет грамотасымен (2002), Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Үздік ұстаз» медалімен және Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің құрмет грамотасымен (2012) және алғыс хатымен (2017) марапатталған.

Жеңіс Әкімжанұлының өмірі мен қызмет жолы – қызығы мен қиындығы қатар жүрген баянды да мағыналы жол. Сол қайраткерлік жолда ағалық мінезден бір ауытқымай, қарапайым мінезімен жан-жағына шуақ шашып, шапағатын төгіп келе жатқан кісілік бейнесі – өскелең ұрпақ үшін тамаша тәлім-тәрбие көзі.

Жеңіс Әкімжанұлы Шоқыбаев бүгінгі таңда да ұлтқа қызмет етудің ғибратты үлгісін көрсетіп, білім беру саласында өнселі қызмет етуде. Оның туған елге ұсынған осындай толағай табыстары бейнетті еңбек жолындағы жетістіктерінің бағамы деп білеміз.

Адам өмірінің асқар биігі – 75 жасқа аяқ басқан көрнекті ғалым, аяулы ұстаз, дарынды жастардың жанашыр қамқоршысы, үлгілі отбасының тірегі Жеңіс Әкімжанұлы Шоқыбаевтың егемен еліміздің рухани мәдениеті, білімі мен ғылымының дамуына қосар сүбелі үлесі мол бола беретініне біздің сеніміміз мол!

Ізгі ниетпен: шәкірті, 3-курс докторанты Ильясова Гүлжасхан Уалибекқызы

КӨРНЕКТІ ҒАЛЫМ, ТАНЫМАЛ ӘДІСКЕР-ҰСТАЗ

ПРОФЕССОР СЕЙІТЖАНОВ ӘЗІМХАН ФАЗЫЛҰЛЫ – 75 ЖАСТА



Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде елу жылдай қызмет істеп келе жатқан профессор Ә.Ф. Сейітжановтың атқарған ерен еңбегін тек өз ісіне деген шынайы берілгендік пен адалдықтың белгісі деуге болады. Тапжылмай бір ұжымда жарты ғасыр бойы абыройлы қызмет істеу үлкен табандылықты, біліктілікті, жастардың болашағына жанашырлықты білдіреді. Елу жыл ішінде аспиранттан – профессор, ассистенттен – кафедра меңгерушісі, декан, сырттай оқу бөлімі және тәрбие істері жөніндегі, оқу-әдістемелік жұмыстары бойынша проректор лауазымдарын талмай ізденіс үстінде атқарды. Сейітжанов Ә.Ф. бар өмірін тек ұстаздық етуге арнаған, әрі педагог мамандар дайындауға ерекше қамқорлық көрсеткен әдіскер-ғалым. Сондықтан да Әзімхан Фазылұлына ұстаздық ету бірінші кезектегі, ең жоғары дәрежедегі мәртебе. Бүгінде «қарт ҚазПИ-дің» түлегі, қазіргі күнге дейін аудиторияға барып білімгерлерге тамаша дәріс беруі үлкен үлгі тұтарлық, өз ісіне шын берілген, мінсіз қызмет жасайтын, зиялы әрі кәсіби маман иесі – **Әзімхан Фазылұлы Сейітжанов 75 жасқа толып отыр.**

Ол 1942 жылы 15 желтоқсанда Жамбыл облысы Талас ауданы Ойық ауылында дүниеге келді. 1959 жылы Ойық орта мектебін медальмен бітірген. 1960 жылы Абай атындағы ҚазПИ-дің (қазіргі ҚазҰПУ-нің) физика-математика факультетіне оқуға түсіп, 1965 жылы оның «физика және химия» мамандығын үздік дипломмен бітірді. Осы оқу орнында ол студент, аспиранттан – профессор, кафедра меңгерушісі (1978-2002 жж.), факультет деканы (2001-2002; 2005-2006 жж.) және проректорға (1991-1996; 2003-2004 жж.) дейінгі өсу жолдарынан өтті. 2006 жылдың қыркүйегінен бүгінгі күнге дейін химия кафедрасының профессоры. Ә.Ф. Сейітжанов осы қызметтерде жүргенде өзінің үлкен ұйымдастырушылық белсенділігінің және ұжыммен жұмыс істей алу қабілетінің арқасында оқу-тәрбие істерінің тиімділігі мен сапасын арттыруға және ғылыми-әдістемелік жұмыстарды жақсартуға көп күш салып, жақсы нәтижелерге жетті.

1965 жылы ол Абай атындағы ҚазПИ-дің химия кафедрасындағы аспирантураға оқуға түсіп, 1972 жылы Д.В. Сокольскийдің жетекшілігімен «Сорбционные и каталитические свойства палладий-никелевых электродов-катализаторов» атты кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шықты. 1977 жылы оған доцент ғылыми атағы берілді, ал 1995 жылы университеттің профессор ғылыми атағы берілді.

Профессор Ә.Ф. Сейітжанов – физикалық және органикалық химия саласында белгілі ғалым, оның ғылыми зерттеу жұмыстары республикамыздан тыс жерлерге де кеңінен танымал. Оның 160-қа жуық ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектері, оқулықтар мен оқу құралдары жарық көрген. Олардың ішінен жоғары оқу орындарына арналып, төл тілімізде жазылған «Органикалық химия» (көлемі 26 б.т.) оқулығын ерекше атауға болады. Бірнеше жыл бойы бұл оқулық жоғары химиялық білім жолында қызмет етуде. Ол тек студенттер арасында ғана емес, аспиранттар мен магистранттар, орта мектеп мұғалімдері және жоғары оқу орындарының оқытушылары үшін де аса қажетті туынды. Сонымен қатар, ол жалпы білім беретін жаратылыстану-математика бағытындағы орта мектептің 11-сыныбына арналған химия оқулығы (орыс және қазақ тілінде) авторларының бірі. Өзінің көп жылдар бойы жинаған тәжірибесіне сүйеніп жазылған автордың оқу-әдістемелік құралдары аса тартымдылығымен студенттердің қызығушылығын тудыру арқылы үлкен сұранысқа ие.

Біздің елдің алғашқы жоғары оқу орнындағы 50 жылға жуық ғылыми-педагогикалық қызметі жолында Әзімхан Фазылұлы, өзінің атаулы мектебі бар көрнекті ғалым және тәлімгер-ұстаз дәрежесіне дейін өсті. Студент жастардың көптеген буындары тамаша дәріскер ретінде қадір тұтады. Оның дәрістері жоғары теориялық және ғылыми-әдістемелік деңгейде өтеді.

Химия кафедрасында оның жетекшілігімен және тікелей қатысуымен ҚР ҰҒА Координациялық (үйлесіруші) жоспарына сәйкес бағытта академиялық институттармен бірлесіп ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Осындай бірлескен жұмыстардың бірі келесі тақырыпта: «Қаңқалы катализаторлардың және платина тобына жататын металдардың ұнтақтарын дайындаудың физико-химиялық негіздері» орындалды. 1980-1990 жылдары жүргізген Ә.Ф. Сейітжановтың зерттеулері шаруашылық келісім шарты бойынша орындалған жұмыстар. Жеке бағыттағы ғылыми тақырыптарды зерттеулерге жас мамандар: аспиранттар, ізденушілер мен магистранттар да ат салысты. Осы зерттеулер негізінде 15-тен астам ғылыми-техникалық есептер құрастырылып және авторлық куәліктер алынды. Аспиранттар мен магистранттардың Ә.Ф. Сейітжановтың жетекшілігімен жүргізген зерттеулері магистрлік және кандидаттық диссертацияларды қорғауға негіз болып қаланды. Сонымен қатар, қазіргі кезде органикалық химия курсына оқу барысында студенттер мен мектеп оқушыларына экологиялық тәрбиені қалыптастыру мәселесімен де айналысады.

Қазақстан мектептері үшін химиядан мұғалім кадрларын даярлаудағы Әзімхан Фазылұлының еңбегі ерен. Оның бұрынғы шәкірт студенттері мектептерде, ғылыми мекемелер мен жоғары оқу орындарында жемісті жұмыс атқаруда. Ә.Ф. Сейітжановтың жетекшілігімен студенттер педагогикалық және өндірістік практикадан өткен. Мұғалімдердің білімін жетілдіру институттары және мектеп ұжымдарымен үзбей байланыс жасауда, мұғалімдер алдында химияны оқыту әдістемелері мен мектеп химиясының көкейкесті теориялық мәселелері бойынша дәрістер оқыған. Оның ғылыми еңбектері мектеп білімі саласында қолданысқа ие. Ол оқу теледидары арқылы оқушылар мен мұғалімдерге арналған хабарламалар даярлаған, бірнеше рет оқушылардың облыстық және қалалық олимпиадаларына қазылар алқасының төрағасы болып қатысты.

Әзімхан Фазылұлы Қазақстан жоғары оқу орындары мен академиялық институттардың әртүрлі семинарлар жұмыстарына қатысу арқылы үнемі өзінің ғылыми-теориялық деңгейін көтеруде. ТМД елдерінің жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтарында тәжірибеден өткен. Халықаралық, бүкілодақтық және республикалық конференцияларда ғылыми баяндамалар жасады. 1993 жылы ұйымдастыру комитетінің шақыруымен Берлинде (ГФР) өткізілген халықаралық конференция жұмысына қатысып, онда «Экологиялық білім және тәрбие» тақырыбында баяндама жасады.

Профессор Ә.Ф. Сейітжанов республика жоғары оқу орындарына ҚР білім және ғылым министрлігі ұсынған «05011200 – Химия» мамандығы бойынша мемлекеттік стандарт пен оқу жоспарының авторы. Ол ғылыми-педагогикалық қызметін үлкен қоғамдық жұмыстармен жақсы ұштастыра білді, факультеттің Ғылыми кеңесінің мүшесі, университет бойынша жемқорлықпен күрес комиссия төрағасының орынбасары, университет оқу-әдістемелік кеңесінің «Оқу-әдістемелік әдебиеттерді жоспарлау, рецензиялау және шығару» секциясының төрағасы болды. Еліміздің педагогикалық жоғары оқу орындарына арналған «Химия ғылымдары» тақырыптық жинағының 15 жылдан астам және Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Жаратылыстану-география» ғылымдары бойынша басылып шығарылатын хабаршысының бас редакторы болған. Ол көп жылдар бойы катализдік химия саласы бойынша жүргізілетін іргелі зерттеулер бағдарламасын бекітетін Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының эксперттік кеңесінің және Республика білім министрлігінің оқу-әдістемелік кеңесінің мүшесі болды.

Оқу-тәрбие және ғылыми-зерттеу жұмыстарындағы жоғары көрсеткіштері үшін Ә.Ф. Сейітжанов бірқатар марапатқа ие болған, атап айтсақ: «Еңбек ардагері» (1990), «Ы.Алтынсарин» (1992) медальдарымен, «ҚазССР халық ағарту ісінің үздігі» (1988), «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» (2008) белгілерімен және Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасымен» (2012), «Қазақстан Конституциясына 20 жыл» мерекелік медалімен (2015), сонымен қатар жоғары мектеп пен ғылыми қызметкерлер кәсіподағының, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Құрмет грамоталарымен марапатталған. Бірақ, Әзімхан Фазылұлының пікірі бойынша, қоғамның, оның ішінде ұжымның, пікірлес әріптестерінің, қайда барса да алдынан қарсы алатын шәкірттерінің шын пейілді құрметінен артық марапат жоқ. Сондықтан да мұндай кәсіби маман-педагогты, көрнекті әдіскер-ғалымды, адамгершілігі мол адамды мақтамауымыз керек, керісінше осындай тұлғаның бар екендігімен мақтануымыз қажет.

Педагогтар жанұясында тәрбиеленген, еңбек жолын мектеп бітірісімен туған ауылында ұжымшар жұмысшысы болып бастаған оның өмірден көрген-түйгені мол. Жан жары – Махсұда Мұхамметжанқызы, алғашында өзімен бірге оқу орнымызда, кейіннен республикалық кәсіподақ саласында қызмет атқарған, қазір құрметті демалыста. Үлкен қызы Лола – қаржыгер, Ұлттық банктің бас маманы қызметінде, күйеу баласы Қалымбасов С.А. – еліміздің көгалдағы хоккейден қыздар құрама

командасының бас бапкері, ҚР еңбегі сіңген спорт шебері. Кенже кызы Раушан – әке жолын қуған жылы жүректі ұстаз, п.ғ.к., ҚР ішкі істер министрлігінің академиясында оқытушылық қызметте болса, ал күйеу баласы Сералиев Ә.Б. – генерал, ҚР Батыс аймақтық ұлттық гвардиясының қолбасшысы. Әзімхан Фазылұлы мен Махсуда жетісудің 5 немересі және 2 шөбересі бар. Аса қадірменді ардагер ұстаз – Әз аға, арқашан да мақсатты үміттеріңіз орындалып, толағай табыстарға жете беріңіз.

Құрметті Әзімхан Фазылұлы, Сіз білімді ұстаз, білікті маман ретінде мыңдаған білімгер жастарды ғылым және білім нәрімен сусындатып, ұлағатты тәлім мен тәрбие берудесіз. Жарты ғасырға жуық өміріңіз өзіңіз түлеп ұшқан оқу орнымен тығыз байланысты өрбуде әрі ол ары қарай жарасымды жалғасын таба берсін. Жоғарыда аталғандардың бәрі бүгінде Сізді үлкен құрметке бөледі. Біз өзіңізді мақтан тұту арқылы кемелді мерейтойыңызбен құттықтай отырып, Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, баянды бақыт пен отбасының берекесі-бірлігін және ары қарай да шығармашылық жетістіктерді тілейміз.

*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Жаратылыстану және география» институты
үжымындағы әріптестеріңіз бен шәкірттеріңіз атынан ізгі ниетпенен тілек білдірушілер:*

Институт директорының орынбасары, профессор, п.ғ.к. Сағындықов А.С.

«Ғылым және туризм» кафедрасының доценті, п.ғ.к. Уәлиев Т.О.

ҰСТАЗ. ҒАЛЫМ. ТҰЛҒА.

ТҰРҒЫМБАЕВА РАУШАН ХАЛДАРБЕКҚЫЗЫ – 70 ЖАСТА



Университетіміздің құрметті оқытушысы, т.ғ.д., доцент Р.Х. Тұрғымбаева мерейлі 70-жасқа толды.

Раушан Халдарбекқызы 1974 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Жаратылыстану және география институты, Химия кафедрасында оқытушылық қызметін атқарып келеді.

Әрі ұстаз, әрі ғалым Р.Х. Тұрғымбаеваның еңбек жолына шолу жасасaq:

- 1966-1971 ж.ж. М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу жұқа химиялық технологиялық университетін (МИТХТ) инженер, химик-технолог мамандығы бойынша үздік дипломмен бітірді;

- 1971-1974 ж.ж. М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің аспирантурасын бітіріп, «Исследование вулканизации эластомеров производными азодикарбоновой кислоты» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғап, химия ғылымдарының кандидаты атағын иеленді;

- 2010 жылы ғылыми еңбек жолын үздіксіз шыңдай отырып, «Оценка загрязнения окружающей среды Жамбылского региона под воздействием техногенной нагрузки и использование отходов производств» атты докторлық диссертациясын қорғап, техника ғылымдарының докторы атанды.

Раушан Халдарбекқызының жетекшілігімен магистрлік диссертациялар қорғалып, олардың жұмыс нәтижелері әр түрлі республикалық байқауларда жүлделі орындарға ие болды.

Р.Х. Тұрғымбаева 25.09.2012-25.09.2013 жылдар аралығында «Болашақ» бағдарламасы бойынша грант ұтып алып, АҚШ-тың Массачусетс Технология Институтында (МИТ) ғылыми іс-тәжірибеден өтіп, алған білім деңгейін жоғары дәрежедегі құндылықта көрсете біліп, микроб, вирустарға қарсы тұрар полимерлі композициялар синтездеді.

Раушан Халдарбекқызы оқу үрdesінде жаңа инновациялық оқу әдістерін пайдаланады. Қайтымды реакциялардың химиялық тепе-теңдік константасын есептеуге компьютерлік бағдарламасын жасап, оны практикалық сабақтарда қолданды. Р.Х. Тұрғымбаева дәрістер мен зертханалық сабақтарды қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде бірдей жоғары дәрежеде өткізіп, өзінің білікті маман екенін көрсете білді.

Ғылыми және ғылыми әдістемелік еңбектері 285-ке жуық және ҚР бойынша авторлық құқық иегері. 2016 жылы «Оценка загрязнения окружающей среды методом математического моделирования» монографиясы, 2017 жылы «Современные нефтехимические технологии» оқу-әдістемелік құралы «Ұлағат» баспасынан жарыққа шықты.

Раушан Халдарбекқызы бірнеше марапаттаулар иесі, атап айтсақ: Нью Йорк ғылым Академиясының мүшесі – 2013 ж; Американың Химия Одағының мүшесі – 2013 ж; «Болашақ» Президент стипендиаты – 2012 ж; Еуропаның көрнекті ғалымы – 2014 ж; Лейбниц медалы – 2014 ж.

Раушан Халдарбекқызының ғылыми зерттеу тақырыбы өндіріс қалдықтарын пайдалана отырып композициялық материалдарды алуға арналған. Мұнайбитумды жыныстар негізінде гидро-

жылуоқшаулағыш жабындылар, жол төсемдерін алу тақырыбына арналған Оқу және Білім Министрлігінің грантымен 2001-2003 жылдары ғылыми проектті орындауға қатысты.

2008 жылы студенттермен белсенді ғылыми жұмыс атқарғаны үшін Алматы қаласы әкімі А.Есімовтің қолынан мақтау қағазын иеленді. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесін дамытуға қосқан зор жеке үлесі үшін Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрі Ж.Тұймбасовтың алғысына ие болды.

Тұрғымбасова Раушан Халдарбекқызы көпшілік құрметіне бөленген, өз саласының білгірі, химия Саласына өлшеусіз зор үлесін қосқан мықты ғалым, мыңдаған шәкірт тәрбиелеген жақсы ұстаз, білім мен ғылым саласын қатар алып келе жатқан биік енесі тұлға. Р.Х. Тұрғымбасова ұстаз ретінде, жеке тұлға ретіндегі өнегелі өмірі, ғылыми еңбектері, ғылым жолында самғау биікке көтерілген осындай тамаша жетістіктері ғылым жолын таңдаған кез келген жас ғалымдар үшін жарқын үлгі бола беретіні анық!

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Жаратылыстану және география институты
Химия кафедрасы ұжымындағы әріптестердің атынан ізгі ниетпен:*

х.г.д., доцент Жақсыбаев М.Ж.